

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕР ЕТУ.
КОНСТРУКЦИЯҒА ӨРТ КЕЗІНДЕ ӘСЕР ЕТУ**

**НАГРУЗКИ И ВОЗДЕЙСТВИЯ.
ВОЗДЕЙСТВИЯ НА КОНСТРУКЦИИ ПРИ
ПОЖАРЕ**

**КР НТҚ 01-01.2.1-2012
НТП РК 01-01.2.1-2012**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ «Алматытехстройэксперт» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 ОРНЫНА:**

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ «Алматытехстройэксперт»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 ВЗАМЕН:**

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
5 ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІКТІ ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ	11
6 ЖЫЛУ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕСЕПКЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛУЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ	13
6.1 Жалпы ережелер	13
6.2 Номиналдық температуралық тәртіптер	15
6.3 Өрттерді модельдеу	18
7 СТАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН МЕХАНИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ	20
7.1 Жалпы талаптар	20
7.2 Әсер етудің бір кезеңділігі	21
7.3 Әсер етудің үйлесімі	22
8 ӨРТТІҢ ПАРАМЕТРЛІК ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ ТӘРТІБІ	23
8.1 Жалпы ережелер	23
8.2 Қыздыру сатысы	24
8.3 Салқындату сатысы	30
8-бөлімге арналған есептеудің мысалы	32
9 СЫРТҚЫ КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА ЖЫЛУЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ – ЕСЕПТЕУДІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ӘДІСІ	39
9.1 Қолдану саласы	39
9.2 Қолдану шарты	39
9.3 Желдің әсер етуі	40
9.4 Өрт пен жалынның сипаттамалары	41
9.5 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті	48
9-бөлімге арналған есептеудің мысалы	48
10 ЛОКАЛДЫҚ ӨРТТЕР	54
10-бөлімге арналған есептеудің мысалдары	58
11 ӨРТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ МОДЕЛЬДЕРІ	69
11.1 Жалпы ережелер	69
11.2 Бір аймақтық модельдер	69
11.3 Екі аймақтық модельдер	71
11.4 Есептейтін гидродинамиканың модельдері (өрістік модельдер – CFD)	72
12 САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ӨРТ ЖҮКТЕМЕСІ	75
12.1 Өрт жүктемесін есептеу жөніндегі жалпы ережелер	75
12.2 Салыстырмалық өрт жүктемесін анықтау бойынша жалпы талаптар	77
12.3 Өрт жүктемесін анықтаудың тәртібі	77
12.4 Қорғалған өрт жүктемесі	78
12.5 Өрттенудің астыңғы жылуы	78
12.6 Үй-жайларды өрт жүктемесі бойынша жіктеу	80

12.7 Салыстырмалық өрт жүктемесін жеке бағалау	80
12.8 Өртенудің сипаттамалары	81
12.9 Жылу ағысының қуаттылығы	81
12-бөлімге арналған есептеудің мысалы	83
13 ӨРТТІҢ ЭКВИВАЛЕНТТІК ҰЗАҚТЫҒЫ	85
13-бөлімге арналған есептеудің мысалы	88
14 СӘУЛЕЛЕНДІРУДІҢ БҰРЫШТЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ	90
14.1 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін анықтаудың жалпы ережелері	90
14.2 Көлеңкелеудің әсері	91
14.3 Сыртқы конструкциялар	92
Есептеудің кешендік мысалдары	94
А ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Салыстырмалық өрт жүктемесі	159
Б ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Кейбір құрылыс материалдарының жылу инерциясын анықтауға арналған жылу физикалық сипаттамалар	173
В ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Жылу ағысының қауіпті тығыздығы	176
БИБЛИОГРАФИЯ	179

КІРІСПЕ

Өңделген құрал 14 бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім логикалық түрде бір-бірімен байланысты және есептеудің мысалдары бар ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 дамыған және қосымша талаптарын ұсынады. Негізгі бөлімдердің қысқаша сипаттамасы:

- ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес өрт кезінде конструкцияларға әсер етуді бағалаудың талаптарын қолданудың ережелері;

- ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 берілген талаптарды дамытатын ережелер, сонымен қатар өрттің параметрлік және локалды температуралық тәртіптерін, сыртқы конструкцияларға жылулық әсер етуді (өрт секциясындағы максималдық температураны, ойықтардан шыққан жалынның өлшемдері мен температураны, сәулелендіру мен конвекция параметрлерін), салыстырмалық өрт жүктемесінің шамаларын, өрттің эквиваленттік ұзақтығын, сондай-ақ сыртқы конструкциялардың тұтану мүмкіндігін бағалау арқылы сәулелендірудің бұрыштық коэффициенттерін есептеудің мысалдары;

- температуралық өрттің параметрлік тәртібін есептеу мен өрттің даму жылдамдығын анықтау бойынша ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 талаптарына қайшы келмейтін қосымша мәліметтер.

Осы нормативтік-техникалық құралды өңдеу кезінде ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 ережелерінен басқа келесі нормативтік құжаттар ескерілді:

- EN 13501-2. Өрт қаупі бойынша құрылыс конструкцияларын, материалдар мен бұйымдарды жіктеу. 2-бөлім. Желдету жүйелерінде қолданатындардан басқа құрылыс конструкциялары мен бұйымдарының өртке төзімділігі бойынша жіктеу;

- EN 1990 Еурокод 0. Құрылысты жобалаудың негіздері;

- EN 1991-1-1. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-1-бөлім. Жалпы әсер ету. Өзіндік салмақ. Ғимараттарға тұрақты және уақытша жүктемелер;

- EN 1991-1-3. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-3-бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері;

- EN 1991-1-4. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-4-бөлім. Жалпы әсер ету. Жел жүктемелері;

- EN 1992 Еурокод 2. Темір бетон конструкцияларды жобалау;

- EN 1993 Еурокод 3. Болат конструкцияларды жобалау;

- EN 1994 Еурокод 4. Болат темір бетон конструкцияларды жобалау;

- EN 1995 Еурокод 5. Ағаш конструкцияларды жобалау;

- EN 1996 Еурокод 6. Тас конструкцияларды жобалау;

- EN 1999 Еурокод 9. Алюминий конструкцияларды жобалау.

Өңделген нормативтік-техникалық құрал жобалық ұйымдар мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарына, жобалық өнімнің тапсырысшыларына, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттары мен білімгерлеріне арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕР ЕТУ.
КОНСТРУКЦИЯҒА ӨРТ КЕЗІНДЕ ӘСЕР ЕТУ

НАГРУЗКИ И ВОЗДЕЙСТВИЯ. ВОЗДЕЙСТВИЯ НА КОНСТРУКЦИИ ПРИ
ПОЖАРЕ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 «Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-2-бөлім. Жалпы әсер ету. Өрт кезінде конструкцияға әсер ету» берілген нормативтік-техникалық құрал (ары қарай – құрал) ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 ережелеріне сәйкес өңделген және өрттің номиналдық және параметрлік (физикалық тұрғыда негізделген) жылулық әсер етуін бағалауға таралады. Құралда EN 1990, EN 1991-1-1, EN 1991-1-3 және EN 1991-1-4 бірге қолданылуы керек жылулық және механикалық әсер етуді анықтау ережелерінің қағидаттары белгіленеді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар керек. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың көрсетілген басылымы ғана, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгертулерін қоса) қолданылады:

- EN 13501-2. Өрт қаупі бойынша құрылыс конструкцияларын, материалдар мен бұйымдарды жіктеу. 2-бөлім. Желдету жүйелерінде қолданатындардан басқа құрылыс конструкциялары мен бұйымдарының өртке төзімділігі бойынша жіктеу;
- EN 1990 Еурокод 0. Құрылысты жобалаудың негіздері;
- EN 1991-1-1. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-1-бөлім. Жалпы әсер ету. Өзіндік салмақ. Ғимараттарға тұрақты және уақытша жүктемелер;
- EN 1991-1-3. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-3-бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері;
- EN 1991-1-4. Еурокод 1. Құрылыс конструкцияларына әсер ету. 1-4-бөлім. Жалпы әсер ету. Жел жүктемелері;
- EN 1992 Еурокод 2. Темір бетон конструкцияларды жобалау;
- EN 1993 Еурокод 3. Болат конструкцияларды жобалау;
- EN 1994 Еурокод 4. Болат темір бетон конструкцияларды жобалау;
- EN 1995 Еурокод 5. Ағаш конструкцияларды жобалау;
- EN 1996 Еурокод 6. Тас конструкцияларды жобалау;
- EN 1999 Еурокод 9. Алюминий конструкцияларды жобалау.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Құралда [1] сәйкес тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Өрттің эквиваленттік ұзақтығы (equivalent time of fire exposure): ішінде үй-жайдағы нақты өрт кезіндегідей жылулық әсер ету шамаланатын стандартты температуралық тәртіпті сипаттайтын өрттің ұзақтығы.

3.2 Сыртқы конструкция (external member): оның қоршау конструкцияларының ойықтары арқылы өрттің әсер етуіне соғылуы мүмкін ғимараттан тыс орналасқан конструкция.

3.3 Өрт секциясы (бөлімі) (fire compartment): оның шегіндегі регламенттеуші өрттің таралуына кедергі келтіретін қоршау конструкцияларымен белгіленген, бір немесе бірнеше қабаттардың шегіндегі ғимараттағы тұйық кеңістік.

3.4 Өртке төзімділік (fire resistance): жүктеменің берілген деңгейіндегі регламенттеуші өрттің белгіленген ұзақтығының ішінде талап етілген функцияларды (күш түсетін және/немесе қоршайтын) орындауға конструктивтік жүйенің, оның бөліктерінің немесе жеке конструкциялардың қабілеттілігі.

3.5 Дамыған өрт (fully developed fire): барлық жанатын беттердің белгіленген кеңістік шегіндегі өртте толық қатысу кезеңі.

3.6 Өрт кезіндегі конструктивтік жүйенің жалпы сараптамасы (global structural analysis (for fire)): өрттің әсер етуіне жалпы, толық немесе жартылай ұшыраған конструктивтік жүйенің сараптамасы. Өрттің жанама әсер етуі барлық конструктивтік жүйе үшін ескеріледі.

3.7 Өрттің жанама әсер етуі (indirect fire actions): температуралық кенеюмен шақырылған күшейту.

3.8 Бүтіндік (integrity (E)): оттың бір жақты әсер етуі кезінде қоршау конструкциясының жалын мен өртену азықтарының қыздырылмайтын бетке енуін болдырмау қабілеттілігі.

3.9 Жылу оқшаулайтын қабілеттілік (insulation (I)): оттың бір жақты әсер етуі кезінде қоршау конструкциясының қыздырылмайтын беттің температурасының өсімін белгіленген деңгейден шектеу қабілеттілігі.

3.10 Күш түсетін қабілеттілік (load bearing function (R)): өрт кезінде конструктивтік жүйенің немесе жеке конструкцияның берілген параметрлерге сәйкес белгіленген әсер етуді ұстай алу қабілеттілігі.

3.11 Жеке конструкция (member): шекара жағдайлары мен сүйеу схемаларының (мысалы, арқалықтың, бағанның, сонымен қатар фермалар сияқты жиналмалы конструкциялар) есебімен жеке қарастыруға болатын конструктивтік жүйенің негізгі элементі.

3.12 Өрт кезіндегі жеке конструкцияның сараптамасы (member analysis (for fire)): тиісті шекара жағдайлары мен өрттің әсер ету жағдайында сүйеу схемасы бар, жеке қарастырылатын конструкцияның жылу техникалық және статикалық есептері. Температуралық ауытқумен шақырылғандардан басқа өрттің жанама әсер етуі қарастырылмайды.

3.13 Дұрыс температура кезіндегі есептеу (normal temperature design): қоршаған ортаның температурасы кезінде конструкцияны есептеу.

3.14 Қоршау қабілеттілігі (separating function): қоршау конструкциясының регламенттеуші өрттің немесе қызатын беттен тұтанудың таралуын (тұтастықты (*E*) және жылуды оқшаулау қабілеттілікті (*I*) қосады) және болдырмау қабілеттілігі.

3.15 Қоршау конструкциясы (separating element): өрт бөлімінің қоршау бөлігін жасайтын күш түсетін немесе күш түспейтін конструкция (қабырға).

3.16 Стандартты өртке төзімділік (standard fire resistance): конструктивтік жүйенің, оның бөлігінің немесе әдетте бөлек конструкцияның жүктемелердің регламенттелінген үйлесімі кезінде, жылулық әсер ету жағдайында белгіленген уақыт ішінде, стандартты температуралық тәртіппен анықталған, талап етілетін күш түсетін және/немесе қоршау функциясын орындау қабілеттілігі.

3.17 Конструкциялар (structural members): байланысты қоса, конструктивтік жүйенің күш түсетін элементтері.

3.18 Жылу техникалық есептеу (temperature analysis): жылулық әсер етудің (жылулық ағыс), конструкция материалдарының жылу техникалық қасиеттерінің, қажет болған жағдайда – қорғау беттерінің қасиеттерінің есебімен конструкциялардағы температураның өсуін анықтау әдістері.

3.19 Жылулық әсер етулер (thermal actions): жылу ағысының конструкцияларға арналған модельдерінің көмегімен суреттелген конструктивтік жүйеге әсер ету.

3.20 Өрттің жалпы моделі (advanced fire model): масса мен энергияның балансының теңдеулеріне негізделген өрттің есептік моделі.

3.21 Есептейтін газ-динамикалық модель (computational fluid dynamic model): өрт бөлімінің барлық нүктелеріндегі термодинамикалық және аэродинамикалық параметрлердің өзгеруін анықтауға мүмкіндік беретін, жекеше туындыдағы дифференциалдық теңдеулердің сандық шешіміне негізделген өрттің моделі.

3.22 Өртке қарсы қабырға (fire wall): ықтимал көлбеу жүктемелердің есебі бар, оның ішінде жанасқан құрылыс конструкцияларының бір жақты қирауын қоса, қажетті өртке төзімділік пен конструктивтік тұрақтылыққа ие ғимараттық (екі ғимараттың) екі бөлігінің арасындағы қабырға.

3.23 Бір аймақтық модель (one-zone model): үй-жайда орташаландырылған температураны пайдалануға негізделген өрттің моделі.

3.24 Өрттің қарапайым моделі (simple fire model): қабылданған физикалық параметрлердің шектеулі санына негізделген есептік өрт.

3.25 Екі аймақтық модель (two-zone model): Үй-жайда әртүрлі аймақтарды: жоғарғы деңгей, төменгі деңгей, жалын және оның ұшқыны, қоршаған орта және қабырғаларды анықтауға негізделген өрттің моделі.

3.25 Өртенудің толықтығының коэффициенті (combustion factor): өртенудің толықтығын көрсететін және 1 (толық өртену) шектен 0 (өртену жоқ) шекке дейін болатындығын көрсететін коэффициент.

3.26 Есептік өрт (design fire): жобалау кезінде қабылданған өрттің даму схемасы.

3.27 Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі (design fire load density): ықтимал белгісіздіктердің есебі бар есептік өрттің жылулық әсер етуін анықтау үшін қабылданатын салыстырмалық өрт жүктемесі.

3.28 Өрттің есептік сценарийі (design fire scenario): ол үшін есеп жүргізілетін есептік сараптамаға арналған өрттің сценарийі.

3.29 Сыртқы өрттің температуралық тәртібі (external fire curve): тікелей күтпелі тауары бар үй-жайдан немесе қарастырылатын сыртқы қабырғаға қатысты төмен/жоғары орналасқан үй-жайдан қасбеттің әртүрлі бөліктеріне өрттің әсер етуіне соғылуы мүмкін сыртқы қабырғалардың ішкі беттері үшін қолданылатын номиналдық температуралық-уақыттық тәуелділік.

3.30 Өрттің пайда болу қаупі (fire activation risk): өрттің пайда болу мүмкіндігін ескеретін және өрт бөлімінің ауданы мен үй-жайдың мақсатының функциясы болып табылатын параметр.

3.31 Салыстырмалық өрт жүктемесі (fire load density): q_f еден ауданының бірлігіне немесе ойықтарды қоса, q_r барлық қоршаулардың бетінің ауданының бірлігіне жатқызылған өрт жүктемесі.

3.32 Өрт жүктемесі (fire load): нақты кеңістікте (ғимараттың конструктивтік элементтері мен ішкі жарықтандырылуы) барлық жанатын заттардың өртенуі кезінде бөлінетін жылу энергиясының сомасы.

3.33 Өрттің сценарийі (fire scenario): сол өртті сипаттайтын және оны басқа ықтимал өрттерден ерекшелендіретін негізгі оқиғалардың уақытын көрсетумен өрт процесінің ағысын сапаоы сипаттау. Әдетте, сценарий өрттің тұтануы мен даму процестерін, оның толық даму және өрттің ағысына әсер ететін жүйелер мен ғимараттарды жарықтандырумен өзара қатынаста сөнуінің процестерін суреттейді.

3.34 Көлемді лапылдау (flash-over): үй-жайда барлық өрт жүктемесінің бір уақытта лапылдауы.

3.35 Көмірсутектердің өртенуінің температуралық тәртібі (hydrocarbon fire curve): көмірсутек типтегі өрт кезінде әсер етуді бағалауға арналған номиналдық температуралық-уақыттық тәуелділік.

3.36 Локалдық өрт (localised fire): үй-жайдағы өрт жүктемесінің шектеулі ауданын қамтыған өрт.

3.37 Ойықтылық коэффициенті (opening factor): қабырғалардағы ойықтардың ауданына, ойықтардың биіктігіне және қоршау беттерінің жалпы ауданына байланысты үй-жайды желдету шарттарын көрсететін коэффициент.

3.38 Жылу ағысының қуаттылығы (rate of heat release): уақыт функциясындағы заттар мен материалдардың өртенуі кезінде босатылатын жылу (энергия).

3.39 Стандартты температуралық тәртіп (standard temperature-time curves): EN 13501-2 анықталған, үй-жайда дамыған өрттің моделінің сипаттамасы үшін қабылданған номиналдық температуралық-уақыттық тәуелділік.

3.40 Температуралық тәртіптер (temperature-time curves): конструкция бетін қоршаған ортаның температурасының уақытқа тәуелділігі. Келесі тәуелділіктерді ажыратады:

– номиналды: өртке төзімділікті жіктеу мен растауға бейімделген жалпы қабылданған тәуелділіктер (бекітілгендер: стандартты температуралық тәртіп, сыртқы өрттің температуралық тәртібі және көмірсутектер өртінің температуралық тәртібі);

– параметрлік: өрт модельдерінің базасында және өрт кезінде үй-жайдағы жағдайды анықтайтын арнайы физикалық параметрлерді анықтайтын тәуелділіктер.

3.41 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті (configuration factor): B бетінен алынған энергияның A бетіне диффуздық сәулеленген энергияға қатынасымен анықталатын, A бетінен B бетіне сәуле арқылы жылу беруге арналған сәулелендірудің коэффициенті.

3.42 Конвекциямен жылу берудің коэффициенті (convective heat transfer coefficient): қоршаған орта мен конструкция бетінің айырмашылығына жатқызылған, конструкцияға келетін конвективтік жылу ағысы.

3.43 Қаралық дәрежесі (emissivity): қарастырылатын бет сіңірген және абсолютті қара дене бетінің жылулықтарының арасындағы қатынасқа тең беттің сіңіру қабілеттілігінің сипаттамасы.

3.44 Нәтижеленуші жылу ағысы (net heat flux): аудан бірлігіне жатқызылған конструкция сіңірген энергия.

4 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Құралда келесі белгілеулер қабылданған:

Латын әліпбиінің бас әріптері

- A – аудан;
- $A_{ind,d}$ – өрттің жанама әсер етуінің есептік мәні;
- A_f – өрт бөлімінің (секциясының) еденінің ауданы;
- A_{fi} – өрттің ауданы;
- A_h – өрт бөлімінің жабынындағы көлбеу ойықтардың ауданы;
- $A_{h,v}$ – қоршаудағы ойықтардың суммарлық ауданы, $A_{h,v} = A_h + A_v$;
- A_j – ойықтардың есебі жоқ, j қоршау конструкциясының бетінің ауданы;
- A_m – конструкция бетінің ұзындық бірлігіне ауданы;
- A_p – өрттен қорғайтын материалдың конструкция ұзындығының бірлігіне тиісті ауданы;
- A_t – қоршаудың (қабырғаның, ойықтарды қоса, жабындар мен едерндердің) суммарлық ауданы;
- A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, $A_v = \sum A_{v,i}$;
- $A_{v,z}$ – жылжудың ауданы;
- A_{v1} – №1 қабырға терезелерінің аудандарының сомасы;
- $A_{v,i}$ – i терезенің ауданы;
- C_i – конструкцияның i бетінің қорғау коэффициенті;
- D – өрт бөлімінің (секциясының) тереңдігі, өрттің диаметрі;
- E_d – [2] сәйкес негізгі үйлесімнен алынған есептік әсер етудің мәні;

- $E_{fi,d}$ – өрт кезіндегі әсер етудің тұрақты есептік мәні;
 $E_{fi,d,t}$ – t сәтіндегі өрт кезіндегі әсер етудің есептік мәні;
 E_g – үй-жайдағы газ ортасының ішкі энергиясы;
 H – өрт ошағы мен төбе арасындағы қашықтық, биіктік;
 H_u – ылғалдылық есебімен анықталған өртенудің астыңғы жылуы;
 H_{u0} – құрғақ материалдың өртенуінің астыңғы жылуы;
 H_{ui} – i материалдың өртенуінің астыңғы жылуы;
 I_z – жалыннан сәулеленудің жылулық ағысы;
 I_f – терезелік ойықтан сәулеленудің жылулық ағысы;
 L_c – өртену аймағының ұзындығы;
 L_f – жалынның ось бойымен ұзақтығы;
 L_H – жалынның көлбеу проекциясы (қасбет бойынша);
 L_h – жалынның көлбеу ұзақтығы;
 L_L – жалынның биіктігі (терезелік ойықтың жоғарғы шетінен);
 L_x – жалынның осі бойынша терезелік ойықтың жазығынан есеп жүргізілетін

нүктеге дейінгі қашықтық;

- $M_{c,Ed}$ – иіlmелі сәттің қимылына кедергі;
 M_{Ed} – иіlmелі сәттің мәні;
 $M_{fi,Ed}$ – иіlmелі сәттің есептік мәні;
 $M_{fi,t,Rd}$ – өрттің әсер етуі кезіндегі кедергінің есептік сәті;
 $M_{k,i}$ – i жанатын материалдың саны;
 O – өрт бөлімінің (секциясының) ойықтылығының коэффициенті, $O = A_v \cdot \sqrt{h_{eq}} / A_t$;
 O_{lim} – реттелетін өрт жүктемесі бар өртке арналған ойықтылықтың келтірілген коэффициенті;
 P_{int} – жанып жатқан үй-жайдың ішіндегі газ ортасының қысымы;
 Q – өрттің жылу ағысының қуаттылығы;
 Q_c – Q жылу ағысының қуаттылығының конвективтік үлесі;
 $Q_{fi,k}$ – сипаттамалық өрт жүктемесі;
 $Q_{fi,k,i}$ – i материалдың сипаттамалық өрт жүктемесі;
 Q_D^* – жылу ағысының қуаттылығы мен D локалды өртінің диаметріне тәуелді коэффициенті;
 Q_H^* – жылу ағысының өлшемсіз қуаттылығы;
 Q_{in} – газдың ойықтар арқылы қоршау конструкцияларына түсудің салдарынан энергияның ұлғаюы;
 Q_{out} – газ ортасының ойықтар арқылы қоршау конструкцияларына шығуының салдарынан энергияның азаюы (жоғалуы);
 Q_{rad} – ойықтар арқылы сәулелендіру арқылы шығып жатқан жылу ағысының қуаттылығы;
 Q_{wall} – үй-жайдың қоршау конструкцияларына жылу берудің салдарынан энергияның азаюы (жоғалуы);
 R – әмбебап газды тұрақтылық, $R = 287 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{К}^{-1}$;
 R_d – дұрыс температура кезінде конструкцияның есептік кедергісі;

- $R_{fi,d,t}$ – t уақытының сәтіндегі өрт кезінде конструкцияның есептік кедергісі;
 RHR_f – жылу ағысының максималдық салыстырмалы қуаттылығы;
 T – температура, К;
 T_0 – бастапқы температура, $T_0 = 293$ К;
 T_f – өрт бөліміндегі (секциядағы) температура, К;
 T_g – қыздыратын газ ортасының температурасы, К;
 T_w – терезе ойығының жазығындағы жалынның температурасы, К;
 T_z – жалынның осі бойындағы жалын температурасы, К;
 W – бір немесе бірнеше ойықтары (W_1 және W_2) бар қабырғалардың ені;
 V – конструкция ұзындығының бірлігінің көлемі;
 V_{Ed} – көлденең күштің мәні;
 $V_{fi,Ed}$ – көлденең күштің есептік мәні;
 $V_{pl,Ed}$ – көлденең күштің қимылына кедергі;
 W_1 – ойықтардың ең үлкен ауданы қабылданған 1 қабырғаның ені;
 W_2 – №1 қабырғаға перпендикуляр өрт секциясының (бөлімінің) қабырғасының ені;
 W_a – бастырманың,балконның, атшаның көлбеу проекциясы;
 W_c – өртену аймағының ені;
 $W_{pl,y}$ – пластикалық сатыдағы қиысудың кедергі сәті;

Латын әліпбиінің кіші әріптері

- a – үй-жайдың сызықтық өлшемі; сәулелендіруші бет аймағының сызықтық өлшемінің сәулелендірілетін объектіге дейінгі қашықтыққа қатынасы; температура өткізгіштіктің коэффициенті;
 a_z – жалынның сіңіргіштік қабілеттілігі;
 b – қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі, $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$; үй-жайдың сызықтық өлшемі; сәулелендіруші бет аймағының сызықтық өлшемінің сәулелендірілетін объектіге дейінгі қашықтыққа қатынасы;
 b_i – қоршау конструкциясының i қабатының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі;
 b_j – қоршау конструкциясының j қабатының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі;
 c – салыстырмалық жылу сыйымдылық; екі таврлық сөрелердің ілмесінің ұзындығы;
 d – екі тавр қабырғаларының биіктігі;
 d_{eq} – сыртқы конструкцияның геометриялық параметрі (диаметрі немесе жақтардың өлшемі);
 d_f – жалынның қалыңдығы;
 d_i – конструкцияның i бетінің өлшемі;
 d_p – өрттен қорғау материалының қалыңдығы;
 f_y – конструкция материалының ағуының шегі;
 g – еркін құлауды жылдамдату;
 g_k – конструкцияға тұрақты әсер етудің шамасы;
 h – биіктік;

h_{eq} – барлық қабырғалардағы терезелердің ауданы бойынша келтірілген биіктік, $h_{eq} = \sum(A_{v,i} \cdot h_i)/A_v$;

h_i – i ойықтың биіктігі;

\dot{h} – төбе деңгейіндегі қыздыратын бетке салыстырмалық жылу ағысы;

\dot{h}_{net} – нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы;

$\dot{h}_{net,c}$ – конвекция арқылы жылу беруден болатын салыстырмалық жылу ағысы;

$\dot{h}_{net,r}$ – сәулелену арқылы жылу беруден болатын салыстырмалық жылу ағысы;

\dot{h}_{tot} – бірнеше локалды өрттен құралған жалпы салыстырмалық жылу ағысы;

\dot{h}_i – i локалды өртпен шақырылған салыстырмалық жылу ағысы;

$h_{пл}$ – жалынның тік проекциясы;

g – еркін құлауды жылдамдату;

k_i – түзетуші коэффициент;

k_b – үй-жайдың қоршау конструкцияларының жылу сіңіргіштік қабілеттілігіне тәуелді түзетуші коэффициент;

k_c – өртке төзімділік анықталатын конструкцияның материалына тәуелді түзетуші коэффициент;

k_{sh} – көлеңкелеу әсерін есептеуге арналған түзетуші коэффициент;

$k_{y,\Theta}$ – конструкция қиысуының қызуын есептеуге арналған төмендетуші коэффициент;

m – өртенудің толықтығының коэффициенті;

\dot{m} – массалық шығын;

\dot{m}_{in} – ойық арқылы түсетін газ ортасының массалық шығыны;

\dot{m}_{out} – ойық арқылы шығатын газ ортасының массалық шығыны;

\dot{m}_{fi} – өрт жүктемесінің жанып кетуінің массалық жылдамдығы;

n – мөлшер;

q_f – A_f еденінің ауданына жатқызылған салыстырмалық өрт жүктемесі;

$q_{f,d}$ – A_f еденінің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі;

$q_{f,k}$ – A_f еденінің ауданына жатқызылған сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі;

q_k – конструкцияға ауыспалы әсер етудің шамасы;

q_t – A_t бетінің ауданына жатқызылған салыстырмалық өрт жүктемесі;

$q_{t,d}$ – A_t бетінің ауданына жатқызылған есептік өрт жүктемесі;

$q_{t,k}$ – A_t бетінің ауданына жатқызылған сипаттамалық өрт жүктемесі;

$q_{кр}$ – материалдың тұтануына қажетті жылу ағысының қауіпті тығыздығы;

r – жылулық ағыс есептелінетін жалынның тік осі мен төбенің астындағы нүкте арасындағы көлбеу қашықтық; екі таврдың сөресінің қабырғаға жанасатын жердегі дөңгелектеудің радиусы;

s – терезелік ойықтан сыртқы конструкцияға дейінгі қашықтық;

s_i – қоршау конструкциясының i қабатының қалыңдығы;

s_{lim} – шекті қалыңдық;

- t, t^* – уақыт;
 $t_{e,d}$ – өрттің эквиваленттік ұзақтығы;
 $t_{fi,d}$ – есептік өртке төзімділікке сәйкес келетін уақыт;
 t_f – екі таврлық арқалықтың сөрелерінің қалыңдығы;
 $t_{fi,requ}$ – талап етілген өртке төзімділікке сәйкес келетін уақыт;
 t_{lim} – өрт жүктемесімен реттелетін өрттерге арналған максималдық температураға қол жеткізу уақыты;
 t_{max}, t_{max}^* – максималдық температураға қол жеткізу уақыты;
 t_w – екі таврлық арқалықтың қабырғасының қалыңдығы;
 t_{α} – 1 МВт өрттің жылу бөлуіне қол жеткізетін уақыт;
 u – желдің жылдамдығы, ылғалдылық;
 v_d – жүктеменің есептік мәні;
 v_k – жүктеменің сипаттамалық мәні;
 w_i – қоршау конструкциясындағы i ойықтың ені;
 w_t – ойықтардың барлық қабырғалар бойынша суммарлық ені ($w_t = \sum w_i$), A_t жататын коэффициент;
 w_f – жалынның ені; желдету жағдайын ескеретін коэффициент;
 x – коэффициент;
 y – коэффициент;
 z – биіктік бойынша координата; локалды өрттің еденнен (жерден) қарастырылатын нүктеге дейінгі жалынының осінің бойындағы қашықтық;
 z_0 – z виртуалды бастапқы координата;
 z' – өрттің виртуалды ошағының тік позициясы.

Грек әліпбиінің бас әріптері

- Φ – сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті;
 Φ_f – ойықтар арқылы сәулемен жылу беруге арналған конструкцияларды сәулелендірудің жалпы бұрыштық коэффициенті;
 $\Phi_{f,i}$ – берілген ойыққа арналған конструкцияның i бетін сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті;
 Φ_z – жалыннан сәуле алумен жылу беруге арналған конструкцияның сәулелендіру жалпы бұрыштық коэффициенті;
 $\Phi_{z,i}$ – берілген жалынға арналған конструкцияның i бетін сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті;
 Γ – O ойықтылық коэффициенті мен b жылу сіңіргіштік қабілеттілікке тәуелді уақытша коэффициент;
 Γ_{lim} – O_{lim} ойықтылық коэффициенті мен b жылу сіңіргіштік қабілеттілікке тәуелді уақытша коэффициент;
 Θ – температура, °C; $\Theta = T - 273$;
 Θ_0 – бастапқы температура (жалпы жағдайда $\Theta_0 = 20$ °C);
 $\Theta_{cr,d}$ – материалдық есептік қауіпті температурасы, °C;

- Θ_d – материалдық есептік температурасы, °С;
 Θ_g – конструкция маңындағы қыздыратын ортаның температурасы, °С;
 Θ_m – конструкция бетінің температурасы, °С;
 Θ_{\max} – максималдық температура, °С;
 Θ_r – өрттің сәулеленуінің тиімді температурасы, °С;
 $\Theta_{(z)}$ – локалды өрт кезінде жалынның тік осінің бойымен, °С;
 Ω – есептік параметр, $\Omega = (A_f \cdot q_{f,d}) / (A_v \cdot A_t)^{1/2}$;

Грек әліпбиінің кіші әріптері

- α – өрт ерекшелігінің коэффициенті;
 α_c – конвекциямен жылу берудің коэффициенті;
 α_h – көлбеу ойықтардың ауданының еден ауданына қатынасы;
 α_v – тік ойықтардың ауданының еден ауданына қатынасы;
 γ_i – қауіпсіздіктің i жеке коэффициентінің мәні;
 δ – конструкцияның пайдалануға беруге жарамдылығы бойынша шекті жағдайының мәні;
 δ_{ni} – өртті сөндіру үшін i арнайы шешімдердің (шаралардың) бар екендігін ескеретін коэффициент;
 δ_{q1} – үй-жайдың (өрт бөлімінің, секциясының) өлшемдеріне байланысты өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті;
 δ_{q2} – ғимараттың мақсатына байланысты өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті;
 ε_m – конструкция бетінің қаралық дәрежесі;
 $\varepsilon_f, \varepsilon_z$ – жалынның (өрттің) қаралық дәрежесі;
 η_{fi} – келтірілген коэффициент;
 $\eta_{fi,t}$ – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті;
 θ – қабылдайтын және сәулелендіретін беттің өзара орналасу бұрышы;
 λ – жылу өткізгіштіктің коэффициенті;
 μ_0 – күш түсетін қабілеттілікті пайдаланудың коэффициенті;
 ρ – тығыздық;
 ρ_g – жанып жатқан үй-жайдың ішіндегі газ ортасының тығыздығы;
 σ – Стефан-Больцманның тұрақтысы, $\sigma = 5,67 \cdot 10^{-8} \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-4}$;
 τ_F – өрттің еркін дамуының ұзақтығы;
 ψ_{fi} – әсер етудің үйлесімінің коэффициенті ($\psi_{1,1}$ немесе $\psi_{2,1}$ тең етіп қабылданады);
 ψ_i – өрт жүктемесінің қорғанысының коэффициенті.

5 ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІКТІ ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

5.1 Өртке төзімділікті анықтауға арналған жалпы бағыттар

5.1.1 Жалпы жағдайда өртке төзімділіктің шегін есептеу келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

- өрттің ықтимал есептік сценарийлерін негіздеу мен таңдау;
- өрттің тиісті есептік нұсқаларын анықтау;
- өрт жағдайында стационарлы жоғары температуралық қызу кезінде құрылыс конструкциясының температурасының өзгеруін есептеу (жылу техникалық есептеу);
- өрт жағдайында қызу кезінде құрылыс конструкцияларының механикалық сипаттамасын анықтау (есептеу) (статикалық есептеу).

ЕСКЕРТПЕ Конструкцияның механикалық сипаттамаларын анықтау кезде тікелей механикалық әсер етуді, жылулық әсер етуді және оларға байланысты материалдардың сипаттамаларының өзгеруін, сонымен қатар жанама механикалық әсер етулерді ескеру керек. Құрылыс материалдарының басым көпшілігі үшін физика-механикалық қасиеттер температураға байланысты болады, сондықтан жылу техникалық және статикалық есептеулер олардың үздіксіз жүйелікті өзара байланысында қайталама әдісімен жүргізіледі.

5.2 Өрттің ықтимал есептік сценарийлерін негіздеу мен таңдау

5.2.1 Ынта білдірген (шығыс) оқиғаларды, өрт дамуының ықтимал сценарийлерін, сонымен қатар оларға байланысты есептік өрттерді анықтау жобалаудың қарастырылып отырған объектісіне арналған өрт қауіптерінің сараптамасының негізінде жүргізіледі.

5.2.2 Егер конструкция үшін басқа ықтимал апаттық әер ету салдарынан ерекше өрт қауіптері (мысалы, өрттің немесе жарылыстың екіншілік қауіпті факторлары) бар болса, онда осы қауіптер қауіпсіздіктің жалпы концепциясы жасалған кезде ескерілуі керек.

5.2.3 Уақытқа және жүктемеге тәуелді конструкция сипаттамалары осы құралдың 5.2.2 көрсетілгендерден басқа, апаттық жағдайдың алдындағы сәтте ескерілмеуі керек.

5.3 Өрттің есептік нұсқаларын анықтау

5.3.1 Өрт бөлімінде өрттің тууы мен дамуының әрбір есептік сценарийіне арналған есептік өрт осы құралдың 6-бөліміне сәйкес бағалануы керек.

5.3.2 Есептеу кезінде, егер есептік өрттің сценарийімен (ойықтар, қуыстар, инженерлік және технологиялық коммуникациялар арқылы басқа бөлімге (секцияға) ауысу мүмкіндігі) өзгесі белгіленбесе, есептік өрт бір өрт бөлімінің (секциясының) шегінде болып жатыр деп қабылданылады.

5.3.3 Егер нормативтік құжаттардың талаптарымен құрылыс конструкцияларының өртке төзімділігін бағалауға арналған температуралық әсер етудің түрлері анықталмаған болса, онда есептік әсер ету ретінде [3] бойынша стандартты өрт қабылданады.

5.4 Жылу техникалық есептеу

5.4.1 Бөлек құрылыс конструкциясының жылу техникалық есебін орындаған кезде есептік өрттің өзіне қатынасы бойынша конвективтік жылу алмасудың параметрлерін және сәулемен жылу алмасуды есептеу үшін оның жағдайы көрсетілуі керек.

5.4.2 Сыртқы құрылыс конструкцияларының өртке төзімділігін анықтау кезінде сыртқы қоршау конструкцияларының ойықтары арқылы шығатын өрттің қауіпті әсерлерінің өртке ықтимал әсер етуін ескеру керек.

5.4.3 Өрт бөлігінің сыртқы құрылыс конструкциялары үшін өрттің қауіпті факторларының іш жақтан (жанып жатқан өрт бөлігі жақтан) және баламалық ретінде сыртқы жақтан (басқа жанып жатқан өрт бөлігі жақтан) әсер етуі тек белгіленген жағдайларда ғана (мысалы, өртке қарсы кедергілердің сенімділігін бағалау және өрттің көрші өрт бөлігіне көшу мүмкіндігін анықтау үшін) ескеріледі.

5.4.4 Өрттің таңдалған есептік нұсқасына байланысты (құралдың 6-бөлімі) бөлек конструкцияның өртке төзімділігін анықтау кезінде келесі әдістер пайдаланылады:

- өрттің номиналдық температуралық тәртіптерін пайдалану кезінде жылу техникалық есеп өрттің берілген ұзақтығы үшін жүргізіледі;
- барлық жанатын беттердің толық қатысуымен өртті (дамыған өртті) модельдеу кезінде жылу техникалық есеп суыту фазасын қоса, өрттің толық ұзақтығы үшін жүргізіледі.

5.5 Статикалық есептеу

5.5.1 Құрылыс конструкциясының жылу техникалық және статикалық есептері уақыттың бірдей аралықтары үшін жүргізілуі керек.

5.5.2 Келесі шарттардың орындалғандығы расталған болса, өрттің t уақыты кезінде құрылыс конструкциясының өртке төзімділігі қамтамасыз етілген болып есептелінеді:

- өртке төзімділік бойынша шекті жағдайдың уақыты өртке төзімділіктің талап етілетін шегінен кем емес (уақыт бойынша өртке төзімділіктің параметрлерін бағалау кезінде):

$$t_{fi,d} \geq t_{fi,requ}; \quad (5.1)$$

- өрттің t уақыты кезінде конструкцияның есептік кедергісі қолданыстағы жүктемелердің (әсер етудің) мәндерінен кем емес (беріктілік бойынша өртке төзімділіктің параметрлерін бағалау кезінде):

$$R_{fi,d,t} \geq E_{fi,d,t}; \quad (5.2)$$

- конструкция материалының температурасы қауіпті температурадан аз (температура бойынша өртке төзімділіктің параметрлерін бағалау кезінде):

$$\Theta_d < \Theta_{cr,d}, \quad (5.3)$$

мұнда $t_{fi,d}$ – өртке төзімділіктің есептік шегі;

$t_{fi,requ}$ – өртке төзімділіктің талапты шегі;

$R_{fi,d,t}$ – t уақыты сәтіндегі өрт кезінде элементтің есептік кедергісі;

$E_{fi,d,t}$ – t уақыты сәтіндегі өрт кезінде әсер етудің есептік нәтижесі;

Θ_d – материалдың есептік температурасы;

$\Theta_{cr,d}$ – материалдың есептік қауіпті температурасы.

6 ЖЫЛУ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕСЕПKE АРНАЛҒАН ЖЫЛУЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Өрт кезіндегі құрылыс конструкцияларының жүрісі олардың конструкция бетіне конвекциямен және сәулемен жылу беру кезінде нәтижелендіруші жылу ағысының әсер етуі кезіндегі стандартты емес қызуы жағдайындағы температураларымен анықталады:

$$\dot{h}_{net} = \dot{h}_{net,c} + \dot{h}_{net,r}, \quad (6.1)$$

мұнда $\dot{h}_{net,c}$ – конвекциядан жылу беруден болатын нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы, осы құралдың (6.2) формуласы бойынша анықталады;

$\dot{h}_{net,r}$ – сәуледен жылу беруден болатын нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы, осы құралдың (6.3) формуласы бойынша анықталады.

6.1.2 Конвекциядан жылу беруден болатын нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы $\dot{h}_{net,c}$, Вт·м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$\dot{h}_{net,c} = \alpha_c \cdot (\Theta_g - \Theta_m), \quad (6.2)$$

мұнда α_c – конвекциямен жылу берудің коэффициенті, Вт·м⁻²·К⁻¹;

Θ_g – конструкция маңындағы қыздыратын ортаның температурасы, °С;

Θ_m – конструкция бетінің температурасы, °С.

6.1.3 Жанып жатқан үй-жайларға жанасқан үй-жайда өртену мүмкіндігін бағалау кезіндегі өрт қауіпсіздігінің сұрақтарын шешу кезінде қоршау конструкциясының қыздырылмайтын жағында суммарлық жылу ағысы $\alpha_c = 4$ Вт·м⁻²·К⁻¹ мәні қойылатын (6.1) формуласы бойынша анықталады. Егер конструкцияның қыздырылмайтын жағындағы температура қыздыратын конструкциядан сәулемен жылу алмасу есебінің қажеттілігі бар болатындай жағдайда, (6.1) формулада $\alpha_c = 9$ Вт·м⁻²·К⁻¹ қолдану керек.

6.1.4 Сәулемен жылу беру кезіндегі нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы Вт·м⁻² келесі формула бойынша анықталады:

$$\dot{h}_{net,r} = \Phi \cdot \varepsilon_m \cdot \varepsilon_f \cdot \sigma \cdot ((\Theta_r + 273)^4 - (\Theta_m + 273)^4), \quad (6.3)$$

мұнда Φ – сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті;

ε_m – конструкция бетінің қаралық дәрежесі;

ε_f – жалынның (өрттің) қаралық дәрежесі;

$\sigma = 5,67 \cdot 10^{-8}$ Вт·м⁻²·К⁻⁴ – Стефан–Больцманның тұрақтысы;

Θ_r – өртті сәулелендірудің тиімді температурасы, °С;

Θ_m – конструкция бетінің температурасы, °С.

ЕСКЕРТПЕ Конструкция бетінің қаралық дәрежесі және сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті Φ құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінің талаптарына сәйкес қабылданады (үнсіздік бойынша $\varepsilon_m = 0,8$), консервативтік жүріс кезінде (ең жаман нұсқа) өрт жалынының қаралық дәрежесі $\varepsilon_f = 1$ болып қабылданады, ал сәулелендірудің

бұрыштық коэффициенті $\Phi = 1$ болады. Конструкцияның кеңістікте орналасу ерекшелігі мен көлеңкелеу әсерінің ықпалының есебі қажет болғанда $\Phi < 1$ мәнін пайдалануға жол беріледі.


6.1.5 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті Φ осы құралдың 14-бөлімінің ережелеріне сәйкес анықталады.

6.1.6 Қарастырылатын құрылыс конструкциясы жалында болған жағдайда, өрттің сәуле беруінің тиімді температурасы Θ_r қыздыратын ортаның температурасына Θ_g тең етіп қабылданыла алады.

6.1.7 Құрылыс конструкциясы бетінің температурасын өзгерту Θ_m құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінде келтірілген ережелерге сәйкес конструкцияның жылу техникалық есебінің нәтижелері бойынша анықталады.

6.1.8 Қыздыратын ортаның температурасы Θ_g номиналдық температуралық тәртіптерді пайдаланумен немесе өртті модельдеудің нәтижелері бойынша анықталады. Жалпы айтқанда, үй-жайдағы өрттің қуаттылығына ықпал ететін параметрлерге: 1) өрт жүктемесінің типі мен оны орналастыру сипаты; 2) өрт жүктемесінің жанушылығының сипатамалары; 3) үй-жайдың өлшемі және оның формасы; 4) үй-жайдағы ауа алмасудың жағдайлары; 5) қоршау конструкциясының жылу физикалық қасиеттері жатады.

6.1.9 Күрделіктің дәрежесі 6.1-суретте көрсетілгендей өрттің жеңілдетілген модельдерінен далалық модельдеріне өседі. Негізінен, қазіргі уақытта өрттің алғашқы үш номиналдық температуралық тәртіптері жеңілдетілген модельдер ретінде қарастырылады, далалық модельдер айтарлықтай жетілген болып табылады. Әрбір модельге арналған шығыс деректерінің тізбегінің айырмашылығы болады, ал аймақтық және далалық модельдер үшін жеңілдетілген модельге қарағанда өте жан-жақты деректерді енгізу талап етіледі.



6.1-сурет – Өрттің температуралық тәртібін анықтауға арналған қолданыстағы бағыттар

6.2 Номиналдық температуралық тәртіптер

6.2.1 Номиналдық немесе стандарттық өрттер – ауа алмасу жағдайлары мен қоршау конструкциялардың сипаттарын ескермейтін температуралық-уақыттық тәуелділіктер арқылы өртті ұснудың ең қарапайым амалы. Бұл тәуелділіктер құрылыс конструкциялары мен материалдарын жіктеуге арналған стандарттық от сынақтарын жүргізу үшін өңделген. Стандарттық өрттердің температуралық тәртіптерін пайдаланудың негізгі жетіспеушіліктері мен шектеулеріне келесілер жатады:

- стандарттық өрттер нақты өрттің жүрісін көрсетпейді. Стандарттық және нақты өрттің қызудың жылдамдығындағы, жылулық әсер етудің қарқындылығы мен ұзақтығындағы айырмашылықтар конструкция мен жалпы ғимараттың құрылымдық жүрісін дұрыс емес бағалауға әкеліп соғуы мүмкін. Мысалы, ұзақ емес жоғары температуралық әсер ету бетонның жарылуына, арматураның жалаңашталуына және кейіннен қарқынды қызуға әкелуі мүмкін. Өрттің жоғары емес температураларына қатысты ұзақ әсер ету бетон конструкциялардағы ең жоғарғы орташа температураға әкелуі мүмкін, ол бетон беріктігінің айтарлықтай қарқынды төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін;

- стандарттық өрттер өрттің температуралық әсер етуінің ең нашар жағдайларын үнемі көрсетпейді. Стандарттық өрттің жағдайлары үшін жобаланған құрылыс

конструкциялары кейбір жағдайларда нақты өрт жағдайында өртке төзімділік бойынша шекті жағдайға ерте жетуі мүмкін. Мысалы, замани әкімшілік ғимараттардағы әрлеуде, полимер, пластик, жасанды былғары т.с.с. формадағы жиһазда, компьютерлерде және электрлік жабдықтарда көмірсутектен тұратын материалдың үлкен көлемі жоқ. Сәйкесінше, өрттің стандарттық өртпен салыстырғанда сипаты ауыр.

Қазіргі уақытта келесі стандарттық температуралық-уақыттық тәуелділіктер пайдаланылады:

- сыртқы өрт (ішінен өртенуі мүмкін сыртқы қоршау конструкцияларының сыртқы бөліктері үшін пайдаланылады);
- стандарттық өрт (үй-жайдағы толық дамыған көлемді өртті сипаттау үшін пайдаланылады, целлюлоздық жүктеменің өрті деп те аталады);
- көміртүсектердің өрті (көсірсутектердің өртін немесе сұйық отынның төгілуін сипаттау үшін пайдаланылады);
- бықсудың өрті.

6.2.1 Стандарттық температуралық тәртіп

6.2.1.1 Для стандартного температурного режима по [3] бойынша стандарттық температуралық тәртіп үшін сол температуралық тәртіпті нақты өрттің температуралық жағдайларынан алыстататын физикалық параметрлерді ескермейді. Осы температуралық тәртіп целлюлозалық жүктемелердің өртенуі кезінде толық дамыған көлемдік өртке сәйкес келеді, температураның ұдайы көтерілуі болады, жүктеме жанып кетпейді, суыту фазасы болмайды.

6.2.1.2 Стандарттық өрттің температурасын уақыт бойынша өзгерту келесі теңдеумен сипатталады:

$$\Theta_g = 20 + 345 \cdot \lg(8 \cdot t + 1), \quad (6.4)$$

мұнда Θ_g – қыздыратын ортаның температурасы, °C;
 t – уақыт, мин.

6.2.1.3 (6.2) формуласы бойынша нәтижелендіретін салыстырмалық жылу ағысын анықтау үшін конвекциямен жылу беру кезінде $\alpha_c = 25 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ мәні қолданылады.

6.2.2 Сыртқы өрттің температуралық тәртібі

6.2.2.1 Сыртқы өрт кезінде қыздыратын ортаның температурасын өзгерту мына формула бойынша анықталады:

$$\Theta_g = 660 \cdot (1 - 0,687 \cdot e^{-0,32 \cdot t} - 0,313 \cdot e^{-3,8 \cdot t}) + 20, \quad (6.5)$$

мұнда Θ_g – қыздыратын ортаның температурасы, °C;
 $e = 2,718281 \dots$ – натурал логарифмнің негізі;
 t – уақыт, мин.

6.2.2.2 (6.2) формуласы бойынша нәтижелендіретін салыстырмалық жылу ағысын анықтау үшін конвекциямен жылу беру кезінде $\alpha_c = 25 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ мәні қолданылады.

6.2.3 Көмірсутектер өртінің температуралық тәртібі

6.2.3.1 Көмірсутектердің өрті кезінде қыздыратын ортаның температурасын өзгерту мына теңдеу бойынша сипатталады:

$$\Theta_g = 1080 \cdot (1 - 0,325 \cdot e^{-0,167 \cdot t} - 0,675 \cdot e^{-2,5 \cdot t}) + 20. \quad (6.6)$$

мұнда Θ_g – қыздыратын ортаның температурасы, °C;

$e = 2,718281 \dots$ – натурал логарифмнің негізі;

t – уақыт, мин.

6.2.3.2 (6.2) формуласы бойынша нәтижелендіретін салыстырмалық жылу ағысын анықтау үшін конвекциямен жылу беру кезінде $\alpha_c = 50 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ мәні қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Сұйық көмірсутектердің есептік сценарийі бойынша төгілуінің үлкен ауданы бар сұйық көмірсутектер үшін температуралық тәртіпті сипаттауға арналған келесі баламалық теңдеу пайдаланылады:

$$\Theta_g = 1100 \cdot (1 - 0,325 \cdot e^{-0,167 \cdot t} - 0,204 \cdot e^{-1,417 \cdot t} - 0,471 \cdot e^{-15,833 \cdot t}) + 20, \quad (6.7)$$

мұнда Θ_g – қыздыратын ортаның температурасы, °C;

$e = 2,718281 \dots$ – натурал логарифмнің негізі;

t – уақыт, мин.

6.2.4 Бықсу өртінің температуралық тәртібі

6.2.4.1 Бықсу өртінің температуралық тәртібі (ақырын қызудың қисығы) [4] замани жағдайлардағы барлық өрттің есептік сценарийлерінің мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін өңделген. Бықсу өртінің температуралық тәртібі өртке қауіпті сипаттамалары температураның көтерілуі кезінде өсетін заттар мен материалдар үшін сипатты. Бұл жағдайда өрт екі кезеңде дамиды:

1-кезең – жанатын үй-жайдағы температураның ақырын көтерілуімен ілеспелі болатын локалдық өртену, жылудың үлкен бөлігі үй-жайдағы жанатын жүктемені қыздыруға жылудың үлкен бөлігі шығындалады (кезеңнің шамалы ұзақтығы – 21 минут);

2-кезең – үй-жайдағы қыздырылған жанатын материалдардың көлемді тұтануы, көлемді өртену, өрт [3] стандарттық тәртіп бойынша дамиды.

6.2.4.2 Бықсу өрті кезінде қыздыратын ортаның температурасының өзгеруі тиісті кезеңдерде келесі теңдеулермен анықталады:

$$\Theta_g = \begin{cases} 154 \cdot t^{0,25} + 20, & 0 < t \leq 21 \text{ мин кезінде} \\ 345 \cdot \lg[8 \cdot (t - 20) + 1] + 20, & t > 21 \text{ мин кезінде} \end{cases} \quad (6.8)$$


мұнда Θ_g – қыздыратын ортаның температурасы, °C;

t – уақыт, мин.

6.2.4.3 Нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысын (6.2) формуласы бойынша анықтау үшін конвекциямен жылу беру кезінде $\alpha_c = 25 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ қолданылады.

6.2.4.4 (6.4)–(6.8) теңдеулерінің графикалық бейнелері 6.2-суретте берілген. Ең үлкен қарқындылыққа көмірсутектердің өрті мен стандарттық өрттер ие. Стандарттық өрт пен бықсу өрті үшін температура уақыт бойынша ылғи өсуде болады. Сыртқы өрт үшін, 22-

минуттан бастап, температура 680°C тең болып қалады, көмірсутектердің өрті үшін температура шамамен 40-минуттан кейін 1100°C және 1120°C болады.



6.2-сурет – Стандарттық өрттердің температуралық-уақыттық тәуелділіктері

6.3 Өрттерді модельдеу

6.3.1 Өрттердің жеңілдетілген модельдері

6.3.1.1 Жалпы ережелер

6.3.1.1.1 6.2 келтірілген өрттердің жеңілдетілген модельдері қолданудың шектелген саласы бар белгіленген физикалық параметрлеріне базаланады.

6.3.1.1.2 Уақытқа байланысты температураны бөлу көлемді өрттер үшін – тегіс (орташа көлемді), локалды өрттер үшін – тегіс емес етіп қабылданады.

6.3.1.1.3 Өрттің жеңілдетілген модельдері үшін қосымша деректер жоқ болған кезде конвекциямен жылу берудің коэффициентін $\alpha_c = 35 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ тең етіп қабылдауға жол беріледі.

6.3.1.2 Көлемді өрттер

6.3.1.2.1 Газ ортасының температурасы кемінде салыстырмалық өрт жүктемесінің сипаттамасын және өрт кезінде үй-жайдағы ауа алмасу жағдайын ескеретін физикалық параметрлердің негізінде есептелінуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Ғимараттың ішінде орналасқан конструкциялар үшін қыздырушы газ ортасының температурасын есептеудің әдісі құралдың 8-бөлімінде берілген.

6.3.1.2.2 Сыртқы конструкциялар үшін нәтижелендіруші салыстырмалық жылу ағысы жылу ағысының құрамдастарын өрт бөлімінің (секциясының) конструкциясынан және жанып жатқан үй-жайдың ойықтарынан шығатын жалыннан сомалаумен анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Ойықтар арқылы өрттік әсер етуге ұрылған сыртқы конструкциялар үшін қыздырудың жағдайын есептеудің әдісі құралдың 9-бөлімінде берілген.

6.3.1.3 Локалдық өрттер

6.3.1.3.1 Егер өрттің дамуы кезінде оның көлемді өртке ауысу мүмкіндігі жоқ болса, жылу техникалық есеп локалдық өрттік жағдайы үшін жүргізілуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Локалдық өрттің жылулық әсер етуін есептеудің әдісі құралдың 10-бөлімінде берілген.

6.3.2 Өрттердің жалпы модельдері

6.3.2.1 Өрттердің жалпы модельдері келесі әсер ететін физикалық параметрлерді толығырақ ескеруі керек:

- ортаның (газдық) қасиеті;
- масса алмасу жағдайы;
- жылу алмасу жағдайы (энергетикалық алмасу).

ЕСКЕРТПЕ Салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$ мен жылу ағысының қуаттылығын Q есептеудің әдісі құралдың 12-бөлімінде берілген.

6.3.2.2 Өрттердің жалпы модельдері ретінде келесі модельдердің біреуі қолданылуы керек:

- уақытқа байланысты үй-жайдағы температураны тегіс бөлуді шамалайтын бір аймақтық модель;
- жанып жатқан үй-жайдың көлемін екі қабатқа: температура мен уақытқа тәуелді қалыңдықты тегіс бөлетін жоғарғы, сонымен қатар температурасы төмендеу уақытқа тәуелді тегіс төмен қабаттарға бөлуді шамалайтын екі аймақтық модель;
- өрттің ұзақтығы мен үй-жайдағы қарастырылатын нүктенің кеңістіктік орналасуына байланысты үй-жайдың ішкі кеңістігінің нүктелеріндегі өрттің қауіпті факторларының өзгеруін анықтайтын есептегіш газ-динамикалық (далалық) модель.

ЕСКЕРТПЕ Бір аймақтық, екі аймақтық немесе далалық модельді пайдалану кезінде жылулық әсер етуді есептеудің әдістері құралдың 11-бөлімінде берілген.

6.3.2.3 Өрттердің жалпы модельдерін пайдалану кезінде конвекциямен жылу берудің коэффициентінің мәнін $\alpha_c = 35 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ тең етіп алуға жол беріледі.

6.3.3 Температураны конструкция ұзындығы бойынша бөлудің нақты есебі үшін локалдык өрт кезінде екі аймақтық модельді және локалдык өртті бағалауға арналған жүрістерді пайдалану арқылы алынған нәтижелердің үйлесімін пайдалануға жол беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Конструкциядағы температуралық өріс осы жағдайда конструкцияның әрбір нүктесі үшін екі аймақтық модельді және локалдык өрттің модельді пайдаланумен алынған есептік нәтижелерінің ең үлкені үшін таңдау жолымен анықталады.

7 СТАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУГЕ АРНАЛҒАН МЕХАНИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ

Күш түсетін қабілеттіліктің шекті жағдайы бойынша өртке төзімділікті анықтау кезінде конструкцияға әсер ету мен олардың [5] ережелеріне сәйкес үйлесімін пайдалану керек.

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Статикалық есеп жүргізу кезінде өрт жағдайы кезінде конструкцияның температурасының өзгеруі кезінде конструкцияның геометриялық өлшемдері мен формаларының (температуралық деформациялар) өзгеруін ескеру керек. Есептеу кезінде өлшемдері мен формаларының өзгеруін сол кезде пайда болған қосымша әсер ету (мысалы, күштер мен сәттер) арқылы, төмендегі жағдайларды санамағанда, ескеруге жол беріледі:

- егер әсер ету ескерілмей аз болса немесе олардың пайда болуы өртке төзімділіктің артуына әкелетін болса;

- пайда болатын қосымша әсер етулер сүйеу схемаларын таңдауда, шекаралық жағдайларды бекіту кезінде ескерілген және/немесе толығымен құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінің белгіленген өртке қарсы талаптарымен ескеріледі.

7.1.2 Тікелей емес әсер етуді бағалау кезінде статикалық есепті жүргізу шеңберінде келесілерді ескеру керек:

- конструкцияның (мысалы, арақабырға тақтайшасының екі жағынан қатты бекітілген) температуралық кеңеюіне арналған ықтимал физикалық шектеулердің бар болуы;

- статикалық анықталмаған конструкциялардың (мысалы, арақабырғаның кесілмеген тақтайшасы) тегіс емес температуралық кеңеюі;

- жартылай шектелген конструкцияның тегіс емес қызғанының салдарынан көлбеу қиысудағы ішкі кернеуді шақыратын ықтимал температуралық кеңею;

- өрт кезіндегі қарастырылатын қыздырылған конструкциямен тікелей байланыста болатын, жанасқан конструкциялардың ықтимал температуралық кеңеюі.

7.1.3 Өрттің $A_{ind,d}$ есептік нұсқасының тікелей емес әсер етуінің есептік мәндері жылу техникалық есеп пен құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке

қарсы бөлімдерінде келтірілген материалдардың жылу техникалық және механикалық сипаттамаларының есептік мәндері негізінде анықталады.

7.1.4 Егер құрылыс конструкциясының өртке төзімділігінің шегіне қойылатын өртке қарсы талаптар [3] бойынша өрттің стандарттық температуралық тәртібі үшін бекітілген болса, онда жанасатын конструкциялардан болатын тікелей емес әсер ету ескерілмейді.

7.2 Әсер етудің бір кезеңділігі

7.2.1 Дұрыс температура кезіндегі әсер ету

7.2.1.1 Егер дұрыс температура кезінде пайдалануға беру жағдайы үшін қабылданған конструкцияларға әсер ету өзінің әрекетін өрт кезінде сақтаған жағдай болса, онда оларды өрттің есептік нұсқасы үшін статикалық есептеу кезінде ескеру керек. Өрттің есептік нұсқасы үшін ауыспалы әсер етудің сипаттамалық мәндері [2] талаптарына сәйкес қабылдануы керек.

7.2.1.2 Статикалық есептеу кезінде конструкцияға жанатын заттар мен материалдардың өртенуіне байланысты жүктемелердің әрекет етуінің төмендеуі ескерілмейтін консервативтік жүріс қолданылады.

7.2.1.3 Конструкцияға түсетін қар жүктемесінің мәні өрттің есептік нұсқасы үшін конструкцияның қыздыру динамикасын негіздеу мен қар ерудің тиісті жылдамдығын анықтау (мысалы, жабын элементтерінің өртке төзімділігін анықтау кезінде) кезінде төмендетілуі мүмкін.

7.2.1.4 Өртке төзімділіктің статикалық есебін жүргізу кезінде өрттің есептік нұсқасы үшін өрт пайда болған кезде технологиялық жабдық тоқтайтындығы және нормативтік құжаттардың талабымен өзгесі (жетектердің және өртке қарсы сақтау жүйесінің инженерлік жабдықтарының жұмысы) қарастырылмаса, өндірістік процестерден (мысалы, дірілдер, соққылық жүктемелер) болатын қосымша әсер ету ескерілмейтіндігі қабылданады.

7.2.2 Қосымша әсер ету

7.2.2.1 Өртке төзімділіктің статикалық есебі кезінде өрт кезінде пайда болатын басқа тәуелсіз апаттық әсер етулерді, бірақ оның салдарын емес, ескермеуге жол беріледі.

7.2.2.2 Егер өрттің есептік нұсқасы жағдайында қарастырылатын конструкцияларға қосымша әсер етудің (конструкция, жабдық қираған кездегі, отын әуелік қоспалар мен қысым астындағы аппараттардың жарылысы кезіндегі динамикалық жүктеме) пайда болуы мүмкін болса, онда сол әсер етулер есептеу кезінде ескерілуі керек.

7.2.2.3 Өртке қарсы қабырғалардың өртке төзімділігін есептеу кезінде [4] сәйкес қиайтын жанасқан құрылыс конструкцияларынан болатын көлбеу қосымшаланған соққылық жүктемелердің әрекеті кезінде олардың беріктігін тексеру керек.

7.3 Әсер етудің үйлесімі

7.3.1 Жалпы ережелер

7.3.1.1 Өрт кезіндегі әсер етудің нәтижесінің есептік мәнін $E_{fi,d,t}$ анықтау үшін [2] келтірілген есептік апаттық жағдай (өрт) үшін механикалық әсер етудің үйлесу ережелері қолданылады.

7.3.1.2 Ауыспалы әсер етудің есептік мәнін квази тұрақты мән $\psi_{2,1} \cdot Q_1$ сияқты немесе $\psi_{1,1} \cdot Q_1$ жеке мәні сияқты балама түрінде ескеруге жол беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Қосымша деректер жоқ болғанда, есептеу кезінде ауыспалы әсер етудің квази тұрақты мәндерін $\psi_{2,1} \cdot Q_1$ пайдалануға кепілдеме беріледі.

7.3.2 Жеңілдетілген ережелер

7.3.2.1 Өрттің тікелей емес әсер етуін нақты есептеу қажеттілігі болмаға жағдайда, әсер етудің нәтижесі $t = 0$ уақыт сәті (өрттің басталу алдындағы сәт – пайдалануға берудің дұрыс жағдайлары) үшін 7.3.1 сәйкес әсер етуің үйлесімі үшін конструкцияларды есептеу жолымен анықталына алады. Әсер етудің $E_{fi,d}$ осы нәтижесін өрттің барлық ұзақтығы ішінде тұрақты етіп қабылдауға жол беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Осы талапты, мысалы, құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінің талаптарына сәйкес конструктивтік бөліктердің сараптамасын жүргізу кезінде қоршау мен тіреулерге әсер етудің нәтижелерін бағалау үшін қолдануға жол беріледі.

7.3.2.2 7.3.2.1 соңы ретінде өрт кезіндегі әсер етудің нәтижелері дұрыс температура кезінде пайдалануға беру жағдайлары үшін конструкцияны жобалау кезінде алынған нәтижелердің негізінде алынуы мүмкін:

$$E_{fi,d,t} = E_{fi,d} = \eta_{fi} \cdot E_d, \quad (7.1)$$

мұнда E_d – [2] сәйкес негізгі үйлесім бойынша әсер етудің тиісті есептік нәтижесі;

$E_{fi,d}$ – өрт кезіндегі нәтиженің тиісті тұрақты есептік мәні;

η_{fi} – құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінде анықталған келтірілген коэффициент.

7.3.3 Жүктеменің деңгейі

7.3.3.1 Егер жүктеудің тиісті деңгейі үшін кестелік деректер берілген жағдай болса, онда жүктеудің деңгейі келесі теңдеуге жатады:

$$E_{fi,d,t} = \eta_{fi,t} \cdot R_d, \quad (7.2)$$

мұнда R_d – құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінің талаптарына сәйкес анықталған дұрыс температура кезіндегі конструкцияның есептік кедергісі;


$\eta_{fi,t}$ – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті.

8 ӨРТТІҢ ПАРАМЕТРЛІК ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ ТӘРТІБІ

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Өрттің көрсетілген тәртібі еденінің ауданы 500 м^2 аспайтын және максималдық биіктігі 4 м артық болмайтын өрт секциялары үшін қолданбалы. Аталған өрт секцияларында жабында ойықтардың болуына жол берілмейді. Өрттің параметрлік тәртібін есептеу кезінде қарастырылатын кеңістіктегі өрт жүктемесі толығымен жанып кетеді деген жорамал қабылданады.

8.1.2 8.1-суретте өрттің типтік параметрлік тәртібінің температуралық-уақыттық тәуелділігі келтірілген. Суреттен байқалғандай, көрсетілген тәуелділік қыздыру сатысын (максималдық температураға дейінгі экспоненциалдық қисық Θ_{\max}) және салқындату сатысын (қоршаған ортаның температурасына дейінгі сызықтық-кемитін түзу) қосады. Өрттің максималдық температурасы Θ_{\max} мен максималдық температураға қол жеткізудің уақыты t^*_{\max} өрт кезінде ғимараттың конструктивтік жүйесінің жүрісіне әсер ететін екі негіз салушы фактор болып табылады және параметрлік өрттер үшін есептік формулалардағы бақылаушы параметрлерді анықтайды. Мұндай параметрлерге 1) өрт жүктемесі; 2) ойықтылық коэффициенті; 3) қоршау конструкцияларының сипаттамалары жатады.



8.1-сурет – Өрттің параметрлік тәртібінің негізгі сатылары

8.1.3 Егер салыстырмалық өрт жүктемесі осы құралдың 12-бөлімінде келтірілген өртенудің сипаттамаларының есебісіз белгіленсе, онда әдісті қолдану артық целлюлоздық өрт жүктемесі бар өрт бөлімдерімен шектелуі керек. Көрсетілген шектеулер мен рұқсаттар еуропалық ұйымдардың алдыңғы қатарлы ғылыми сынақ зертханаларында орындалған 100 аса өрт сынақтарының деректерін өңдеу нәтижелері бойынша анықталған.

8.2 Қыздыру сатысы

8.2.1 Параметрлік өрт кезінде қыздыру сатысындағы қыздыратын ортаның температурасын өзгерту мына формула бойынша анықталады:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot t^*} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot t^*} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot t^*}), \quad (8.1)$$

мұнда Θ_g – конструкция маңындағы қыздырушы ортаның температурасы, °C;

$e = 2,718281 \dots$ – натурал логарифмнің негізі;

t^* – уақыт, сағ.

$$t^* = t \cdot \Gamma, \text{ ч}, \quad (8.2 \text{ а})$$

мұнда t – өрттің әсер ету уақыты, сағ.;

Γ – уақытша коэффициент.

Ойықтылық коэффициенті O мен жылу сіңіргіштік қабілеттілігі b тәуелді уақытша коэффициент Γ мына жолмен анықталады:

$$\Gamma = \frac{(O/b)^2}{(0,04/1160)^2}, \quad (8.2 \text{ б})$$

мұнда $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$ – қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі, $(100 < b < 2200)$, Дж·м⁻²·с^{-1/2}·К⁻¹;

мұнда ρ – қоршау конструкциясының материалының тығыздығы, кг·м⁻³;

c – қоршау конструкциясының материалының салыстырмалық жылу сыйымдылығы, Дж·кг⁻¹·К⁻¹;

λ – қоршау конструкциясының материалының жылу өткізгіштіктің коэффициенті, Вт·м⁻¹·К⁻¹;

O – ойықтылық коэффициенті $0,02 < O < 0,2$, м^{1/2},

$$O = \frac{A_v \cdot \sqrt{h_{eq}}}{A_t}, \quad (8.2 \text{ в})$$

мұнда A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, м²;

h_{eq} – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі, м;

A_t – қоршаулардың (қабырғалардың, ойықтарды қоса, жабындар мен едендердің) суммарлық ауданы, м².

ЕСКЕРТПЕ Уақытша коэффициенттің $\Gamma = 1$ мәні кезінде (8.1) формуласы $t > 6$ мин үшін 1 % кем дәлсіздігі бар стандарттық температуралық-уақыттық тәуелділікке түрленеді.

8.2.2 Өрттің параметрлік тәртібінің температуралық-уақыттық тәуелділігін ойықтылық коэффициентінен өзгерту 8.2-суретте берілген. Ойықтылық коэффициентінің кіші мәндері кезінде өрттің ұзақтығы өседі, ал өрттің температурасы төмендейді, ойықтылық коэффициентінің үлкен мәндері кезінде – өрт үлкен жылдамдықпен жүреді, оның ұзақтығы азаяды, ал максималдық температураның мәні ұлғаяды.

8.2.3 b коэффициентін есептеу үшін ρ тығыздығын, салыстырмалық жылу сыйымдылығын c және қоршау конструкцияларының жылу өткізгіштіктің коэффициентін λ бастапқы температура кезінде қабылдауға жол беріледі.

8.2.4 Қоршау конструкциясының көп қабаттық құрылымын есептеу жылу сіңіргіштіктің қабілеттілігі $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$ кезінде мына жолмен анықталады:

– егер $b_1 < b_2$ болса, онда $b = b_1$; (8.3)

– егер $b_1 < b_2$ болса, онда қыздырылатын материал үшін шекті қалыңдық s_{lim} , м, мына формула бойынша есептеледі:

$$s_{lim} = \sqrt{\frac{3600 \cdot t_{max} \cdot \lambda_1}{c_1 \cdot \rho_1}}, \quad (8.4)$$

мұнда t_{max} – (8.7) формула бойынша анықталады;

– егер $s_1 > s_{lim}$ болса, онда $b = b_1$;

(8.4 а)

– егер $s_1 > s_{lim}$ болса, онда $b = \frac{s_1}{s_{lim}} \cdot b_1 + \left(1 - \frac{s_1}{s_{lim}}\right) \cdot b_2$, (8.4 б)

мұнда s_i – қоршау конструкциясының i қабатының қалыңдығы.

Қоршау конструкциясының i қабатының материалының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі b_i , $\text{Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$ мына жолмен анықталады:

$$b_i = \sqrt{\rho_i \cdot c_i \cdot \lambda_i},$$


мұнда ρ_i – қоршау конструкциясының i қабатының материалының тығыздығы;

c_i – қоршау конструкциясының i қабатының материалының салыстырмалық жылу сыйымдылығы;

λ_i – қоршау конструкциясының i қабатының материалының жылу өткізгіштіктің коэффициенті;

1-индекс – тікелей өрттің әсер етуіне ұрылған қабат;

2-индекс – келесі қабат ж.с.с.



8.2-сурет – Ойықтылық коэффициенттерінің әртүрлі мәндері кезіндегі өрттің параметрлік тәртібінің температуралық-уақыттық тәуелділігі


8.2.5 Қабырғалар, төбелер мен едендер үшін жылу сіңіргіштік қабілеттіліктің коэффициенттерін b айырудың есебі үшін келесі формула қолданылады:

$$b = \frac{\sum (b_j \cdot A_j)}{A_f - A_v}, \quad (8.5)$$

мұнда $A_j - j$ қоршау конструкциясының бетінің ауданы, ойықтардың есебісіз;

b_j – (8.3) және (8.4) формулаларына сәйкес j қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі.

8.2.6 Әртүрлі материалдардан (гипсокартон, жеңіл және ауыр бетон) орындалған қоршау конструкцияларының жылу сіңіргіштік қабілеттілігінің параметрлік өрттің дамуына әсер етуі 8.3-суретте берілген. Берілген теңдеулерде өрт секциясындағы есептік өрт жүктемесінің бірдей мәндері кезінде ($q_{f,d}=770 \text{ МДж}\cdot\text{м}^{-2}$) конструкция материалының тығыздығының ұлғаюы өрттің максималдық температурасын (Θ_{\max}) және көрсетілген температураға (t^*_{\max}) қол жеткізу уақытын төмендетуге әкелетіндігі көрінеді.



8.3-сурет – Әртүрлі материалдардан жасалған қоршау конструкцияларының жылу сіңіргіштік қабілетінің өрттің параметрлік тәртібін дамытуға ықпал етуі

8.2.7 [6] 8.1-кестеде сәйкес әртүрлі температуралар үшін құрылыс конструкциялардың материалдарын жобалау кезінде ең көп таралған жылулық сипаттамалар берілген.

8.1-кесте – Құрылыс материалдарының жылулық сипаттамалары

Материалдың атауы	Температура, °C	λ , Вт·м ⁻¹ ·К ⁻¹	ρ , кг·м ⁻³	c , Дж·кг ⁻¹ ·К ⁻¹
1	2	3	4	5

8.1-кесте – Құрылыс материалдарының жылулық сипаттамалары (жалғасы)

1	2	3	4	5
Ауыр бетон	20	2	2300	900
	200	1,63	2300	1022
Ауыр бетон	500	1,21	2300	1164
	1000	0,83	2300	1269
Жеңіл бетон	20	1	1500	840
	200	0,875	1500	840
	500	0,6875	1500	840
	1000	0,5	1500	840
Болат	20	54	7850	425
	200	47	7850	530
	500	37	7850	667
	1000	27	7850	650
Гипс (оқшаулайтын материал ретінде)	20	0,035	128	800
	200	0,06	128	900
	500	0,12	128	1050
	1000	0,27	128	1100
Оқшаулағыш бетон	20	0,0483	200	751
	250	0,0681	200	954
	500	0,1128	200	1052
	800	0,2016	200	1059
Кальций силикатынан жасалған тақтайшалар	20	0,0685	450	748
	250	0,0786	450	956
	450	0,0951	450	1060
	1050	0,157	450	1440
Сүрек	20	0,1	450	1113
	250	0,1	450	1125
	450	0,1	450	1135
	1050	0,1	450	1164
Кірпіш	20	1,04	2000	1113
	200	1,04	2000	1125
	500	1,18	2000	1135
	1000	1,41	2000	1164
Шыны	20	0,78	2700	840

8.2.8 Қыздыру сатысында максималдық температураға $\Theta_{\max} t^* = t^*_{\max}$ кезінде қол жеткізіледі:

$$t^*_{\max} = t_{\max} \cdot \Gamma; \quad (8.6)$$

$$t_{\max} = \max \left\{ \frac{0,2 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d}}{O}, t_{\lim} \right\} \quad - \text{өрт желдетумен реттеледі} \quad (8.7)$$

– өрт өрт жүктемесімен реттеледі,

мұнда $q_{t,d}$ – қоршау конструкцияларының бетінің суммарлық ауданына A_t келтірілген есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, $\text{МДж}\cdot\text{м}^{-2}$, мына формула бойынша анықталады:

$$q_{t,d} = q_{f,d} \cdot A_f / A_t.$$


мұнда $q_{f,d}$ – еденнің суммарлық ауданына A_f келтірілген есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, $\text{МДж}\cdot\text{м}^{-2}$ (осы құралдың 12-бөлімі);

t_{lim} – өрт жүктемесімен реттелетін өрттер үшін максималдық температураға қол жеткізудің уақыты, сағ., осы құралдың 8.2.12-тармағы бойынша қабылданады.

Салыстырмалық өрт жүктемесін есептеу кезінде $50 \leq q_{t,d} \leq 1000 \text{ МДж}\cdot\text{м}^{-2}$ шартының орындалғандығын тексеруді жүзеге асыру керек.

ЕСКЕРТПЕ Үй-жайдағы өрттің максималдық температурасына сәйкес келетін t_{max} уақыты өрт жүктемесімен реттелетін өрттер үшін t_{lim} -тең етіп қабылданады. Егер өрт желдетумен реттелсе, онда $t_{\text{lim}} = 0,2 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d} / O$ болады.

8.2.9 Өрт жүктемесінің өрттің температуралық тәртібіне әсер етуі өзге тең жағдайларда (ойықтылық коэффициенті O мен қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігі b) 8.4-суретте берілген. Салыстырмалық өрт жүктемесінің шамасын азайту кезінде максималдық температураны (Θ_{max}) төмендету мен өрт бөлімінде максималдық температураға (t^*_{max}) қол жеткізудің уақытын азайту жүреді.



8.4-сурет – Өрттің параметрлік тәртібі кезіндегі салыстырмалық өрт жүктемесінің қыздырушы ортаның температурасына ықпал етуі

8.2.10 Егер $t_{\text{max}} = t_{\text{lim}}$ (өрт өрт жүктемесімен реттеледі) болса, онда (8.1) формуласындағы t^* , сағ, келесіге ауыстырылады:

$$t^* = t \cdot \Gamma_{\text{lim}}; \quad (8.2 \text{ б})$$

$$\Gamma_{\text{lim}} = \frac{(O_{\text{lim}}/b)^2}{(0,04/1160)^2}, \quad (8.8)$$

$$\text{мұнда } O_{\text{lim}} = 0,1 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d}/t_{\text{lim}}. \quad (8.9)$$

8.2.11 Егер $O > 0,04$, $q_{t,d} < 75$ және $b < 1160$ шарты орындалып жатса, онда (8.8) формуласындағы Γ_{lim} коэффициентін k көбейту керек:

$$k = 1 + \left(\frac{O - 0,04}{0,04} \right) \cdot \left(\frac{q_{t,d} - 75}{75} \right) \cdot \left(\frac{1160 - b}{1160} \right). \quad (8.10)$$

8.2.12 Өрт жүктемесімен реттелетін өрттің максималдық температурасына жетудің уақыты төмендегідей қабылданады:

- $t_{\text{lim}} = 25$ мин – өрттің баяу дамуы үшін;
- $t_{\text{lim}} = 20$ мин – өрттің орташа дамуы үшін;
- $t_{\text{lim}} = 15$ мин – өрттің жылдам дамуы үшін.

8.2.13 Өртті дамытудың жылдамдығын таңдау жөніндегі нұсқаулар 12-бөлімде (осы құралдың 12.5-кестесі) берілген. Одан басқа, өртті дамытудың жылдамдығын анықтау кезінде « t -squared» моделін қолдануға жол беріледі, ол бойынша жылу бөлудің шамасы өрт жүктемесінің ерекшелігін және [7] өрттің дамуының ерекшеліктерін ескеретін коэффициентке көбейтілген екінші дәреженің уақытына пропорционал:

$$Q = \alpha \cdot t^2, \quad (8.11)$$

- мұнда Q – жылулық энергиясы, кВт;
 α – өрт ерекшелігінің коэффициенті, кВт·с⁻¹;
 t – уақыт, с.

8.2.14 « t -squared» өрттерінің өрттің дамуының барлық типтерін сипаттау үшін төрт класы бар: баяу, орташа, жылдам және өте жылдам. 8.2-кестеде жылу ағысының қуаттылығына 1 МВт қол жеткізетін α мәндері бар өрттің дамуының төрт типі берілген, баяу өрт 1 МВт қуаттылыққа – 600 секундта, өте жылдам – 75 секундта қол жеткізеді. 8.3-кестеде мысал ретінде әртүрлі қызметтік мақсаттың үй-жайлары үшін Британ стандарттарымен кепілдеме берілген өрттің дамуының әртүрлі типтері келтірілген. Жылу ағысының қуаттылығын және өрттің дамуының жылдамдығын толығырақ анықтау осы құралдың 12-бөлімінде келтірілген.

8.2-кесте – α коэффициентінің және жылу бөлуге қол жеткізу уақытының 1 МВт-тегі мәні

Дамыту параметрі	α , кВт·с ⁻¹	Жылу бөлуге қол жеткізудің уақыты t_{α} 1 МВт, с
1	2	3
Баяу	0,003	600
Орташа	0,012	300
Жылдам	0,047	150
Өте жылдам	0,188	75

8.3-кесте – Өрттің дамуының әртүрлі функционалдық мақсаттағы үй-жайлар мен ғимараттар үшін мысалдары

Функционалдық мақсаты	Өрттің даму типі	Жылу бөлуге қол жеткізудің уақыты t_{α} 1 МВт, с
Картиналық галерея	Баяу	600
Қоймалық ғимарат (қиын тұтанатын заттар мен материалдарды сақтау)	Баяу	600
Тұрғын үй	Орташа	300
Қонақ үй	Орташа	300
Қоймалық ғимарат (мақтадан жасалған маталар, полиэстер)	Орташа	300
Кеңсе	Орташа	300
Дүкен	Жылдам	150
Қоймалық ғимарат (пошталық жіберулер, көбікпласт, сүректің қатары)	Жылдам	150
Химиялық кәсіпорын	Өте жылдам	75
Қоймалық ғимарат (жылдам тұтанатын сұйықтықтардың өртенуі, жұмсақ жиһаздық көмкерме)	Өте жылдам	75

8.2.15 Өрттің даму типтері мен өрт жүктемесінің кейбір түрлері үшін оларға тиісті жылдамдықтар 8.5-суретте [8] графикалық түрде берілген.

8.3 Салқындату сатысы

8.3.1 Салқындату сатысындағы параметрлік өрттің температуралық тәртібі төмендегі формулалар бойынша анықталады:

$$\text{егер } t_{\max}^* \leq 0,5 \text{ болса, } \Theta_g = \Theta_{\max} - 625 \cdot (t^* - t_{\max}^* \cdot x), \quad (8.12 \text{ а})$$


$$\Theta_g = \Theta_{\max} - 250 \cdot (3 - t_{\max}^*) \cdot (t^* - t_{\max}^* \cdot x), \text{ если } 0,5 < t_{\max}^* < 2; \quad (8.12 \text{ б})$$

$$\Theta_g = \Theta_{\max} - 250 \cdot (t^* - t_{\max}^* \cdot x), \text{ если } t_{\max}^* \geq 2, \quad (8.12 \text{ в})$$

мұнда t^* – осы құралдың (8.2а) формуласы бойынша анықталады.

$x = 1$, егер $t_{\max} > t_{\lim}$ немесе

$x = t_{\lim} \cdot \Gamma / t_{\max}^*$, если $t_{\max} = t_{\lim}$ болса.



8.5-сурет – Өрт жүктемесінің құрамына байланысты өрттің дамуының жылдамдығы


8.3.2 Суыту сатысындағы максималдық температура мына формула бойынша анықталады:

$$t_{\max}^* = (0,2 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d}/O) \cdot \Gamma. \quad (8.13)$$

1-мысал

Шығыс деректер: ғимараттың қоршау конструкциялары (қабырғалары мен жабындары) темір бетоннан орындалған. Сыртқы қабырғаларында ашық ойықтар бар. Ғимараттың параметрлері:

- ені $a = 8$ м;
- ұзындығы $b = 10$ м;
- үй-жайдың биіктігі $h = 3,15$ м;
- барлық қабырғалар бойынша келтірілген ойықтардың биіктігі $h_{eq} = 1,537$ м;
- ойықтардың ені $b_{op} = 3,85$ м;
- ойықтардың саны $n = 4$ (8.6-сурет).



8.6-сурет – Кеңселік ғимараттың геометриялық сипаттамасы

Жабын темір бетоннан жасалған және сипаттамасы төмендегідей:

- тығыздығы $\rho = 2300 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-3}$;

- салыстырмалық жылу сыйымдылығы $c = 840 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{К}^{-1}$;
- жылу өткізгіштіктің коэффициенті $\lambda = 1,57 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-1} \cdot \text{К}^{-1}$.

Қабырғалар жеңіл бетоннан жасалған және сипаттамасы төмендегідей:

- бетонның тығыздығы $\rho = 500 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-3}$;
- салыстырмалық жылу сыйымдылығы $c = 840 \text{ Дж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{К}^{-1}$;
- жылу өткізгіштіктің коэффициенті $\lambda = 0,22 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-1} \cdot \text{К}^{-1}$.

Талап етіледі: Бір қабаттық кеңсе ғимараты үшін өрттің параметрлік тәртібінің есебін жүргізу

Есептеу:

Өрт жүктемесін есептеу

Кеңселік ғимараттар үшін салыстырмалық өрт жүктемесінің мәні 80% қамтамасыз ету кезінде осы құралдың 12.4-кестесіне сәйкес анықталады:

$$q_{f,k} = 511 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Өрт бөлімінің еденінің ауданы:

$$A_f = a \cdot b = 8,5 \times 10 = 85 \text{ м}^2 \text{ құрайды.}$$

Өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті өрт бөлімінің үй-жайының өлшемдеріне байланысты құралдың 12.1-кестесі бойынша сызықтық интерполяциямен анықталады:

$$\delta_{q1} = 1,1 + (1,5 + 1,1) \times (85 - 25) / (250 - 25) = 1,20.$$

Өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті ғимараттың мақсатына байланысты құралдың 12.4-кестесіне сәйкес анықталады:

$$\delta_{q2} = 1,00.$$

Өртті сөндіруге арналған арнайы шараларды ескеретін коэффициент құралдың 12.1.4 тармағына сәйкес:

$$\delta_n = 1,00 \text{ тең етіп қабылданады.}$$

Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$ (12.1) формуласы бойынша анықталады:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n = 511 \times 0,8 \times 1,20 \times 1,00 \times 1,00 = 490,6 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2},$$

мұнда m – целлюлоздық өрт жүктемесінің өртенуінің толықтығының коэффициенті.

Өрт бөлімінің жылу техникалық сипаттамалары

Қоршаудың (қабырғаның, ойықтарды қоса, жабындар мен едендердің) суммарлық ауданы:

$$A_t = 2 \cdot A_f + 2 \cdot (a + b) \cdot h = 2 \times 85 + 2 \times (8,5 + 10,0) \times 3,15 = 286,55 \text{ м}^2 \text{ құрайды.}$$

Барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы:

$$A_v = n \cdot h_{eq} \cdot b_{op} = 4 \times 1,537 \times 3,85 = 23,67 \text{ м}^2 \text{ құрайды.}$$

Өрт бөліміндегі желдетудің сипаттамалары

Ойықтылық коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$O = \frac{A_v \cdot \sqrt{h_{eq}}}{A_t} = \frac{23,67 \times \sqrt{1,537}}{286,55} = 0,1024 \text{ м}^{1/2},$$

мұнда $h_{eq} = 1,537 \text{ м}$ – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі.

Ойықтылық коэффициентінің мәні осы құралдың 8.2.1 тармағына сәйкес $0,02 < O < 0,2 \text{ м}^{1/2}$ шартын қанағаттандырады.

Қоршау бетінің суммарлық ауданына A_t келтірілген есептік салыстырмалық өрт жүктемесі мына формула бойынша анықталады:

$$q_{t,d} = q_{f,d} \cdot A_f / A_t = 490,6 \times 85 / 286,55 = 145,5 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Максималдық температураға қол жеткізудің уақытын анықтау

Өртті өрт жүктемесімен немесе желдетумен реттеудің типін келесідей анықтаймыз:

$$0,2 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d} / O = 0,2 \cdot 10^{-3} \times 145,5 / 0,1024 = 0,284 \times h < t_{\text{lim}} = 0,333 \times h \rightarrow$$

сөйтіп, осы құралдың 8.2.5 тармағына сәйкес, өрт жүктемемен реттеледі деген қорытынды жасауға болады.

Қыздыру және салқындату сатысында өрттің температуралық тәртібін есептеу үшін b параметрінің (қоршаудың жылу сіңіргіштік қабілеттілігі) есебін жүргізу керек. Ғимараттың қоршау конструкциялары ауыр және жеңіл бетоннан жасалғандығының есебімен параметрдің мәні келесі жолмен анықталады:

Жабын мен еденнің жылу сіңіргіштік қабілеттілігі мына формула бойынша анықталады:

$$b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda} = \sqrt{2300 \times 840 \times 1,57} = 1742 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}.$$

Қабырғалардың жылу сіңіргіштік қабілеттілігі мына формула бойынша анықталады:

$$b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda} = \sqrt{500 \times 840 \times 0,22} = 304 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}.$$

Жабын мен еденге, сонымен қатар қабырғаға арналған жылу сіңіргіштік қабілеттілігінің мәні $100 < b < 2200$ интервалында болады.

Қабырғаларға, төбелер мен едендерге арналған коэффициенттердің $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$ айырмашылығын есептеп мына формула бойынша жүргізіледі:

$$b = \frac{\sum (b_j \cdot A_j)}{A_t - A_v} = \frac{2 \times 85 \times 7 \times 1742 + (2 \times (8,5 + 10,0) \times 3,15 - 23,67) \times 304}{286,55 - 23,67} = 1234 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}.$$

Қыздыру сатысына арналған температуралық-уақыттық теңдеуінің түрі келесідей:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot t^*} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot t^*} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot t^*}).$$

Өрт $t_{\text{max}} = t_{\text{lim}}$, жүктемесімен реттелуіне байланысты (8.1) формуласындағы t^* мынаған ауыстырылады:

$$t^* = t \cdot \Gamma_{\text{lim}} = 1,05 = 1,05 \cdot t,$$

$$\text{мұнда } \Gamma_{\text{lim}} = \frac{(O_{\text{lim}} / b)^2}{(0,04 / 1160)^2} = \frac{(0,0437 / 1234)^2}{(0,04 / 1160)^2} = 1,05.$$

$$O_{\text{lim}} = 0,1 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d} / t_{\text{lim}} = 0,1 \times 10^{-3} \times 145,5 / 0,333 = 0,0437$$

Сәйкесінше, қыздыру сатысындағы өрттің температурасы келесідей анықталады:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot (1,05 \cdot t)} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot (1,05 \cdot t)} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot (1,05 \cdot t)}).$$

Өртті суытудың сатысын есептеу үшін максималдық температура келесі жолмен анықталады:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot t^*_{\text{max}}} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot t^*_{\text{max}}} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot t^*_{\text{max}}}),$$

мұнда, $t^*_{\text{max}} = t_{\text{max}} \cdot \Gamma = 0,333 \times h \times 5,791 = 1,928 \times h$.

t^*_{max} уақыты келесі жолмен анықталады:

$$t_{\text{max}} = \max \left\{ \frac{0,2 \times 10^{-3} \cdot q_{t,d}}{O} \right\} = \max \left\{ \frac{0,2 \times 10^{-3} \times 145,5}{0,1024} = 0,284 \times h \right\} = 0,333 \times h.$$

Ойықтылық коэффициентіне O және жылу сіңіргіштік қабілеттілікке b тәуелді уақытша коэффициент келесі формула бойынша анықталады:

$$\Gamma = \frac{(O/b)^2}{(0,04/1160)^2} = \frac{(0,1024/1234)^2}{(0,04/1160)^2} = 5,791.$$

Максималдық температураның мәні келесі жолмен анықталады:


$$\begin{aligned} \Theta_{\text{max}} &= 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot t^*} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot t^*} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot t^*}) = \\ &= 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \times e^{-0,2 \times 1,928} - 0,204 \times e^{-1,7 \times 1,928} - 0,472 \times e^{-19 \times 1,928}) = 1042 \text{ } ^\circ\text{C}. \end{aligned}$$

$0,5 < t^*_{\text{max}} < 2$ шарты орындалып жатқандықтан, сәйкесінше суыту сатысындағы температуралық тәртіп (8.11b) формуласы бойынша анықталады:

$$\begin{aligned} \Theta_g &= \Theta_{\text{max}} - 250 \cdot (3 - t^*_{\text{max}}) \cdot (t^* - t^*_{\text{max}} \cdot x) = \\ &= 1042 - 250 \cdot (3 - 1,928) \cdot (t^* - 1,928 \cdot 1,000209) = 773,95 - 268 \cdot t^*, \end{aligned}$$

мұнда $x = t_{\text{lim}} \cdot \Gamma / t^*_{\text{max}} = 0,333 \times 5,791 / 1,928 = 1,000209$.

Өрттің параметрлік тәртібінің нәтижелендіруші мәндерін есептеу 8.7-суретте берілген.



8.7-сурет – Кеңселік ғимараттардағы өрттің параметрлік тәуелділігінің температуралық-уақыттық тәуелділігі

2-мысал

Шығыс деректер (кеңселік ғимарат):

- жалпы ауданы $A_f = 135 \text{ м}^2$;
 - қоршаудың (қабырғаның, ойықтарды қоса, жабындар мен едендердің) суммарлық ауданы $A_t = 474 \text{ м}^2$;
 - тік ойықтардың суммарлық ауданы $A_v = 27 \text{ м}^2$;
 - тік ойықтардың ауданының еден ауданына қатынасы $\alpha_v = 0,2$;
 - көлбеу ойықтардың ауданының еден ауданына қатынасы $\alpha_h = 0,0$;
 - ғимараттың биіктігі $H = 4,0 \text{ м}$;
 - барлық қабырғалар бойынша келтірілген ойықтардың биіктігі $h_{eq} = 1,8 \text{ м}$;
- Ғимарат конструкциясы жеңіл бетоннан жасалған және сипаттамасы төмендегідей:
- бетонның тығыздығы $\rho = 1900 \text{ кг·м}^{-3}$;
 - салыстырмалық жылу сыйымдылығы $c = 840 \text{ Дж·кг}^{-1}·\text{К}^{-1}$;
 - жылу өткізгіштіктің коэффициенті $\lambda = 1,0 \text{ Вт·м}^{-1}·\text{К}^{-1}$.
- Есепке өрт дамудың орташа қарқындылығы қабылданады:

Талап етіледі: Бір қабаттық кеңсе ғимараты үшін өрттің параметрлік тәртібінің есебін жүргізу

Есептеу:

Салыстырмалық өрт жүктемесінің шамасын анықтау

Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$ осы құралдың (12.1) формуласы бойынша анықталады:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n = 805 \times 0,8 \times 1,50 \times 1,00 \times 0,50 = 483,0 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

мұнда m – өртенудің толықтығының коэффициенті;

δ_{q1} – үй-жайдың (өрт секциясының) өлшемдеріне байланысты өрттің туу қаупінің есебінің коэффициенті;

δ_{q2} – ғимараттың мақсатына байланысты өрттің туу қаупінің есебінің коэффициенті;

$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni}$ – i өртін сөндіруге арналған арнайы шешімдердің (шаралардың) бар екендігін ескеретін коэффициент. Әдетте, бұл шешімдер адамдардың өмірін сақтауға бағытталған;

$q_{f,k}$ – еденнің ауданына келтірілген сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі, МДж·м⁻².

Өрт жүктемесі пайыздық қатынаста қарастырылатын ғимаратта мынандай жолмен бөлінген:

- 20% пластмасса;
- 11% қағаз;
- 69% ағаш.

Өрт жүктемесі целлюлозадан тұратын материалдармен айтарлықтай ұсынылғандықтан, өртенудің толықтығының коэффициенті құралдың 12.8.2-тармағына сәйкес $m = 0,8$ тең етіп қабылданады.

Өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті өрт бөлімінің үй-жайының өлшемдеріне байланысты құралдың 12.1-кестесіне сәйкес:

$$\delta_{q1} = 1,5 \text{ тең етіп қабылданады.}$$

Өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті ғимараттың мақсатына байланысты құралдың 12.4-кестесіне сәйкес:

$$\delta_{q2} = 1,00.$$

Өртті сөндіруге арналған арнайы шараларды ескеретін коэффициент құралдың 12.1.3 тармағына сәйкес:

$$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni} = 1,0 \times 0,73 \times 0,87 \times 0,78 \times 1,0 \times 1,0 \times 1,0 = 0,50.$$

тең етіп қабылданады.

Сипаттамалық өрт жүктемесі құралдың (12.2) формуласы бойынша анықталады:

$$Q_{fi,k} = \sum M_{ki} \cdot H_{ui} \cdot \psi_i = (135 \times 46) \times 17,5 \times 1,0 = 108675 \text{ МДж.}$$

мұнда $M_{k,i}$ – жанатын материалдың массасы (шығыс деректеріне сәйкес ағашқа эквиваленттегі өрт жүктемесінің жалпы саны $135 \text{ м}^2 \times 46 \text{ кг}_{\text{ағаш}} \cdot \text{м}^{-2}$) тең;

$$H_{ui} = 17,5 \text{ МДж} \cdot \text{кг}^{-1} - 12.3\text{-кестесіне сәйкес ағаштың өртенуінің астыңғы жылуы};$$

$$\psi_i = 1 \text{ құралдың 12.4.2-тармағына сәйкес.}$$

Салыстырмалық өрт жүктемесінің сипаттамалық мәні құралдың 12.4.2-тармағына сәйкес анықталады.

Салыстырмалық өрт жүктемесінің сипаттамалық мәні (12.3) формуласы бойынша анықталады:

$$q_{f,k} = Q_{f,k}/A = 108675/135 = 805 \text{ МДж.}$$

Өрттің параметрлік тәртібін есептеу

Бірінші кезекте өрттің қандай жолмен: өрт жүктемесімен немесе желдетумен реттелетіндігі анықталады.

Ойықтылық коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$O = \frac{A_v \cdot \sqrt{h_{eq}}}{A_t} = \frac{27,0 \times \sqrt{1,8}}{474,0} = 0,076 \text{ м}^{1/2}.$$

мұнда $h_{eq} = 1,537 \text{ м}$ – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі.

Ойықтылық коэффициентінің мәні осы құралдың 8.2.1 тармағына сәйкес $0,02 < O < 0,2 \text{ м}^{1/2}$ шартын қанағаттандырады.

Қоршау бетінің суммарлық ауданына A_t келтірілген есептік салыстырмалық өрт жүктемесі мына формула бойынша анықталады:

$$q_{t,d} = q_{f,d} \cdot A_f/A_t = 483,0 \times 135,0/474,0 = 137,6 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Өртті өрт жүктемесімен немесе желдетумен реттелетіндігін келесідей анықталады:

$$0,2 \cdot 10^{-3} \cdot q_{t,d}/O = 0,2 \cdot 10^{-3} \times 137,6/0,076 = 0,362 \times h > t_{lim} = 0,333 \times h \rightarrow$$

сөйтіп, осы құралдың 8.2.5 тармағына сәйкес, өрт желдетумен реттеледі деген қорытынды жасауға болады.

Қыздыру және салқындату сатысында өрттің температуралық тәртібін есептеу үшін b параметрінің (қоршаудың жылу сіңіргіштік қабілеттілігі) есебін жүргізу керек. Ғимараттың қоршау конструкциялары жеңіл бетоннан жасалғандығының есебімен параметрдің мәні келесі жолмен анықталады:

$$b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda} = \sqrt{1900 \times 840 \times 1,0} = 1263,3 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}.$$

Қыздыру сатысына арналған температуралық-уақыттық теңдеуінің түрі келесідей:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot t^*} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot t^*} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot t^*}).$$

Өрттің желдетумен реттелуіне байланысты t^* уақыты келесі жолмен анықталады:

$$t^* = t \cdot \Gamma = 3,04 \cdot t$$

$$\text{мұнда } \Gamma = \frac{(O/b)^2}{(0,04/1160)^2} = \frac{(0,076/1263,3)^2}{(0,04/1160)^2} = 3,04.$$

Сәйкесінше, қыздыру сатысындағы өрттің температурасы келесідей анықталады:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2 \cdot (3,04 \cdot t)} - 0,204 \cdot e^{-1,7 \cdot (3,04 \cdot t)} - 0,472 \cdot e^{-19 \cdot (3,04 \cdot t)}).$$

Өртті суытудың сатысын есептеу үшін максималдық температура келесі жолмен анықталады:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \times e^{-0,2 \cdot t^*_{\max}} - 0,204 \times e^{-1,7 \cdot t^*_{\max}} - 0,472 \times e^{-19 \cdot t^*_{\max}}),$$

$$\text{мұнда } t^*_{\max} = t_{\max} \cdot \Gamma = 0,363 \times 3,04 = 1,10 \times h.$$

t^*_{\max} уақыты келесі жолмен анықталады:

$$t_{\max} = \max \left\{ \frac{0,2 \times 10^{-3} \cdot q_{t,d}}{O}, t_{\lim} \right\} = \max \left\{ \frac{0,2 \times 10^{-3} \times 137,6}{0,076} = 0,363 \times h, 0,333 \times h \right\} = 0,363 \times h.$$

Максималдық температураның мәні келесі жолмен есептелінеді:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \times e^{-0,2 \times 1,1} - 0,204 \times e^{-1,7 \times 1,1} - 0,472 \times e^{-19 \times 1,1}) = 958,8 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

Салқындату сатысында t^* және t^*_{\max} келесі жолмен есептелінеді:

$$t^* = t \cdot \Gamma = 3,04 \times t$$


$$t^*_{\max} = (0,2 \times 10^{-3} \cdot q_{t,d} / O) \cdot \Gamma = (0,2 \times 10^{-3} \times 137,6 / 0,076) = 1,1 \times h.$$

$0,5 < t^*_{\max} < 2$ шарты орындалып жатқандықтан, сәйкесінше салқындату сатысында температуралық тәртіп (8.11б) формуласы бойынша анықталады:

$$\begin{aligned} \Theta_g &= \Theta_{\max} - 250 \cdot (3 - t^*_{\max}) \cdot (t^* - t^*_{\max} \cdot x) = \\ &= 958,8 - 250 \times (3 - 1,1) \times (t \times 3,04 - 1,1 \times 1,0) = 1481,3 - 1444 \times t. \end{aligned}$$

мұнда, $x=1$, себебі $t_{\max} > t_{\lim}$.

Өрттің параметрлік тәртібін есептеудің нәтижелендіруші мәндері 8.8-суретте берілген.



8.8-сурет – Кеңселік ғимараттағы өрттің параметрлік тәртібінің температуралық-уақыттық тәуелділігі

9 СЫРТҚЫ КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА ЖЫЛУЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ – ЕСЕПТЕУДІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ӘДІСІ

9.1 Қолдану саласы

9.1.1 Осы әдісті қолдану:

- өрт секциясындағы (бөліміндегі) қыздырушы ортаның максималдық температурасын;
- қоршау конструкциялардағы ойықтардан шығатын жалынның өлшемдері мен температурасын;
- конвективтік жылу алмасу мен сәулемен жылу алмасудың параметрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ Сыртқы конструкцияларға жылулық әсер етудің есебінің жеңілдетілген әдісі ұзындық бойынша – 70 м аспайтын, ені бойынша – 18 м және $q_{f,d} > 200$ МДж·м⁻² бар биіктік бойынша – 5 м өлшемді өрт бөлімдері (секциялары) үшін қолданылады және беітілген тәртіп үшін есептік сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдіс конструкцияны қыздырудың белгіленген тәртібіне шығудың уақытын анықтауға мүмкіндік бермейді.

9.2 Қолдану шарты

9.2.1 Егер қарастырылатын өрт бөлімінің (секциясының) қоршау конструкцияларында бірден артық терезе орналасса, онда есептеуде аудан бойынша келтірілген терезелердің биіктігі h_{eq} , тік ойықтардың суммарлық ауданы A_v және барлық қабырғалардағы терезелердің суммарлық ені ($w_t = \sum w_i$) пайдаланылады.

9.2.2 Егер барлық терезелік ойықтар бір қабырғада орналасса, онда D/W қатынасы келесі формула бойынша анықталады:

$$D/W = \frac{W_2}{w_t}, \quad (9.1)$$

мұнда D – өрт бөлімінің (секциясының) тереңдігі, м;

W – терезелік ойықтар орналасқан қабырғаның ені, м;

$W_2 - W_1$ қабырғасына перпендикуляр өрт бөлімінің (секциясының) қабырғаның ені, м;

w_t – қабырғадағы суммарлық ойықтардың ені, м.

9.2.3 Егер терезелік ойықтар бірден артық қабырғаларда орналасса, онда D/W қатынасы келесі формула бойынша анықталады:

$$D/W = \frac{W_2}{W_1} \cdot \frac{A_{v1}}{A_v}, \quad (9.2)$$

мұнда W_2 – №1 қабырғаға перпендикуляр өрт бөлімінің (секциясының) қабырғаның ені, м;

W_1 – терезелердің максималдық ауданы бар № 1 қабырғаның ені, м;

A_{v1} – № 1 қабырғаның терезелерінің аудандарының сомасы, м²;

A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, м²;

9.2.4 Егер қыздыру аймағы тікелей өрт секциясында орналасса, онда D/W қатынасы 9.1.1 келтірілген шектеулерді сақтау кезінде мына формула бойынша анықталады:

$$D/W = \frac{(W_2 \cdot L_c)}{(W_1 \cdot W_c)} \cdot \frac{A_{v1}}{A_v}, \quad (9.3)$$

мұнда L_c , W_c – өртену аймағының сәйкесінше ұзындығы мен ені;

W_1 , W_2 – өрт секциясының сәйкесінше ұзындығы мен ені.

9.2.5 Өртке төзімділіктің (REI) талап етілетін шегіне сәйкес келмейтін сыртқы қабырғаның барлық бөліктері ғимараттың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін терезелік ойықтар деп қарастырылады.

ЕСКЕРТПЕ Егер терезелер мен оларға теңестірілген сыртқы қабырғаның телімдері өрт бөлімінің (секциясының) тиісті сыртқы қабырғасының ауданының 50 % кем құрайтын жағдай болса, онда есептеуде табылған суммарлық аудан қолданылады. Кері жағдайда (суммарлық аудан тиісті сыртқы қабырғаның ауданының 50 % асады) есептеуде тиісті сыртқы қабырғаның ауданының 50 % тең суммарлық ауданның мәні қолданылады, осы жерде ойықтар мен кеңістіктегі қабырғаның телімдердің есептік орналасу мен олардың геометриясы ең жаман сценарийі үшін анықталады.

9.2.6 Жалынның температурасы оның ені мен қалыңдығы бойынша тегіс етіп қбылданады.

9.3 Желдің әсер етуі

9.3.1 Желдету тәртібі


9.3.1.1 Егер өрт бөлімінің (секцияларының) қарама-қарсы жақтарында терезелер болса немесе ауа жанып жатқан үй-жайға басқа ойықтар (терезелерден өзге) арқылы қосымша кіріп жатса, онда есеп мәжбүрлі желдету жағдайлары үшін орындалады.

9.3.1.2 9.3.1.1 келтірілген жағдайлардан айырмашылығы бар жағдайлар үшін есептеу табиғи желдету жағдайлары үшін орындалады.

9.3.2 Жалынды желмен тоқтату

9.3.2.1 Есептеу жалынның ойықтан шығатын еі жағдайы (9.1-сурет) үшін:

- қасбетке перпендикуляр (жел жоқ болған кезде);
- қасбетке 45° ауытқуы бар желдің әсер етуі салдарынан жүргізіледі.



1 – желдің бағыты; 2 – желмен ауытқу кезіндегі көлбеу проекция;
2* – желмен ауытқуы жоқ көлбеу проекция

9.1-сурет – Жалынды желмен тоқтату

9.4 Өрт пен жалынның сипаттамалары

9.4.1 Табиғи желдету жағдайындағы өрт

9.4.1.1 Өрттің жылу ағысының қуаттылығы Q , МВт келесі жолмен анықталады:

$$Q = \min \left\{ \frac{A_f \cdot q_{f,d}}{\tau_F}; 3,15 \cdot \left(1 - e^{\frac{-0,036}{O}} \right) \cdot A_v \cdot \sqrt{\frac{h_{eq}}{D/W}} \right\}, \quad (9.4)$$

мұнда A_f – өрт бөлімінің (секциясының) еденінің ауданы, м²;

$q_{f,d}$ – еденнің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, A_f , МДж·м⁻²;

τ_F – өрттің еркін дамуының ұзақтығы (1200 с тең етіп қабылдауға жол беріледі);

$e = 2,718281\dots$ – натурал логарифмнің негізі;

O – өрт бөлімінің (секциясының) ойықтылығының коэффициенті, $O = A \cdot \sqrt{h_{eq}} / A_i$;

A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, $A_v = \sum A_{v,i}$;

h_{eq} – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі, $h_{eq} = \sum (A_{v,i} \cdot h_i) / A_v$;

D/W – 9.2.2–9.2.4 сәйкес анықталатын қатынас.

ЕСКЕРТПЕ (9.4) бірінші жағдайды таңдау – өрт жүктемесімен реттелетін өртке арналған жылу ағысының қуаттылығын; екінші жағдайды таңдау – желдетумен реттелетін өртті сипаттайды.

9.4.1.2 Өрт секциясындағы температура T_f , К табиғи желдету жағдайы үшін мына формула бойынша анықталады:

$$T_f = 6000 \cdot \sqrt{O} \cdot \left(1 - e^{\frac{-0,1}{O}} \right) \cdot (1 - e^{-0,00286 \cdot \Omega}) + T_0, \quad (9.5)$$

мұнда O – өрт бөлімінің (секциясының) ойықтылығының коэффициенті,

A_f – өрт бөлімінің (секциясының) еденінің ауданы, м^{1/2};

$e = 2,718281\dots$ – натурал логарифмнің негізі;

$\Omega = (A_f \cdot q_{f,d}) / (A_v \cdot A_t)^{1/2}$ – есептік параметр;

T_0 – бастапқы температура, К (үнсіздік бойынша $T_0 = 293$ К).

9.4.1.3 Жалынның биіктігі L_L , м (9.2-сурет) табиғи желдету жағдайы үшін келесі жолмен анықталады:

$$L_L = \max \left\{ \begin{array}{l} 0; \\ h_{eq} \cdot \left(2,37 \cdot \left(\frac{Q}{A_v \cdot \rho_g \cdot \sqrt{h_{eq} \cdot g}} \right)^{\frac{2}{3}} - 1 \right) \end{array} \right\}, \quad (9.6)$$

мұнда h_{eq} – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі, м;

Q – өрттің жылу ағысының қуаттылығы, МВт;

A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, м²;

g – еркін құлауды жылдамдату, м·с⁻²;

ρ_g – жанып жатқан үй-жайдың ішіндегі газ ортасының тығыздығы, кг·м⁻³;

ЕСКЕРТПЕ Ең жиі кездесетін $\rho_g = 0,45$ кг·м⁻³ және $g = 9,81$ м·с⁻² мәндері үшін (9.6) формуласы төмендегідей жеңілдетілуі мүмкін:

$$L_L = 1,9 \cdot \left(\frac{Q}{w_t} \right)^{\frac{2}{3}} - h_{eq}, \quad (9.7)$$

мұнда w_t – барлық қабырғалар бойынша суммарлық ойықтардың ені, м.

9.4.1.4 Жалынның ені терезелік ойықтың (9.2-сурет) еніне тең етіп қабылданады.

9.4.1.5 Жалынның тереңділігі $2/3 \cdot h_{eq}$ тең етіп қабылданады (9.2-сурет).

9.4.1.6 Өрттің көлбеу проекциясы төмендегі жағдайлардан шыға анықталады:

– егер терезелік ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға болса:

$$h_{eq} \leq 1,25 \cdot w_t \text{ кезінде } L_H = \frac{h_{eq}}{3}, \quad (9.8)$$


$h_{eq} > 1,25 \cdot w_t$ және басқа терезелерге дейінгі қашықтық $> 4 \cdot w_t$ кезінде

$$L_H = 0,3 \cdot h_{eq} \cdot \left(\frac{h_{eq}}{w_t} \right)^{0,54} \quad (9.9)$$

$$L_H = 0,454 \cdot h_{eq} \cdot \left(\frac{h_{eq}}{2 \cdot w_t} \right)^{0,54} - \text{басқа жағдайларда;} \quad (9.10)$$

– егер ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға жоқ болса:

$$L_H = 0,6 \cdot h_{eq} \cdot (L_L/h_{eq})^{1/3}. \quad (9.11)$$



9.2-сурет – Табиғи желдету жағдайына арналған өрт жалынының өлшемдері

9.4.1.7 Ойықтан шығатын жалынның ось бойындағы ұзындығы келесі жолмен анықталады:

9.4.1.7.1 Егер $L_L > 0$ болса, онда:

- ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға болса немесе $h_{eq} \leq 1,25 \cdot w_t$:

$$L_f = L_L + \frac{h_{eq}}{2} ; \quad (9.12)$$

- ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға болмаса немесе $h_{eq} > 1,25 \cdot w_t$:

$$L_f = \sqrt{L_L^2 + \left(L_H - \frac{h_{eq}}{3}\right)^2} + \frac{h_{eq}}{2} , \quad (9.13)$$

9.4.1.7.2 Егер $L_L = 0$ болса, онда $L_f = 0$ болады.

9.4.1.8 Терезелік ойықтың жазығындағы жалынның температурасы T_w , К табиғи желдету жағдайлары үшін мына формула бойынша анықталады:

$$T_w = 520 / (1 - 0,4725 \cdot (L_f \cdot w_t / Q)) + T_0. \quad (9.14)$$

ЕСКЕРТПЕ (9.14) формуласы $L_f \cdot w_t / Q \leq 1$ теңдеуін орындаған кезде әділ болады.

9.4.1.9 Өрттің ось бойындағы өрт жалынының температурасы T_z , К табиғи желдету жағдайлары үшін мына формула бойынша анықталады:

$$T_z = (T_w - T_0) \cdot (1 - 0,4725 \cdot (L_x \cdot w_t / Q)) + T_0, \quad (9.15)$$

мұнда L_x – жалын осі бойынша терезенің терезелік ойығының жазығынан есеп жүргізіліп отырған нүстеге дейінгі қашықтық.

ЕСКЕРТПЕ (9.15) формуласы $L_x \cdot w_t / Q < 1$ теңдеуін орындаған кезде әділ болады.

9.4.1.10 Сәулемен жылу алмасудың параметрлерін есептеу кезінде терезелік ойық жазығының шегінен тыс өрт жалынының қаралық дәрежесі мына формула бойынша анықталады:

$$\varepsilon_f = 1 - e^{-0,3d_f}, \quad (9.16)$$

мұнда d_f – жалынның қалыңдығы, м.

ЕСКЕРТПЕ Үнсіздік бойынша қосымша деректер жоқ болғанда терезелік ойықтағы өрт жалынының дәрежесін $\varepsilon_f = 1$ тең етіп қабылдауға жол беріледі.

9.4.1.11 Сыртқы құрылыс конструкциясынан жалыннан конвекциямен жылу берудің коэффициенті табиғи желдету жағдайлары үшін мына формула бойынша анықталады:

$$\alpha_c = 4,67 \cdot (1/d_{eq})^{0,4} \cdot (Q/A_v)^{0,6}, \quad (9.17)$$

мұнда d_{eq} – сыртқы конструкцияның геометриялық өлшемі (жақтың диаметрі немесе өлшемі), м.

9.4.1.12 Егер терезелік ойықтың жоғарғы шетінде оның барлық ені бойынша (9.3-сурет) ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға болса және $h_{eq} \leq 1,25$ болған жағдай үшін көлбеу проекциясы W_a бар шығыңқы (балкон, күнқағар ж.с.с.) орналасқан болса, онда жалынның биіктігі мен көлбеу проекциясы келесі жолмен жалынның қосымша ауытқуымен (9.3-сурет) қайта есептелінуі керек:

– 9.4.1.3 сәйкес анықталған L_L жалынның биіктігін $W_a \cdot (1 + \sqrt{2}) = W_a \cdot 2,414$ тең шамаға азайту керек;

– 9.4.1.6 сәйкес анықталған L_H жалынның көлбеу проекциясын W_a тең шамаға ұлғайту керек.

9.4.1.13 Егер терезелік ойықтың жоғарғы шетінде оның барлық ені бойынша (9.3-сурет) ойық орналасқан қабаттың үстінде қабырға болмаса немесе $h_{eq} > 1,25w_t$, болған жағдай үшін көлбеу проекциясы W_a бар шығыңқы (балкон, күнқағар ж.с.с.) орналасқан болса, онда жалынның биіктігі мен көлбеу проекциясы келесі жолмен жалынның қосымша ауытқуымен қайта есептелінуі керек:

– 9.4.1.3 сәйкес анықталған L_L жалынның биіктігін W_a тең шамаға азайту керек;

– 9.4.1.6 сәйкес анықталған L_H жалынның көлбеу проекциясын W_a тең шамаға ұлғайту керек.

9.4.2 Мәжбүрлі желдету жағдайындағы өрт

9.4.2.1 Өрттің жылу ағысының қуаттылығы Q , МВт, келесі формула бойынша анықталады:

$$Q = \frac{A_f \cdot q_{f,d}}{\tau_F}, \quad (9.18)$$

мұнда A_f – өрт бөлімінің (секциясының) еденінің ауданы, m^2 ;

$q_{f,d}$ – еденнің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, A_f , $МДж \cdot м^{-2}$;

τ_F – өрттің еркін дамуының ұзақтығы (1200 с тең етіп қабылдауға жол беріледі).

9.4.2.2 Өрт секциясындағы (бөліміндегі) температура T_f , К келесі формула бойынша анықталады:

$$T_f = 1200 \cdot \frac{A_f \cdot q_{f,d}}{17,5 - e^{-0,00228 \cdot \Omega}} + T_0, \quad (9.19)$$


мұнда A_f – өрт бөлімінің (секциясының) еденінің ауданы, m^2 ;

$q_{f,d}$ – еденнің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, A_f , $МДж \cdot м^{-2}$;

$\Omega = (A_f \cdot q_{f,d}) / (A_v \cdot A_t)^{1/2}$ – есептік параметр;

A_v – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы, m^2 ;

T_0 – бастапқы температура, К.



Бүйір жақтағы көрініс (ғимараттың бөлігі, терезелік ойық шығыңқысыз)

$$L_f = a - b - c$$

Бүйір жақтағы көрініс (ғимараттың бөлігі, терезелік ойық шығыңқылы)

$$L_f = a - b - c - d - e \text{ и } w_a = a - b$$


9.3-сурет – Жалынды тоқтату (табиғи желдету)

9.4.2.3 Мәжбүрлі желдету (9.4-сурет) жағдайындағы өрттің кезінде жалынның биіктігі мына формула бойынша анықталады:

$$L_L = \left(1,366 \cdot \left(\frac{1}{u} \right)^{0,43} \cdot \frac{Q}{\sqrt{A_v}} \right) - h_{eq}, \quad (9.20)$$


мұнда u – желдің жылдамдығы, $м \cdot с^{-1}$.

ЕСКЕРТПЕ Желдің жылдамдығы $u = 6 м \cdot с^{-1}$ құраған кезде (9.20) формуласы жеңілдетілуі мүмкін: $L_L \approx 0,628 \cdot Q / (A_v^{1/2}) - h_{eq}$.



Үстіңгі жақтағы көрініс (ғимараттың жоспары)

$$w_f = w_t + 0,4 \cdot L_H$$



Бүйір жақтағы көрініс (ғимараттың бөлігі)

$$L_f = \sqrt{L_L^2 + L_H^2}$$

9.4-сурет – Мәжбүрлі желдету жағдайына арналған өрт жалынының өлшемдері

9.4.2.4 Мәжбүрлі желдету жағдайы үшін жалынның көлбеу проекциясы мына формула бойынша анықталады:

$$L_H = 0,605 \cdot (u^2/h_{eq})^{0,22} \cdot (L_L + h_{eq}). \quad (9.21)$$

ЕСКЕРТПЕ Желдің жылдамдығы $u = 6 \text{ м} \cdot \text{с}^{-1}$ құраған кезде (9.21) формуласы жеңілдетілуі мүмкін: $L_H = 1,33 \cdot (L_L + h_{eq})/h_{eq}^{0,22}$.

9.4.2.5 Жалынның ені мына формула бойынша анықталады:

$$w_f = w_t + 0,4 \cdot L_H. \quad (9.22)$$

9.4.2.6 Жалын осінің бойындағы жалынның ені мына формула бойынша анықталады:

$$L_f = (L_L^2 + L_H^2)^{1/2}. \quad (9.23)$$

9.4.2.7 Терезелік ойықтың жазықтығындағы жалынның температурасы T_w , К мына формула бойынша анықталады:

$$T_w = 520 / (1 - 0,3325 L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q) + T_0. \quad (9.24)$$

ЕСКЕРТПЕ (9.24) формуласы $L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q \leq 1$ теңдеуі орындалғанда әділ болады. Егер есеп $L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q > 1$ болып шыкса, онда (9.24) формуласына $L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q = 1$ мәнін қою керек.

9.4.2.8 Терезелік ойықтағы жалынның қаралық дәрежесін $\varepsilon_f = 1$ тең етіп алуға жол беріледі.

9.4.2.9 Терезелік ойықтан жалынның осі бойынан алыстатылу бойынша келесі теңдеумен сипатталатын жалынның температурасының T_z , К төмендеуі болады:

$$T_z = \left(1 - 0,3325 \cdot \frac{L_x \cdot \sqrt{A_v}}{Q}\right) \cdot (T_w - T_0) + T_0, \quad (9.25)$$

мұнда L_x – жалын осі бойынша терезелік ойықтың жазығынан жалынның температурасының есебі жүргізіліп жатқан нүктеге дейінгі қашықтық, м.

9.4.2.10 Сәулемен жылу алмасудың параметрлерін есептеу кезінде терезелік ойықтың жазығының шегінен тыс жалынның (өрттің) қаралық дәрежесін мына формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$\varepsilon_f = 1 - e^{-0,3 \cdot d_f}, \quad (9.26)$$

мұнда d_f – жалынның қалыңдығы, м;

$e = 2,718281 \dots$ – натурал логарифмнің негізі;


9.4.2.11 Мәжбүрлі желдетудің жағдайлары үшін конвекциямен жылу берудің коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$\alpha_c = 9,8 \cdot \left(\frac{1}{d_{eq}}\right)^{0,4} \cdot \left(\frac{Q}{17,5 \cdot A_v} + \frac{u}{1,6}\right)^{0,6}. \quad (9.27)$$

ЕСКЕРТПЕ Желдің жылдамдығы $u = 6 \text{ м} \cdot \text{с}^{-1}$ құраған жағдайда, (9.27) формуласы жеңілдетілуі мүмкін:

$$\alpha_c = 9,8 \cdot \left(\frac{1}{d_{eq}}\right)^{0,4} \cdot \left(\frac{Q}{17,5 \cdot A_v} + 3,75\right)^{0,6}.$$

9.4.2.12 Шығыңқылардың (балкондардың, күнкағардың ж.с.с.) әсерімен (9.5-сурет) көлбеу ауытқудан кейінгі жалынның траекториясы өзгермейді, жалын шығыңқының көлбеу проекциясының шамасына жылжиды, ал ұзындығы L_f өзгермейді.



Үстіңгі жақтағы көрініс (ғимараттың жоспары)

$$L_f = a - b$$

Бүйір жақтағы көрініс (ғимараттың бөлігі)

$$L_f = a - b - c$$

9.5-сурет – Жалынды тоқтату (тікелей тескен немесе мәжбүрлі желдету)

9.5 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті

9.5.1 Конструкцияның сәулелендіруінің жалпы бұрыштық коэффициенті жанып жатқан үй-жайлардың ойықтарынан сәулемен жылу берудің параметрлерін анықтау үшін мына формула бойынша анықталады:

$$\Phi_f = \frac{(C_1 \cdot \Phi_{f,1} + C_2 \cdot \Phi_{f,2}) \cdot d_1 + (C_3 \cdot \Phi_{f,3} + C_4 \cdot \Phi_{f,4}) \cdot d_2}{(C_1 + C_2) \cdot d_1 + (C_3 + C_4) \cdot d_2}, \quad (9.28)$$

мұнда $\Phi_{f,i}$ – конструкцияның i бетінің терезелік ойықтан сәулелендіруінің бұрыштық коэффициенті;

d_i – көлбеу қиысудың жазығында қарастырылатын конструкцияның i бетінің өлшемі, м;

C_i – конструкцияның i бетін қорғаудың (экрандаудың) коэффициенті (конструкцияның қорғалған беті үшін – $C_i = 0$, конструкцияның қорғалмаған беті үшін – $C_i = 1$ деп қабылданады).

9.5.2 Конструкция бетінің ойығынан көрінбейтін сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті $\Phi_{f,i}$ нөлге тең етіп алынады.

9.5.3 Терезелік ойықтан шығатын жалыннан сәулемен жылу берудің параметрлерін есептеу кезіндегі конструкцияның сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті Φ_z мына формула бойынша анықталады:

$$\Phi_z = \frac{(C_1 \cdot \Phi_{z,1} + C_2 \cdot \Phi_{z,2}) \cdot d_1 + (C_3 \cdot \Phi_{z,3} + C_4 \cdot \Phi_{z,4}) \cdot d_2}{(C_1 + C_2) \cdot d_1 + (C_3 + C_4) \cdot d_2}, \quad (9.29)$$

мұнда $\Phi_{z,i}$ – жалыннан сәулемен жылу беру үшін конструкцияның i бетінің сәулелендіруінің бұрыштық коэффициенті (осы құралдың 14-бөлімін қар.).

9.5.4 Жалыннан сәулемен жылу беруді есептеу үшін конструкцияның жеке беттерінің сәулелендіруінің бұрыштық коэффициенті $\Phi_{z,i}$ жалынның эквиваленттік тік бұрышты өлшемдеріне негізделі алады. Жалынның фронталдық және бүйір түрлерін көрсететін эквиваленттік тік бұрыштардың өлшемдері мен жағдайы құралдың 14-бөліміне сәйкес анықталынады. Басқа мақсаттар үшін өлшемдер 9.4 бойынша анықталады.

1-мысал

Шығыс деректер: Өрт секциясы 6х12 м жоспарда биіктігі $H=3$ м өлшемді тік бұрышты формадағы, 2-қабаттық ғимараттың 1-қабатында орналасқан үй-жай болып ұсынылған. Үй-жайдың сыртқы қабырғасында ($W_1=6$ м) $3 \times 1,5$ м өлшемді терезелік ойық орналасқан. Үй-жайдағы есептік өрт жүктемесі $q_{f,d} = 500$ МДж·м² құрайды. Ғимараттың сыртында сыртқы қабырғадан 0,5 м қашықтықта терезелік ойықтың орталығына қарама-қарсы 200×200 мм өлшемді шаршы қиысудың едендік болат баған орналасқан.

Талап етіледі: Үй-жайда өрттің белгіленген тәртібінің жағдайында болат бағандардың температурасын анықтау.

Есептеу:

Үй-жайдың қабырғасында бір ғана терезелік ойық болғандықтан және үй-жайда көлемді өрт қарастырылып жатқандықтан, (9.1) тендеуі бойынша D/W қатынасты табамыз:

$$D/W = \frac{W_2}{w_t} = \frac{12}{3} = 4,$$

мұнда W_2 – ойық орналасқан қабырғаға перпендикуляр өрт секциясының (бөлімінің) қабырғасының ені;

w_t – қабырғадағы суммарлық ойықтардың ені, м.

Терезелік ойықтың ауданы:

$$A_v = 3 \times 1,5 = 4,5 \text{ м}^2 \text{ тең.}$$

Үй-жайдың қоршау конструкцияларының суммарлық ауданы (ойықтардың есебісіз):

$$A_t = 2 \cdot (A_f + [W_1 + W_2] \cdot H) = 2(6 \times 12 + [6 + 12] \times 3) = 252 \text{ м}^2 \text{ тең.}$$

Өрт бөлімінің ойықтылық коэффициентін анықтаймыз (осы құралдың 4-бөлімі):

$$O = A_v \cdot \sqrt{h_{eq}} / A_t = 4,5 \times \sqrt{1,5} / 252 = 0,022 \text{ м}^{1/2}.$$

Үй-жайда бір ғана терезе болғандықтан, яғни үй-жайдың қарама-қарсы жағында ойықтар жоқ, солар арқылы жанып жатқан үй-жайға қосымша ауа түсетін басқа ойықтар сияқты 9.3.1 сәйкес есепті табиғи желдету жағдайы үшін жүргіземіз.

Жылу ағысының қуаттылығы 9.4.1.1-тармақша бойынша (9.4) формуласы) анықталады:

$$Q = \min \left\{ \frac{A_f \cdot q_{f,d}}{\tau_F}; 3,15 \cdot \left(1 - e^{\frac{-0,036}{O}} \right) \cdot A_v \cdot \sqrt{\frac{h_{eq}}{D/W}} \right\} = \min \left\{ \frac{72 \times 500}{1200}; 3,15 \times \left(1 - e^{\frac{-0,036}{0,022}} \right) \times 4,5 \times \sqrt{\frac{1,5}{4}} \right\} = \min \left\{ 30; 7 \right\} = 7 \text{ МВт} \hat{=} \hat{Q},$$

мұнда $A_f = 6 \times 12 = 72 \text{ м}^2$ – үй-жайдың еденінің ауданы;

$q_{f,d} = 500 \text{ МДж} \cdot \text{м}^2$ – еденнің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі A_f (шарт бойынша берілген);

τ_F – өрттің еркін дамуының ұзақтығы (1200 с тең етіп қабылдауға жол беріледі);

$O = 0,022 \text{ м}^{1/2}$ – үй-жайдың ойықтылығының коэффициенті;

$A_v = 4,5 \text{ м}^2$ – барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы;

$h_{eq} = 1,5 \text{ м}$ – аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы терезелердің биіктігі (ойықтың биіктігіне тең, себебі, терезелік ойық жалғыз);

$D/W = 4$ – жоғарыда анықталған қатынас.

Сөйтіп, нақты $Q = 7 \text{ МВт}$ – желдетумен реттелетін өртті қабылдаймыз.

Ω есептік параметрінің мәнін анықтаймыз:

$$\Omega = (A_f \cdot q_{f,d}) / (A_v \cdot A_t)^{1/2} = (72 \times 500) / (4,5 \times 252)^{1/2} = 1069 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

(9.5) формуласы бойынша жанып жатқан үй-жайдағы температураны табамыз:

$$T_f = 6000 \cdot \sqrt{O} \cdot \left(1 - e^{\frac{-0,1}{O}} \right) \cdot \left(1 - e^{-0,00286 \cdot \Omega} \right) + T_0 = 6000 \times \sqrt{0,022} \times \left(1 - e^{\frac{-0,1}{0,022}} \right) \times \left(1 - e^{-0,00286 \times 1069} \right) + 293 = 1132 \text{ К} = 859^\circ \text{N}.$$

(9.7) келтірілген рұқсаттардың есебімен жалынның биіктігін анықтаймыз:

$$L_L = 1,9 \cdot \left(\frac{Q}{w_t} \right)^{\frac{2}{3}} - h_{eq} = 1,9 \cdot \left(\frac{7}{3} \right)^{\frac{2}{3}} - 1,5 = 1,84 \text{ м}$$

9.4.1.4 бойынша жалынның ені терезелік ойықтың еніне тең етіп қабылданады: $w_f = 3$ м.

9.4.1.5 бойынша жалынның тереңдігі $2/3 \cdot h_{eq} = 2/3 \times 1,5 = 1$ м тең етіп қабылданады.

$1,25 \cdot w_t$ теңдеуінің мәнін табамыз және оны h_{eq} салыстырамыз:


$$h_{eq} = 1,5 \text{ м} < 3,75 \text{ м} = 1,25 \times 3 = 1,25 \times w_t,$$

сәйкесінше, 9.4.1.6-тармақша бойынша терезелік ойық орналасқан қабаттың үстіндегі жағдай үшін жалынның көлбеу проекциясы, қабырға бар және $h_{eq} \leq 1,25 \times w_t$; (9.8) формуласы бойынша анықталады:


$$L_H = \frac{h_{eq}}{3} = \frac{1,5}{3} = 0,5 \text{ м}.$$

Ойықтан шығатын жалынның ұзындығы қарастырылып отырған жағдай үшін осыған бойында (9.12) формуласы бойынша анықталады:

$$L_f = L_L + \frac{h_{eq}}{2} = 1,84 + \frac{1,5}{2} = 2,59 \text{ м}.$$



9.6-сурет – Өрттің үстіңгі жақтағы көрінісі



9.7-сурет – Өрттің бүйір жақтағы көрінісі

Терезелік ойықтың жазығындағы жалынның температурасын табу үшін $L_f \cdot w_t/Q$ теңдеуінің мәнін анықтаймыз:

$$L_f \cdot w_t/Q = 2,59 \times 3,0 / 7 = 1,11 > 1,$$

сәйкесінше, терезелік ойықтың жазығындағы жалынның температурасын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін (9.14) формула бойынша келесі есептеуде $L_f \cdot w_t/Q = 1$ теңдеуінің мәнін пайдаланамыз:

$$T_w = 520 / (1 - 0,4725 \cdot (L_f \cdot w_t / Q)) + T_0 = 520 / (1 - 0,4725 \times 1,0) + 293 = 1278 \text{ K} = 1005 \text{ }^\circ\text{C}.$$

9.4.1.10-тармақшасына берілген ескертпеге сәйкес сәулемен жылу алмасудың параметрлерін есептеу үшін терезелік ойықтағы жалынның қаралық дәрежесін $\epsilon_f = 1,0$ тең етіп қабылдаймыз.

Жылу алмасудың параметрлерін анықтау үшін бағанның орналасқан орнындағы температураны табу керек. Терезелік ойықтың жазықтығынан температура (9.7-суреттегі А нүктесі) есептелініп жатқан бағанға дейінгі жалынның осі бойынша ұзындық мынаған тең:

$$L_x = \sqrt{\left(\frac{2 \cdot h_{eq}/3}{2}\right)^2 + 0,5^2} = \sqrt{\left(\frac{2 \times 1,5/3}{2}\right)^2 + 0,5^2} = 0,707 \text{ м},$$

мұнда 0,5 (м) – жанып жатқан үй-жайдың сыртқы қабырғасынан бағанға дейінгі қашықтық.

А нүктесіне дейінгі алынған қашықтық үшін (9.15) формуласы бойынша жалынның температурасын табамыз:

$$T_z = (T_w - T_0) \cdot (1 - 0,4725 \cdot (L_x \cdot w_t / Q)) + T_0 = (1278 - 293) \times (1 - 0,4725 \times (0,707 \times 3/7)) + 293 = 1137 \text{ K} = 864 \text{ }^\circ\text{C}.$$

Есептік жағдай үшін (9.7-сурет) жалынның қалыңдығы $d_f = 2/3 \cdot h_{eq} = 2/3 \times 1,5 = 1 \text{ м}$ тең.

(9.16) формула бойынша терезелік ойықтың жазықтығының артындағы ғимараттың жалынының қаралық дәрежесін анықтаймыз:

$$\varepsilon_f = 1 - e^{-0,3 \cdot d_f} = 1 - e^{-0,3 \times 1,0} = 0,259.$$

Жалыннан бағанға конвекциямен жылу берудің коэффициентін (9.17) формуласы бойынша есептейміз:

$$\alpha_c = 4,67 \cdot (1/d_{eq})^{0,4} \cdot (Q/A_v)^{0,6} = 4,67 \times (1/0,2)^{0,4} \cdot (7/4,5)^{0,6} = 11,6 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$$

Конструкция температурасын анықтау үшін [9] В қосымшасын пайдаланамыз. Баған жалында орналасқандықтан оның орташа температурасы T_m жылу балансының [9] (В.2) формуласы) келесі теңдеуін шешу жолымен анықталады:

$$\sigma \cdot T_m^4 + \alpha \cdot T_m = I_z + I_f + \alpha \cdot T_z$$

мұнда: σ – Стефан-Больцманның тұрақтысы ($\sigma = 5,67 \cdot 10^{-8} \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^4$);

α – конвективтік жылу алмасудың коэффициенті ($\alpha = \alpha_c = 11,6 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$);

I_z – жалыннан сәулелік жылулық ағысы ($\text{Вт} \cdot \text{м}^{-2}$);

I_f – терезелік ойықтан сәулелік жылулық ағысы ($\text{Вт} \cdot \text{м}^{-2}$);

T_z – жалынның температурасы, $T_z = 864^\circ\text{C}$ (1137 К).

Жалыннан сәулелік жылулық ағысын I_z ([9] (В.18) формуласы) бойынша анықтаймыз:

$$I_z = \frac{(I_{z,1} + I_{z,2}) \cdot d_1 + (I_{z,3} + I_{z,4}) \cdot d_2}{2 \cdot (d_1 + d_2)},$$

мұнда $I_{z,1} = C_1 \cdot \varepsilon_{z,1} \cdot \sigma \cdot T_z^4$; $I_{z,2} = C_2 \cdot \varepsilon_{z,2} \cdot \sigma \cdot T_z^4$; $I_{z,3} = C_3 \cdot \varepsilon_{z,3} \cdot \sigma \cdot T_w^4$; $I_{z,4} = C_4 \cdot \varepsilon_{z,4} \cdot \sigma \cdot T_z^4$ –

бағанның i бетіне жалыннан сәулелік жылулық ағысы;

i – баған бетінің реттік нөмірі;

C_i – конструкцияның i бетін қорғаудың коэффициенті (қарастырылған қорғалмаған баған үшін $C_i = 1$ ([9] В.1.4(1) бойынша);

T_z – жалынның температурасы (К);

T_w – ойықтағы жалынның температурасы (К);

d_1 – конструкцияның терезе жазықтығына перпендикуляр жағының ені $d_1 = 0,2$ м;

d_2 – конструкцияның терезе жазықтығына параллель жағының ені $d_2 = 0,2$ м;

$\varepsilon_{z,1}$, – терезе жазықтығына перпендикуляр № 1 жақтағы жалынның қаралық дәрежесі;

В.4(2)-тармақшасын, [9] В.6-сурет және 9.8-сурет бойынша жалынның қалыңдығын пайдалану арқылы осы құралдың (9.16) формуласы бойынша жалынның қаралық дәрежесін анықтаймыз:

№1 жақ = №2 жақ (конструкцияның қиысуы мен оның терезелік ойыққа қатысты орналасуы симметриялы):


$$d_{f,1} = d_{f,2} = \lambda_1 = 3,0 / 2 - 0,2/2 = 1,4 \text{ м};$$

$$\varepsilon_{z,1} = \varepsilon_{z,2} = \varepsilon_{f,1} = 1 - e^{-0,3 \cdot \lambda_1} = 1 - e^{-0,3 \times 1,4} = 0,343.$$

№3 жақ = №4 жақ (конструкцияның қиысуы мен оның терезелік ойыққа қатысты орналасуы симметриялы):

$$d_{f,3} = d_{f,4} = \lambda_3 = 0,5 - 0,2/2 = 0,4 \text{ м};$$

$$\varepsilon_{z,3} = \varepsilon_{z,4} = \varepsilon_{f,3} = 1 - e^{-0,3\lambda_3} = 1 - e^{-0,3 \times 0,4} = 0,113.$$



9.8-сурет – Өрт орнының есептік схемасы

Жалынның бағанның i бетіне қарай сәулелік жылу ағысы төмендегіні құрайды:

№1 жақ = №2 жақ:

$$I_{z,1} = I_{z,2} = C_1 \cdot \varepsilon_{z,1} \cdot \sigma \cdot T_z^4 = 1,0 \times 0,343 \times 5,67 \times 10^{-8} \times 1137^4 = 32503 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} = 32,5 \text{ кВт} \cdot \text{м}^{-2};$$

$$I_{z,4} = C_4 \cdot \varepsilon_{z,4} \cdot \sigma \cdot T_z^4 = 1,0 \times 0,113 \times 5,67 \times 10^{-8} \times 1137^4 = 10707 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} = 10,7 \text{ кВт} \cdot \text{м}^{-2};$$

$$I_{z,3} = C_3 \cdot \varepsilon_{z,3} \cdot \sigma \cdot T_w^4 = 1,0 \times 0,113 \times 5,67 \times 10^{-8} \times 1278^4 = 17091 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} = 17,1 \text{ кВт} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Жалынның сәулелік жалпы жылу ағысы I_z төмендегіні құрайды:

$$I_z = \frac{(I_{z,1} + I_{z,2}) \cdot d_1 + (I_{z,3} + I_{z,4}) \cdot d_2}{2 \cdot (d_1 + d_2)} = \frac{(32,5 + 32,5) \times 0,2 + (17,1 + 10,7) \times 0,2}{2 \times (0,2 + 0,2)} = 23,2 \text{ кВт} \cdot \text{м}^{-2}$$

Терезелік ойықтан (В.1.3(5)-тар.) сәулелік жылу ағысты [9] (В.3) формуласы бойынша есептейміз:

$$I_f = \Phi_f \cdot \varepsilon_f \cdot (1 - a_z) \cdot \sigma \cdot T_f^4 = 0,197 \times 1,0 \times (1 - 0,266) \times 5,67 \times 10^{-8} \times 1128^4 = 13,273 \text{ кВт} \cdot \text{м}^{-2},$$

мұнда Φ_f – ашық ойықтан сәулелік жылу алмасу үшін конструкцияны сәулелендірудің нәтижелік бұрыштық коэффициенті осы құралдың (9.28) формуласы бойынша анықталады:

$$\begin{aligned} \Phi_f &= \frac{(C_1 \cdot \Phi_{f,1} + C_2 \cdot \Phi_{f,2}) \cdot d_1 + (C_3 \cdot \Phi_{f,3} + C_4 \cdot \Phi_{f,4}) \cdot d_2}{(C_1 + C_2) \cdot d_1 + (C_3 + C_4) \cdot d_2} = \\ &= \frac{(1,0 \times 0,157 + 1,0 \times 0,157) \times 0,2 + (1,0 \times 0,472 + 1,0 \times 0) \times 0,2}{(1,0 + 1,0) \times 0,2 + (1,0 + 1,0) \times 0,2} = \\ &= \frac{2 \times 0,157 + 0,472}{4} = 0,197 \end{aligned}$$

мұнда C_i – конструкцияның i бетін қорғаудың коэффициенті (қарастырылған қорғалмаған баған үшін $C_i=1$ ([9] В.1.4(1) бойынша);

$\Phi_{f,3}$ – терезелік ойықтан ойықтың жағына қараған бағанның №3 жағына қарай сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті (екі ауданнан сәулелендіруге арналған осы құралдың (14.2) теңдеуі бойынша $1,5 \times 1,5$ м $s=0,4$ м, $h=1,5$ м, $w=1,5$ м, $\Phi_{f,3}=2 \times 0,236=0,472$ анықталады);

$\Phi_{f,2}$ – терезелік ойықтан ойыққа перпендикуляр орналасқан бағанның №2 жағына қарай сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті (осы құралдың (14.3) теңдеуі бойынша $s=0,5$ м, $h=1,5$ м, $w=1,4$ м, $\Phi_{f,2}=0,157$ үшін анықталады). $\Phi_{f,2} = \Phi_{f,1}$ конструкция симметриясы мен оның ойыққа қатысты орналасуына қарай);

$\Phi_{f,4} = 0$ 9.5.2-тармақшасы бойынша, себебі №4 жақ конструкцияның ойықтан қарама-қарсы жағында орналасқан және ойықпен сәулеленбейді (баған маңында ғана жалынмен сәулелену);

ε_f – терезелік ойықтың жазығындағы жалынның қаралық дәрежесі ($\varepsilon_f = 1,0$);

a_z – жалынның сіңіргіштік қабілеттілігі (В.4(6)-тармақшасы бойынша анықталады, [9] (В.20) формуласы):

$$a_z = \frac{\varepsilon_{z,1} + \varepsilon_{z,2} + \varepsilon_{z,3}}{3} = \frac{0,343 + 0,343 + 0,113}{3} = 0,266,$$

мұнда $\varepsilon_{z,1}$, $\varepsilon_{z,2}$ және $\varepsilon_{z,3}$ – бағанның 1, 2 және 3 беттері үшін жалынның қаралық дәрежесі;

T_f – жалынның температурасы (В.4(5) бойынша, [9] (В.19а) формуласы және L_x -ды $l=h/2$ ауыстыру арқылы, осы құралдың (9.15) формуласы бойынша анықталады):

$$T_f = (T_w - T_0) \cdot (1 - 0,4725 \cdot (L_x \cdot w_t / Q)) + T_0 = (1278 - 293) \times (1 - 0,4725 \times (0,75 \times 3 / 7)) + 293 = 1128$$

$$K = 855^\circ\text{C}.$$

Өрттің жылулық ағысы төмендегіні құрайды:

$$I_z + I_f + \alpha \cdot T_z = 23200 + 13273 + 11,6 \times 1137 = 49662 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Алынған мәнді нәтижесінде баған температурасының мәні $T_m = 913 \text{ К}$ (640°C) шығатын жылу балансының теңдеуін есептік шешу үшін қолданамыз. Конструкцияның осы температурасына белгіленген тәртіпке шығу кезінде қол жеткізіледі.

10 ЛОКАЛДЫҚ ӨРТТЕР

10.1 Егер қоршаған ортаның көтерілген температурасы жанып жатқан үй-жайдың барлық көлемі бойынша таралмаса, онда өртті локалдық деп қарастыруға болады. Локалдық өрт кезінде құрылыс материалдарына жылулық әсер ету қарастырылатын конструкцияларға қатысты өрттің ошағының орналасуына және стационарлық емес қыздыру жағдайындағы конвективтік және сәулелендіруші құрамдастардың қатынасына ықпал ететін өрттің геометриялық сипаттамаларына байланысты болады. Жалын үй-жайдың төбесіне жететіндігіне немесе жетпейтіндігіне байланысты әртүрлі есептік модельдерді пайдалану керек.

Есепті жүргізу үшін шығыс деректерге:

- өрт ошағының диаметрі D ;
- үй-жайдың биіктігі H ;

- конструкцияның көлбеу қиысуының геометриялық сипаттамалары;
- үй-жайдағы бастапқы температура Θ_0 ;
- өрт ошағының орталығынан қарастырылатын конструкцияға дейінгі қашықтық r ;
- өрттің ұзақтығы t ;
- өрттің жылу ағынысының қуаттылығын уақыт бойынша өзгерту;
- конвекциямен жылу берудің коэффициенті α_c ;
- сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті Φ ;
- өрт жалынының қаралық дәрежесі ε_f ;
- құрылыс конструкциясының бетінің қаралық дәрежесі ε_m жатады.

ЕСКЕРТПЕ Осы бөлімде қарастырылған есептік модельдер өрттің жылу ағысының қуаттылығы 50 МВт аспайды деген шарт арқылы $D \leq 10$ м диаметрлі өрттердің ошағы үшін әділ болады.

10.2 Құрылыс конструкциясын қыздыру конвекциямен жылу берудің және өрт жалынымен сәулеленудің есебінен болады. Локалдық өрттен конструкцияларға деген жылу ағысы Q осы құралдың (6.1)–(6.3) формулалары бойынша анықталады, сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті осы құралдың 14-бөлімінде келтірілген әдістемеге сәйкес анықталады.

10.3 Өрттің қарастырылып отырған сатысы үшін қажетті есептік модельді таңдау үшін локалдық өрттің жалынының ұзындығын L_f (10.1-сурет) анықтау керек. Жалынның ұзындығы өрт ошағының геометриясы мен жылу ағысының шамасына Q байланысты келесі формула бойынша анықталады:

$$L_f = -1,02 \cdot D + 0,0148 \cdot Q^{2/5} \quad (10.1)$$

мұнда D – жалынның ең кең бөлігіндегі диаметрі, м (10.1-сурет);

Q – өрттің жылу ағысының қуаттылығы, Вт (осы құралдың 12-бөлігінде келтірілген әдістемеге сәйкес анықталады);

ЕСКЕРТПЕ 1 Айналмалы өрттен айырмашылығы бар өрт ошағының проекциясы кезінде өрттің диаметрі D үшін өрт ошағының маңайындағы сипатталған төңіректің диаметрін (ошақтың геометриялық дұрыс емес формасы үшін) немесе өрт ошағының проекциясының ауданы бойынша тең шеңбердің диаметрін (ошақтың геометриялық дұрыс формасы үшін) қабылдауға жол беріледі.

ЕСКЕРТПЕ 2 Құрылыс материалдарының температурасын өзгерту динамикасын анықтау кезінде номиналдық температуралық тәртіптерден айырмашылығы бар локалдық өрт кезінде қыздыру сатысы мен салқындату сатысы болуы мүмкін. Осы жерде жылу ағысының қуаттылығы тұрақты шама болып табылмайды, сәйкесінше, жалынның биіктігі өрт процесі кезінде өзгереді, ол өз кезегінде бір есептік шегінде әртүрлі есептік модельдерді пайдалануды талап етуі мүмкін.

10.4 Егер жалын үй-жайдың төбесіне жетпесе ($L_f < H$; 10.1-сурет) немесе өртену шектеусіз кеңістікте болып жатса, онда жалынның тік осінің бойындағы температура $\Theta_{(z)}$, °С мына формула бойынша анықталады:

$$\Theta_{(z)} = 20 + 0,25 \cdot Q_c^{2/3} \cdot (z - z_0)^{-5/3} \leq 900, \quad (10.2)$$


мұнда Q_c – жылу ағысының қуаттылығының конвективтік үлесі, Вт (қосымша деректер болмаған жағдайда $Q_c = 0,8 \cdot Q$ қабылдауға жол беріледі);

z – жалын осінің бойында еденнен (жерден) бастап қарастырылатын нүктеге дейінгі қашықтық, м (10.1-сурет);

z_0 – осьтің теріс бағыты бойынша виртуалдық бастапқы координата, м.

10.5 Осьтің теріс бағыты бойынша виртуалдық бастапқы координата z мына формула бойынша анықталады:

$$z_0 = -1,02 \cdot D + 0,00524 \cdot Q^{2/5}. \quad (10.3)$$



10.1-сурет – Локалдык өрт ($L_f < H$)

10.6 Егер жалын төбеге дейін жетсе ($L_f \geq H$; 10.2-сурет), онда жылу алмасу жағдайларының осы құралдың 10.5-тармағында келтірілгеннен айырмашылығы бар. Жалын төбеге жетіп, төбенің тік осінің бойынан көлбеу бағытқа қарай тарала бастайды. Осы жерде жалынның көлбеу ұзындығы L_h , м (10.2-сурет) келесі формула бойынша анықталады:

$$L_h = (2,9H \cdot (Q_H^*)^{0,33}) - H, \quad (10.4)$$

мұнда Q_H^* – өлшемсіз жылу ағысының қуаттылығы.

10.7 Өлшемсіз жылу ағысының қуаттылығы Q_H^* мына формула бойынша анықталады:

$$Q_H^* = Q / (1,11 \cdot 10^6 \cdot H^{2,5}). \quad (10.5)$$


10.8 Өрттің тік ошағының тік жағдайы z' , м, мына формула бойынша анықталады:

$$\text{егер } Q_D^* < 1 \text{ болса, онда } z' = 2,4 \cdot D \cdot (Q_D^{*2/5} - Q_D^{*2/3}), \quad (10.6)$$

$$\text{егер } Q_D^* \geq 1 \text{ болса, онда } z' = 2,4 \cdot D \cdot (1 - Q_D^{*2/5}),$$

мұнда Q_D^* – төмендегі формула бойынша анықталатын коэффициент:

$$Q_D^* = Q / (1,11 \cdot 10^6 \cdot D^{2,5}). \quad (10.7)$$

10.2-сурет – Локалдық өрт ($L_f \geq H$)

10.9 Төбе деңгейіндегі қыздыратын бетке келетін салыстырмалық жылу ағысы \dot{h} , $\text{Вт} \cdot \text{м}^{-2}$ келесі жолмен анықталады:

егер $y \leq 0,3$ болса, онда $\dot{h} = 100000$;

егер $0,3 < y < 1$ болса, онда $\dot{h} = 136300 - 121000 \cdot y$ (10.8)

егер $y \geq 1$ болса, онда $\dot{h} = 15000 \cdot y^{-3,7}$,

мұнда y – келесі формула бойынша анықталатын өлшемсіз коэффициент:

$$y = \frac{r + H + z'}{L_h + H + z'}, \quad (10.9)$$

мұнда r – жалынның тік осі мен жылу ағысы есептелінетін төбедегі орын арасындағы көлбеу қашықтық, м (10.2-сурет).

10.10 Төбе деңгейіндегі қыздыратын бетке келетін нәтижелендіруші жылу ағысы \dot{h}_{net} мына формула бойынша анықталады:

$$\dot{h}_{net} = \dot{h} - \alpha_c \cdot (\Theta_m - 20) - \Phi \cdot \varepsilon_m \cdot \varepsilon_f \cdot \sigma \cdot [(\Theta_m + 273)^4 - (293)^4], \quad (10.10)$$

мұнда Θ_m – конструкция бетінің температурасы, °C;

$\sigma = 5,67 \cdot 10^{-8} \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-4}$ – Стефан-Больцманның тұрақтысы.

ЕСКЕРТПЕ (10.10) формулада жақшадағы есептелінетін температура 20 °C (293 К) тең дұрыс температура жағдайында жобалау жағдайы үшін берілген. Жоғарыда берілген мәннен айырмашылығы бар дұрыс температура жағдайы үшін құрылыс конструкцияларын жобалау кезінде (10.10) формуласына температураның реттелген мәндерін қою керек.


10.11 Жанып жатқан үй-жайдағы кеңістікте бірнеше бөлінген локалдық өрттер бар болған кезде (10.8) формуласын төбе деңгейіндегі қыздырылатын бетке әртүрлі бөлек

салыстырмалық жылу ағысын ($\dot{h}_1, \dot{h}_2, \dots, \dot{h}_i$) алу үшін пайдалануға жол беріледі. Жалпы салыстырмалық жылу ағысы \dot{h}_{tot} , Вт·м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$\dot{h}_{tot} = \dot{h}_1 + \dot{h}_2 + \dots + \dot{h}_i \leq 100000. \quad (10.11)$$


1-мысал

Шығыс деректер: сауда орталығында жеңіл автомобильдердің жерастылық тұрағы жобаланған (10.3-сурет). Жертөле үстіндегі арақабырға EN 19-57 бойынша өрттік қорғаусыз IPE 500 параллель сөрелерімен екі таврлық қиысудың болат арқалықтары бойынша орындалған. Тікелей арқалықтың астында орналасқан автомобиль жанған кездегі өрт ошағының диаметрі $D = 1,8$ м тең, өрт ошағынан бастап тік бойынша арақабырғаға дейінгі қашықтық: $H = 3,0$ м; көлбеу бойынша: $r = 0,5$ м. Арқалықтың күш түсетін қабілеттілігін пайдаланудың коэффициенті $\mu_0=0,6$.



10.3-сурет – Сауда орталығының жерастылық көлік қою орнының жоспары


Талап етіледі: Нақты локалдық өрт жағдайындағы жертөле астындағы арақабырғаның болат арқалығының температурасын анықтау (10.4-сурет).



10.4-сурет – Арақабырға арқалығының есептік схемасы және көлденең қиысуы


Есептеу:

Конструкцияның көлденең қиысуының сипаттамасы: арқалықтың биіктігі $h = 500$ мм, арқалықтың ені $b=200$ мм, қабырғаның қалыңдығы $t_w=10,2$ мм, төбелердің қалыңдығы $t_f=16$ мм, қиысу ауданы $A = 116 \text{ см}^2$. Қарастырылатын құрылыс конструкциясының коэффициенті $A_m/V = 136 \text{ м}^{-1}$ тең (4.2.5.1-тармақшасының ескертпесі, [9] 4.2-кестесі, үш жақтан өрттік әсер етудің нұсқасы – 10.5-сурет).



10.5-сурет – Арақабырға арқалығына түсетін өрт жүктемесінің есептік схемасы

Өрттің қарастырылатын сценарийі үшін осы құралдың 12.5-кестесінде тұрақтың үй-жайына арналған RHR_f туралы деректер болмағандықтан, арақабырғалық тұрақтардағы өрттерді кең масштабтық сынақтық зерттеулердің нәтижелерін пайдаға асырамыз [10] (10.6-сурет).




10.6-сурет – Бір жеңіл көліктің өртенуі кезіндегі жылу ағысы [10]

Осы құралдың (10.1) формуласы бойынша қарастырылатын сценарий және 10.6-суретте берілген оның жылу ағысына Q байланысты өрттің геометриясы үшін жалынның ұзындығын L_f м өзгертуді есептейміз:

$$L_f = -1,02 \cdot D + 0,0148 \cdot Q^{2/5} = -1,836 + 0,0148 \cdot Q^{2/5}.$$

Жалынның ұзындығын L_f өзгертуді есептеудің нәтижелері 10.7-суретте берілген.



10.7-сурет – Жалын ұзындығының уақыт бойынша өзгеруі

10.7-суреттен байқалғандай жалын өрттің 16-минутынан 35-минуты кезеңінде арақабырғаға жетеді. Сөйтіп, ары қарай есептеуде локалдық өрттің екі есептік моделін де пайдаланамыз.

Өрттің бірінші (0-16 мин) және үшінші (35-68 мин) сатысын есептеу кезінде бірінші модельді пайдаланамыз: жалын арақабырғаға жетпейді.

Нәтижелендіретін жылу ағысы осы құралдың (6.1)–(6.3) формулалары бойынша есептелінеді:

$$\dot{h}_{net} = \alpha_c \cdot (\Theta_{(z)} - \Theta_m) + \Phi \cdot \varepsilon_m \cdot \varepsilon_f \cdot \sigma \left((\Theta_{(z)} + 273)^4 - (\Theta_m + 273)^4 \right) = 25 \times (\Theta_{(z)} - \Theta_m) + 1 \times 0,7 \times 1 \times 5,56 \times 10^{-8} \times \left((\Theta_{(z)} + 273)^4 - (\Theta_m + 273)^4 \right) = 25 \times (\Theta_{(z)} - \Theta_m) + 3,892 \times 10^{-8} \times \left((\Theta_{(z)} + 273)^4 - (\Theta_m + 273)^4 \right),$$

мұнда $\varepsilon_f = 1,0$ – жалынның қаралық дәрежесі (осы құралдың 6.1.4-тар.);

$\Phi = 1,0$ – сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті (осы құралдың 6.1.4-тарм.);

$\sigma = 5,56 \times 10^{-8} \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-4}$ – Стефан-Больцманның тұрақтысы;

$\alpha_c = 25,0 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{К}^{-1}$ – конвекциямен жылу берудің коэффициенті (үй-жайдың барлық көлемі бойынша температураны тегіс емес бөлуі бар локалдық өрт үшін автомобиль құрамындағы қатты жанатын заттар отыннан екі есе көп екендігінің [10] есебімен стандарттық өрттің жағдайы үшін қабылданған).

Бірінші және үшінші сатыларда жалын арақабырғаға жетпейтіндіктен, жалынның тік осінің бойындағы температура $\Theta_{(z)}$, °C осы құралдың (10.2) формуласы бойынша анықталады:

$$\Theta_{(z)} = 20 + 0,25Q_c^{2/3} \cdot (z - z_0)^{-5/3} = 20 + 0,25 \times (0,8 \times Q)^{2/3} \times (z - z_0)^{-5/3} = 20 + 0,25 \times (0,8 \times Q)^{2/3} \times (z + 1,02 \times D - 0,00524 \times Q^{2/5})^{-5/3} = 20 + 0,25 \times (0,8 \times Q)^{2/3} \times (4,836 - 0,00524 \times Q^{2/5})^{-5/3} \leq 900,$$

мұнда z – жалынның тік осінің бойындағы биіктік, м ($z = H = 3$ м);

z_0 – виртуалдық бастапқы координата, осы құралдың (10.3) формуласы бойынша анықталған:

$$z_0 = -1,02 \cdot D + 0,00524 \cdot Q^{2/5} = -1,02 \times 1,8 + 0,00524 \times Q^{2/5} = -1,836 + 0,00524 \times Q^{2/5}.$$

Өрттің екінші сатысын (16-32 мин) есептеу кезінде екінші модельді пайдаланамыз: жалын арақабырға конструкциясына жетеді.

Өлшемсіз жылу ағысының қуаттылығын Q_H^* осы құралдың (10.5) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$Q_H^* = Q / (1,11 \cdot 10^6 \cdot H^{2,5}) = Q / (1,11 \times 10^6 \times 3^{2,5}) = 5,779 \times 10^{-8} \times Q.$$

Осы құралдың (10.4) формуласы бойынша жалынның көлбеу ұзындығын L_h , м, анықтаймыз:

$$L_h = (2,9H \cdot (Q_H^*)^{0,33}) - H = 2,9 \times 3 \times (5,779 \times 10^{-8} \times Q)^{0,33} = 35,56 \times 10^{-3} \times Q^{0,33}.$$

Осы құралдың (10.7) формуласы бойынша локалдық өрттің диаметріне D жатқызылған жылу ағысының қуаттылығын табамыз:

$$Q_D^* = Q / (1,11 \cdot 10^6 \cdot D^{2,5}) = Q / (1,11 \times 10^6 \times 1,8^{2,5}) = 2,073 \times 10^{-7} \times Q.$$

Өрттің виртуалдық ошағының тік жағдайын z' , м, осы құралдың (10.6) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$z' = 2,4 \cdot D \cdot (Q_D^{*2/5} - Q_D^{*2/3}) = 4,32 \times [(2,073 \times 10^{-7} \times Q)^{2/5} - (2,073 \times 10^{-7} \times Q)^{2/3}], \text{ для } Q_D^* < 1;$$

$$z' = 2,4D \cdot (1 - Q_D^{*2/5}) = 4,32 \times [1 - (2,073 \times 10^{-7} \times Q)^{2/5}], \text{ для } Q_D^* \geq 1.$$

Арақабырға деңгейіндегі қыздыратын бетке келетін нәтижелендіретін жылу ағысын \dot{h}_{net} осы құралдың (10.10) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$\dot{h}_{net} = \dot{h} - \alpha_c \cdot (\Theta_m - 20) - \Phi \cdot \varepsilon_m \cdot \varepsilon_f \cdot \sigma \left((\Theta_m + 273)^4 - (293)^4 \right) = \dot{h} - 25 \times (\Theta_m - 20) - 3,892 \times 10^{-8} \times \left((\Theta_m + 273)^4 - (293)^4 \right).$$

\dot{h} салыстырмалық жылу ағысы u параметріне байланысты. Өрттің жылу ағысының қуаттылығының Q уақыт бойынша өзгеруіне байланысты өлшемсіз изменяется безразмерная жылу ағысының қуаттылығы Q_H^* өзгереді және сәйкесінше u мәні өзгереді, салыстырмалық жылу ағысын анықтау үшін уақыттың әртүрлі сәттерінде тиісті теңдеулерді пайдаланамыз (осы құралдың (10.8) формуласы).


Болат арқалықты қыздырудың жылу техникалық есебін жүргізу үшін [9] келтірілген конструкцияның әдістемесі мен келесі сипаттамаларын пайдаға асырамыз:

– конструкция материалының тығыздығы: $\rho_a = 7850 \text{ кг} \cdot \text{м}^{-3}$ ([9] 3.2.2(1) т.);

- конструкция бетінің қаралық дәрежесі: $\varepsilon_m = 0,7$ ([9] 2.2(2) т.);
- көлеңкелеу әсерін есептеуге арналған реттеуші коэффициент: $k_{sh} = 1,0$ ([9] 4.2.5.1(2) т. 1,2-ескертпелері);
- оның температурасына байланысты болаттың салыстырмалық жылу сыйымдылығы – [9] 3.4.1.2 тармағы бойынша.

Қорғалмаған болат арқалықтың температурасының өзгеруін [9] (4.25) формуласы бойынша уақыт бойынша $\Delta t = 5$ с қадамы үшін қадамдық есептің әдісімен анықтаймыз. Есептің нәтижелері 10.8-суретте берілген. Есептің нәтижелері бойынша арқалықтың қызуының 850°C максималдық температурасына нақты өрттің 29-минутында (1790 с) қол жетіледі.


Күш түсетін қабілеттілігін пайдалану коэффициентті $\mu_0 = 0,6$ [9] 4.1-кестесі бойынша екендігінің есебімен болат арқалықтың $\Theta_{cr,d} = 554^\circ\text{C}$ қауіпті температурасын табамыз. 10.8-сурет бойынша өртке төзімділік бойынша шекті жағдайға нақты өрттің 18-минутында қол жеткізіледі.



10.8-сурет – Нақты өрт кезінде болат арқалықтың температурасының өзгеруі

2-мысал

Шығыс деректер: Құрылыс конструкциясы – тұрақты қиысудың еркін сүелетін болат арқалығы. Болат арқалық әкімшілік ғимараттың конструкциясының бөлігі болып табылады. Арқалық тегіс бөлінген жүктемемен жүктелген және арақабырғаны темір бетон табақшамен айналдырған кезде тұрақтылықтың ықтимал көлбеу жоғалуынан шектелген. Арқалықтың өртке төзімділіктің талапты шегі – 60 минут, арқалық вермикулиттік-цементті ерітіндіні шашырату жолымен өрттен қорғайтын өңдеуге ұшыраған. Жылулық әсер ету параметрлік өрттің тәртібіне сәйкес анықталады.



10.9-сурет – Статикалық есептік схема

Конструкция материалының қасиеті:

- болаттың маркасы: S 275;
- ағудың шегі: $f_y = 275 \text{ Н·мм}^{-2}$;
- тығыздығы: $\rho_a = 7850 \text{ кг·м}^{-3}$.

Конструкцияға түсетін жүктемелер:

- тұрақты әсер ету: $g_k = 4,8 \text{ кН·м}^{-1}$;
- ауыспалы әсер ету: $q_k = 7,8 \text{ кН·м}^{-1}$.

Қауіпсіздіктің жеке коэффициенттері:

$$\gamma_G = 1,35; \gamma_Q = 1,50; \gamma_{M0} = 1,00; \gamma_{M,fi} = 1,00.$$

Өрттің температуралық әсер етуі:

- өрттің температуралық тәртібі – параметрлік;
- $\Gamma = 5,791$;
- $t_{\max} = 12$ минут;
- $x = 1$.

Өрттен қорғайтын материалдың қасиеттері:

- $d_p = 10$ мм қалыңдықты вермикулиттік-цементті ерітінді;
- тығыздығы $\rho_p = 550 \text{ кг·м}^{-3}$;
- салыстырмалық жылу сыйымдылығы $c_p = 1100 \text{ Дж·(кг·К)}^{-1}$;
- жылу өткізгіштіктің коэффициенті $\lambda_p = 0,12 \text{ Вт·(м·К)}^{-1}$.

Талап егіледі:

Параметрлік өрттің температуралық әсер етуінің жағдайларына арналған өрттен қорғауы бар үшін (ІРЕ) екі таврлық қиысудың болат арқалығын өртке қарсы жобалауды жүзеге асыру.

Есептеу:

Көлбеу қиысуға жылу беру [9] келтірілген итерция әдісімен қорғалған конструкцияларға арналған теңдеуді пайдалану арқылы есептелінеді. Конструктивтік кедергі сол сияқты [9] келтірілген иілемелі конструкцияларға арналған есептің жеңілдетілген әдісін пайдалану арқылы есептелінеді.

Дұрыс температура кезіндегі механикалық әсер етулер

Жүктемелің сипаттамалық мәні:

$$v_k = g_k + q_k = 4,8 + 7,8 = 12,6 \text{ кН·м}^{-1} \text{ тең.}$$

Жүктеменің есептік мәні:

$$v_d = g_k \cdot \gamma_G + q_k \cdot \gamma_Q = 4,8 \times 1,35 + 7,8 \times 1,5 = 18,18 \text{ кН} \cdot \text{м}^{-1} \text{ құрайды.}$$


Қосымшаланған иіlmелі сәт пен көлбеу күш:

$$M_{Ed} = \frac{1}{8} \cdot v_d \cdot l^2 = \frac{1}{8} \times 18,18 \times 7,4^2 = 124,4 \text{ кН} \cdot \text{м} ;$$

$$V_{Ed} = \frac{1}{2} \cdot v_d \cdot l = \frac{1}{2} \times 18,18 \times 7,4 = 67,3 \text{ кН} \text{ құрайды.}$$

Дұрыс температура кезінде пайдалануға беру жағдайлары үшін қиысуды тандау

Қосымшаланған жүктемелерді жаңғырту үшін арқалық ретінде IPE 300 илемдік пішіні қабылданады. Көрсетілген жүктемелер кезіндегі пішін [11] 5.5-бөлімінің ережелеріне сай көлбеу қиысудың 1-класына жатады.



10.10-сурет – Көлденең қиысу

Беріктілік шегі бойынша қауіпті жағдайға қол жеткізген кезде бетон тақтайшалар айналдыру кезінде көлбеу тұрақсыздықты ескерудің қажеттілігі жоқ болатындай, қысылған сөреде толық бүйір тіреуді қамтамасыз етеді.

[11] 6.2.5-бөлімінің (6.13) формуласына сәйкес иіlmелі сәтке кедергіні есептейміз:

$$M_{c,Rd} = M_{pl,Rd} = \frac{W_{pl,y} \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{628,4 \times 10^3 \times 275}{1,0} = 172,8 \text{ кН} \cdot \text{м} > 124,4 \text{ кН} \cdot \text{м} = M_{Ed} ,$$

беріктілік шарты орындалады.

Кедергі көлбеу күштің әрекетіне тең ([11] 6.2.6-бөлімінің (6.18) формуласы):

$$V_{pl,Rd} = \frac{A_{v,z} \cdot f_y}{\sqrt{3} \cdot \gamma_{M0}} = \frac{2568 \times 275}{\sqrt{3} \times 1,0} = 407,7 \text{ кН} > 67,3 \text{ кН} = V_{Ed} ,$$

беріктілік шарты орындалады.

Қиысуды есептеу үшін қабылданған арқалықты пайдалануға беруге жарамдылығы бойынша шекті жағдайға тексереміз.

$$\delta = \frac{5}{384} \cdot \frac{\nu_k \cdot l^4}{E \cdot I_y} = \frac{5}{384} \times \frac{12,6 \times 7400^4}{210000 \times 83,56 \times 10^6} = 28 \text{ мм} < 29,6 \text{ мм} = \frac{l}{250},$$

теңдеу орындалады.

Қиысуды есептеу үшін қабылданған арқалықтар дұрыс температура кезіндегі шарттарға қойылатын талаптарды қанағаттандырады.

Өрттің жағдайы үшін жобалау

Өртке қарсы жобалауға арналған механикалық әсер етулер

[9] бойынша жеңілдетілген әдісті пайдалану кезінде өрт кезіндегі әсер етулер дұрыс температура кезінде пайдалануға беру жағдайларына арналған әсер ету негізінде анықталуы мүмкін.

Әкімшілік ғимараттағы өрттің қарастырылатын жағдайы кезінде механикалық әсер етуді таңдау үшін $\psi_{2,1} = 0,3$ коэффициентінің мәні қабылданады. Жүктеменің есептік мәніне арналған төмендетуші коэффициент төмендегіге тең ([9] (2.5) формуласы):

$$\eta_{fi} = \frac{g_k + \psi_{1,1} \cdot q_k}{\gamma_G \cdot g_k + \gamma_Q \cdot q_k} = \frac{4,8 + 0,3 \times 7,8}{4,8 \times 1,35 + 7,8 \times 1,5} = 0,393.$$

ЕСКЕРТПЕ ψ коэффициенті ұлттық деңгейде белгіленетін параметр болып табылады. Қарастырылатын мысал үшін қолданылатын коэффициенттің мәні [1] кепілдеме берілген болып табылады.

Есептік иілмелі сәт пен көлденең күш сәйкесінше төмендегіге тең:

$$M_{fi,Ed} = \eta_{fi} \cdot M_{Ed} = 0,393 \times 124,4 = 48,9 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

$$V_{fi,Ed} = \eta_{fi} \cdot V_{Ed} = 0,393 \times 67,3 = 26,4 \text{ кН}.$$


Қыздыратын ортаның параметрлерін есептеу

Параметрлік өрттің қисығын толық есептеу осы құралдың 8-бөлімінің 1-мысалында келтірілген.

Конструкция температурасын есептеу

Қиысудың коэффициенті келесі жолмен есептелінеді (өрттік температуралық әсер етуіне ұрылатын көлбеу қиысудың телімдері штрихтік сызықтармен көрсетілген 10.11-сурет):

$$\frac{A_p}{V} = \frac{3 \cdot b + 2 \cdot (h - t_w - 4 \cdot r) + 2 \cdot \pi \cdot r}{A} = \frac{3 \times 150 + 2 \times (300 - 7,1 - 4 \times 15) + 2 \times \pi \times 15}{5381} = 188 \text{ м}^{-1}$$

10.11-сурет – A_p/V қиысу коэффициентінің есебіне арналған

Болаттың температурасының ұлғаюы [9] (4.27) формуласын пайдалану арқылы қадамдық есепті пайдаланумен есептелінеді:

$$\Delta\Theta_{a,t} = \frac{\lambda_p \cdot A_p}{V \cdot d_p \cdot c_a \cdot \rho_a} \cdot \frac{(\Theta_{g,t} - \Theta_{a,t})}{(1 + \varphi/3)} \cdot \Delta t - (e^{\varphi/10} - 1) \cdot \Delta\Theta_{g,t},$$

$$\varphi = \frac{c_p \cdot \rho_p}{c_a \cdot \rho_a} \cdot d_p \cdot \frac{A_p}{V}.$$

[9] 4.5.2(3) тармақшасына сәйкес конструкция температурасының көтерілуінің динамикасын есептеу кезінде Δt уақыт бойынша есептің қадамы 30 секундтан аспауы керек.

ЕСКЕРТПЕ $\Delta\Theta_{a,t}$ теріс мәнін алған кезде, қыздыруды есептеудің кез-келген қадамында алынған теріс мәнің орнына есептің келесі қадамы үшін $\Delta\Theta_{a,t} = 0$ қолдану керек.


Қыздыратын орта мен конструкцияның температурасын есептеудің таңдамалы нәтижелерін 10.1-кесте мен 10.12-суретте берілген.

10.1-кесте – Болат конструкцияның тепературасын есептеу

Өрт уақыты, мин	Өрт уақыты, с	$\Theta_g, ^\circ\text{C}$	Болаттың жылу сыйымдылығы $c_a, \text{Дж} \cdot (\text{кг} \cdot ^\circ\text{C})^{-1}$	φ	$\Delta\Theta_{a,t}, ^\circ\text{C}$	$\Theta_{a,t}, ^\circ\text{C}$
0,5	30	120,5	440	0,329	0,8	20,8
1,0	60	206,3	442	0,329	2,6	23,4
1,5	90	279,6	445	0,328	4,1	27,5
2,0	120	342,3	449	0,326	5,4	32,9
2,5	150	396,1	453	0,323	6,4	39,2
3,0	180	442,3	457	0,320	7,1	46,4
40,0	2400	595,2	637	0,228	1,9	456,8

10.1-кесте – Болат конструкцияның тепературасын есептеу (жалғасы)

Өрт уақыты, мин	Өрт уақыты, с	$\Theta_g, ^\circ\text{C}$	Болаттың жылу сыйымдылығы $c_a, \text{Дж} \cdot (\text{кг} \cdot ^\circ\text{C})^{-1}$	φ	$\Delta\Theta_{a,t}, ^\circ\text{C}$	$\Theta_{a,t}, ^\circ\text{C}$
40,5	2430	593,1	638	0,227	1,9	458,7
41,0	2460	590,8	639	0,227	1,8	460,5
41,5	2490	588,5	640	0,227	1,7	462,2
42,0	2520	586,4	642	0,226	1,7	463,9
42,5	2550	584,1	643	0,226	1,6	465,6
43,0	2580	581,9	644	0,225	1,6	467,2
43,5	2610	579,7	645	0,225	1,5	468,7
44,0	2640	577,4	646	0,225	1,5	470,2
44,5	2670	575,2	647	0,224	1,4	471,6
45,0	2700	572,9	647	0,224	1,4	473,0
45,5	2730	570,7	648	0,224	1,3	474,3
58,0	3480	514,9	662	0,219	0,3	493,3
58,5	3510	512,7	662	0,219	0,3	493,6
59,0	3540	510,4	662	0,219	0,2	493,8
59,5	3570	508,2	662	0,219	0,2	494,0
60,0	3600	505,9	662	0,219	0,2	494,2
...



10.12-сурет – Өрт кезінде өрттің температурасының және конструкциясының өзгеруі

Параметрлік өрттің қарастырылатын тәртібі кезіндегі болаттың максималдық температурасы $\Theta_{\max} = 494,6^\circ\text{C}$ құрайды.

Кедергіні тексеру**Ұлғайтылған температура кезінде көлденең қиысуды жіктеу**

Қысылған сөренің икемділігі төмендегіге тең:

$$\frac{c}{t_f} = \frac{56,45}{10,7} = 5,3.$$

Көлденең қиысудың 1-класының шекарасы $9 \cdot \varepsilon$ құрайды ([9] (5.2-кестесі)). Өрттің жағдайы үшін ε дұрыс жағдай үшін есептелінген мәнге 0,85 төмендетуші коэффициентпен қабылданады.

Сөйтіп, болаттың S275 маркасына арналған шекара мынаны құрайды:

$$9 \cdot \varepsilon = 9 \times 0,85 \times \sqrt{\frac{235}{f_y}} = 9 \times 0,85 \times \sqrt{\frac{235}{275}} = 7,07;$$

$$\frac{\tilde{n}}{t_f} = 5,3 < 7,07 = 9 \cdot \varepsilon.$$

Икемділік шектен шыққан жоқ, сөйтіп, екі таврдың қысылған сөресі көлденең қиысудың бірінші класына жатады.

Екі таврдың иілмелі қабырғасының икемділігі төмендегіге тең:

$$\frac{d}{t_w} = \frac{248,6}{7,1} = 35,0.$$

Көлденең қиысудың 1-класының шекарасы $72 \cdot \varepsilon$ құрайды ([11] 5.2-кестесі). Өрттің жағдайы үшін ε дұрыс жағдай үшін есептелінген мәнге 0,85 төмендетуші коэффициентпен қабылданады. Сөйтіп, болаттың S275 маркасына арналған шекара мынаны құрайды:

$$72 \cdot \varepsilon = 72 \times 0,85 \times \sqrt{\frac{235}{f_y}} = 72 \times 0,85 \times \sqrt{\frac{235}{275}} = 56,6.$$

$$\frac{d}{t_w} = 35,0 < 56,6 = 72 \cdot \varepsilon.$$

Икемділік шектен шыққан жоқ, сөйтіп, екі таврдың қысылған сөресі көлденең қиысудың 1-класына жатады.

Сөйтіп, иілмелі екі таврдың көлденең қиысуы 1-класқа жатады.

Температураға арналған төмендетуші коэффициент $\Theta_{\max} = 494,6^\circ\text{C}$ сызықтық интерполяция әдісімен [9] 3.1-кесте бойынша анықталады:

$$k_{y,\Theta} = \frac{0,78 - 1,00}{500 - 400} \times (494,6 - 400) + 1,00 = 0,792.$$

Өрттің әсер етуі кезіндегі кедергінің есептік сәтін [11] (4.8), (4.10) формулалары бойынша анықтаймыз:

$$M_{f_i,t,Rd} = \frac{1}{k_1 \cdot k_2} \cdot \frac{k_{y,\Theta} \cdot W_{pl,y} \cdot f_y}{\gamma_{M,f_i}},$$

мұнда $k_1 = 0,85$ – үш жақтан әсер етуге ұрылатын, композиттік немесе төртінші жақта орналасқан бетон тақтайшасы бар қорғалған арқалыққа арналған түзетуші коэффициент ([9] 4.2.3.3(7) тармақшасы);

$k_2 = 1,0$ – еркін сүйелген арқалыққа арналған түзетуші коэффициент (яғни, арқалық статистикалық анықталмаған болып табылмайды).

$\Theta_{\max} = 494,6^\circ\text{C}$ температурасы кезіндегі кедергінің есептік сәті төмендегіге тең:

$$M_{fi,t,Rd} = \frac{1}{0,85 \times 1,0} \times \frac{0,792 \times 628,4 \times 10^3 \times 275}{1,0} = 161 \text{ кН} \cdot \text{м} > 48,9 \text{ кН} \cdot \text{м} ,$$

беріктілік шарты орындалуда.

Көленең күштің әрекетіне есептік кедергі мынаған тең [9] (4.16), [11] (6.18) формулалары):

$$V_{fi,t,Rd} = k_{y,\Theta} \cdot \frac{A_{v,z} \cdot f_y}{\sqrt{3} \cdot \gamma_{M0}} = 0,792 \times \frac{2568 \times 275}{\sqrt{3} \times 1,0} = 322,9 \text{ кН} > 26,4 \text{ кН} ,$$

беріктілік шарты орындалуда.

Таңдалған қиысу өрттің қарастырылатын нұсқасына арналған өрт қауіпсіздігінің талаптарын қанағаттандырады.

11 ӨРТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ МОДЕЛЬДЕРІ

11.1 Жалпы ережелер

11.1.1 Аймақтық модельдер жанып жатқан үй-жайдың қарастырылып отырған көлемі әрбірі үшін шарт бірдей болып қабылданатын жеке аймақтарға бөлінетін, компьютерлік бағдарламалармен жеңілдетілген болып табылады. Үй-жайдың көлемінің ішіндегі температура бірдей және тегіс бөлінген етіп қабылданатын толық дамыған көлемдік өрттерге арналған бір аймақтық модель жатады.

11.1.2 Аймақтық модельдердің теориялық негізіне жанып жатқан үй-жайларда масса мен энергияны сақтаудың заңдары жатады. Негізінен модельдер өртену кезіндегі жылу ағысының қуаттылығын, конвективтік бағанның бар екендігін, жаппай шығынды, түтін мен газ ортасының температурасының қимылын ескереді және өрттің даму физикасы мен үй-жайлардағы нақты өрттердің сараптамалық зерттеулерінің нәтижелері бойынша қабылданған түтіннің қимылына қатысты рұқсаттардың қатарына негізделген. Аймақтық модельдер параметрлік және эквиваленттік өрттердің модельдерімен салыстырғанда толықтау болып табылады. Бөлімде инженерлік тәжірибеде пайдаланылатын өрт модельдерінің ерекшеліктері келтірілген.


11.2 Бір аймақтық модельдер

11.2.1 Бір аймақтық модельдер тек толық дамыған көлемді өрт үшін ғана қолданылады. Қыздыратын органың температурасы, өртену өнімдерінің тығыздығы, ішкі энергия мен қысым жанып жатқан үй-жайдың барлық көлемі бойынша бірдей қабылданады. Бір аймақтық модельдердің негізіне массаны сақтау шарты мен негізгілері:

- өрттің жылуы, үй-жайдағы газ ортасының, қоршау конструкциялары мен қоршау конструкцияларындағы ойықтар арқылы сыртқы қоршау ортасының арасындағы энергияны сақтау заңы;

- өрт кезіндегі пиролиз, қоршау конструкцияларының ойықтары арқылы кіретін және кететін ауа арасындағы массаны сақтау заңы болып табылатын үй-жайдағы энергиядан шыға, қарапайым дифференциалдық теңдеулерді шешу жатады.

11.2.2 11.1-суретте схемалық түрде өрттің бір аймақтық моделі, шығыс деректері және жылу алмасудың тиісті параметрлері берілген.



11.1-сурет – Өрттің бір аймақтық моделінің схемасы

11.2.3 Идеалдық газдың жағдайының теңдеуі:

$$P_{int} = \rho_g \cdot R \cdot T_g, \quad (11.1)$$

мұнда P_{int} – жанып жатқан үй-жайдың ішіндегі газ ортасының қысымы;

ρ_g – газ ортасының тығыздығы;

R – әмбебап газдық тұрақтылық;

T_g – газ ортасының температурасы.

11.2.4 Жанып жатқан үй-жайдағы массаны сақтаудың теңдеуі:

$$\frac{dm}{dt} = \dot{m}_{in} - \dot{m}_{out} + \dot{m}_{fi}, \quad (11.2)$$

мұнда dm/dt – өрт кезінде үй-жайдағы газ массасының өзгеруі, $\text{кг} \cdot \text{с}^{-1}$;

\dot{m}_{out} – ойықтардан шығатын газ ортасының шығыны;

\dot{m}_{in} – ойықтар арқылы түсетін газ ортасының шығыны;

\dot{m}_{fi} – үй-жайдың көлеміне өртену өнімдерінің түсу жылдамдығы (өртенудің массалық жылдамдығы).

ЕСКЕРТПЕ Газ массалары мен өрт жүктемесінің өртенуінің массалық жылдамдығының өзгеруін ескермеуге жол беріледі, бұл жағдайда (11.2) формуласы жеңілдетіледі және:

$$\dot{m}_{in} = \dot{m}_{out} \text{ түрді қабылдайды.} \quad (11.3)$$

11.2.5 Жанып жатқан үй-жайда энергияны сақтаудың теңдеуі:

$$\frac{dE_g}{dt} = Q - Q_{out} + Q_{in} - Q_{wall} - Q_{rad}, \text{ Вт}, \quad (11.4)$$

мұнда E_g – үй-жайдағы газ ортасының ішкі энергиясы, Дж;

Q – өрттің жылу ағысының қуаттылығы, Вт;

Q_{in} – газдың қоршау конструкцияларындағы ойықтар арқылы түсуінің салдарынан энергияның ұлғаюы, мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{in} = \dot{m}_in \cdot c \cdot T_f; \quad (11.5)$$

мұнда c – салыстырмалық жылу сыйымдылығы, Дж·кг⁻¹·К⁻¹;

T_f – жанып жатқан үй-жайдағы температура, К;

Q_{out} – қоршау конструкцияларындағы ойықтар арқылы газ ортасының шығуының салдарынан энергияның азаюы (жоғалту), мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{out} = \dot{m}_{out} \cdot c \cdot T_f; \quad (11.5)$$

Q_{wall} – үй-жайдың қоршау конструкцияларына жылу берудің салдарынан энергияның азаюы (жоғалту), мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{wall} = (A_t - A_{h,v}) \cdot \dot{h}_{net}, \quad (11.6)$$

мұнда $A_{h,v}$ – көлбеу және тік қоршау конструкцияларындағы ойықтардың суммарлық ауданы;

A_t – қоршау конструкцияларының (қабырғалардың, ойықтарды қоса, жабындар мен едендердің) суммарлық ауданы;

\dot{h}_{net} – осы құралдың (6.1) формуласы бойынша анықталатын нәтижелендіретін салыстырмалық жылу ағысы;

Q_{rad} – қоршау конструкцияларындағы ойықтар арқылы сәулемен жылу берудің салдарынан энергияның азаюы (жоғалуы);

$$Q_{rad} = A_{h,v} \cdot \sigma \cdot T_f^4. \quad (11.7)$$

11.3 Екі аймақтық модельдер

11.3.1 Екі аймақтық модельдер локалдық немесе толық дамымаған көлемді өрттерді модельдеу үшін қолданылады. Жанып жатқан үй-жайдың көлемі әртүрлі аймақтарға: жоғарғы қабат, төменгі қабат, өрттің ошағы, конвективтік баған, қоршау конструкцияларына бөлінеді. Осы модельдің негізгі ерекшеліктері:

- жоғарғы қабат түтін мен пиролиз өнімдерінің төбе астында жиналып қалуын көрсетеді;

- әрбір қабатта газ ортасының температурасы тегіс болып табылады, яғни, жоғарғы қабаттар астыңғы қабаттарды қыздырады;

- төменгі және жоғарғы қабаттардың арасында көлбеу өзара қатынас болады;


- төменгі қабаттан жоғарғы қабатқа конвективтік бағаннан тартылған ауа ескеріледі.

11.3.2 11.2-суретте үй-жайдағы өртті екі аймақтық модельдеудің схемасы келтірілген. Екі аймақтық модельдеу жанып жатқан үй-жайдағы массалар мен энергияларды сақтаудың заңының қарапайым дифференциалдық теңдеулердің шешіміне негізделген, дегенмен бұл теңдеулер күрделіліктің үлкен дәрежесімен айрықшаланады.

11.3.3 Масса мен энергияны сақтауды жеке аймақтар үшін ескеру керек, одан басқа да әртүрлі аймақтар арасындағы масса мен энергияның алмасуын назарға алу керек. Газ ортасының температурасының және жоғарғы қабаттың қалыңдығының өзгеруі ерекше назар ұсынады.

Үй-жайлардағы нақты өрттер кезінде толық дамымаған көлемді өрт нақты жағдайларда толық дамыған көлемді өртке көшуі мүмкін, яғни, өрттің екі аймақтық моделі бір аймақтыққа ауысады:

- жоғарғы қабаттың газ ортасының температурасы 500°C асады;
- жоғарғы қабаттың қалыңдығы үй-жайдың биіктігінің 80% жетеді.



11.2-сурет – Өрттің екі аймақтық моделінің схемасы

11.4 Есептейтін гидродинамиканың модельдері (өрістік модельдер – CFD)


11.4.1 Өрттерді модельдеудің ең дамыған және күрделі әдісіне даму процесі мен температураның өзгеру процесін болжауға арналған есептегіш гидродинамиканың моделін (Computational Fluid Dynamics (CFD)) пайдалану болып табылады. CFD модельдері түтін мен өртену өнімдерінің таралу процестерін модельдеу үшін, сонымен қатар өрттерді модельдеу үшін табысты қолданылған. Көрсетілген модельдер өрттің бастапқы сатысын, локалдық өрттер мен бірнеше өзара байланыстағы үй-жайлардың шектелген кеңістігінің күрделі геометриясы жағдайында түтіннің таралуын модельдеуге мүмкіндік береді. Типтік CFD модельдер ағыстардың әрекетін, жылу беруді және осыған байланысты гидродинамиканың іргетастық теңдеулерін шешу жолымен байланысты жаралытыстарды қоса, жүйелерді талдайды. Берілген теңдеулер:

- ортаның массасын сақтау;
- орта бөліктерінің импульсының өзгеруінің жылдамдығы орта бөліктеріне әрекет ететін сомаға тең – Ньютонның екінші заңы;

- орта бөліктерінің энергиясының өзгеруінің жылдамдығы жылудың өзгеру жылдамдығының және орта бөліктерінің астында жасалған жұмыстың өзгеруінің жылдамдығының сомасына тең – термодинамиканың бірінші заңы сияқты физикалық заңдарды бейнелейтін тапсырмалардың математикалық қойылымын ұсынады.

11.4.2 CFD модельдерде үй-жайдағы нүктелердің көп санына арналған жеке өндірістегі термодинамикалық және аэродинамикалық ауыспалылар үшін дифференциалдық теңдеулер (Навье-Стокстың теңдеуі) шешіледі. Үй-жайлардағы өрттерге арналған CFD модельдердің басым көпшілігі өрт кезінде бөлінетін түтін мен жылулыққа назар аударған ағыстардың әртүрлілігімен жекешеленген, төменгі жылдамдықты температуралар үшін қолданбалы.

11.4.3 CFD модельдер есептеуге арналған шығыс деректерді енгізуге талапты, кіріс параметрлерін анықтау және есептің нәтижелерін қолдануды бағалау кезінде сараптамалық бағалауды талап етеді.



11.3-сурет – Өрттің CFD моделін (FDS бағдарламасын) қолдану арқылы жылу ағысының қуаттылығын есептеу нәтижелерін көзбен шолу

11.4.4 Өрттің әртүрлі модельдерін есептеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етудің кейбір түрлерінің мысалдары 11.1-кестеде берілген.

11.1-кесте – Үй-жайдағы өрт модельдерінің салыстырмалық сипаттамалары

Өрттің моделі	Номиналды қарапайым	Эквиваленттік	Үй-жайдағы өрт		Аймақтық модельдер			Далалық модельдер (CFD)	
			параметрлік	локалдық	бір аймақтық	екі аймақтық			
							күрделі		
Күрделілігі	орташа								
Өрттің жүрісі	Көлемді дамыған өрттер				Көлемді дамымаған	Көлемді дамымаған /локалдық өрттер	Толық температуралық-уақыттық тәуелділік		
Температураны бөлу	Жанып жатқан үй-жайдың барлық көлемі бойынша тегіс				Конвективтік баған бойынша тегіс емес	Тегіс	Қабаттары бойынша тегіс	Өрттің уақыты мен жанып жатқан үй-жайдың кеңістігінің қарастырылған нүктесінің координаталары	
Шығыс деректер	Өрттің типі Физикалық емес параметрлері	Өрт жүктемесі Ауа алмасудың жағдайлары Қоршау конструкцияларының жылу физикалық қасиеттері Үй-жайдың өлшемі			Өрттік жүктеме, оның габариттері Төбенің биіктігі	Өрт жүктемесі Ауа алмасудың жағдайлары Қоршау конструкцияларының жылу физикалық қасиеттері Үй-жайдың өлшемі Жүйедегі жылу және масса алмасуды сипаттауға арналған бөлшектелген деректер		Сипатталған ағыстардың іргетастық теңдеулерінің шешімдеріне арналған бөлшектік деректер	
Есептеу құралдары	ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011				COMPF2 (NIST, АҚШ, Бабраукас, 1979); <i>Ozone</i> (Льеж қ-ның университеті, Бельгия, Кадорин және Франссен, 2003); <i>SFIRE-4</i> (Лунд қ-ның университеті, Швеция, Магнуссон және Тельандерсон, 1970)		CCFM.VENTS (NIST, АҚШ, Форни, Купер және Мосс, 1990); <i>CFAST</i> (NIST, АҚШ, Пикок ж.б., 2000); <i>Ozone</i> (Льеж қ-ның университеті, Бельгия, Кадорин және Франссен, 2003)	FDS (NIST, МакГрэттан ж.б., 2002); SMARTFIRE (Гринвич қ-ның университеті, 1998); SOFIE (Кранфилд қ-ның университеті, Рубини, 2000)	
Қолмен есептеуге арналған қарапайым теңдеулер					Деректердің ірі форматтық массивтері		Қарапайым теңдеулер		Компьютерлік модельдер

12 САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ӨРТ ЖҮКТЕМЕСІ

12.1 Өрт жүктемесін есептеу жөніндегі жалпы ережелер

12.1.1 Өрт қауіпсіздігінің саласында есептерді жүргізу кезінде өлшеу жолымен анықталған немесе өртке төзімділіктің ұлттық талаптарына негізделген белгіленген жағдайлар кезіндегі есептік салыстырмалық өрт жүктемесін пайдалану керек.

12.1.3 Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі келесі амалдардың бірімен анықталады:

- өрт жүктемесі бойынша үй-жайлардың ұлттық жіктеу бойынша;
- жеке жоба үшін өрт жүктемелеріне зерттеу жүргізу жолымен жеке түрде.

12.1.3 Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$, МДж · м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n, \quad (12.1)$$

мұнда m – өртенудің толықтығының коэффициенті;

δ_{q1} – үй-жайдың (өрт секциясының) өлшемдеріне байланысты қауіпті есептеудің коэффициенті;

δ_{q2} – ғимараттың мақсатына байланысты өрттік пайда болуы қаупін есептеудің коэффициенті;

$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni}$ – өрт сөндіру үшін i арнайы шешімдердің (шаралардың) бар екендігін ескеретін коэффициент. Әдетте, бұл шешімдер адамдардың өмірін қорғуға бағытталған;

$q_{f,k}$ – еденнің ауданына келтірілген сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі, МДж·м⁻².

12.1-кесте – δ_{q1} және δ_{q2} коэффициенттерінің мәндері

Еденнің ауданы A_f , м ²	Өрттің пайда болу қауіптілігі δ_{q1}	Өрттің пайда болу қауіптілігі δ_{q2}	Ғимараттардың (үй-жайлардың) мысалдары
25	1,1	0,78	Көркем галерея, мұражай, бассейн
250	1,5	1	Кеңсе, тұрғын ғимарат, қонақ үй, қағаз өндірісі
2500	1,9	1,22	Машина құрылысының өндірісі
5000	2	1,44	Химиялық зертхана, көркем шеберханалар
10 000	2,13	1,66	Фейерверк немесе бояулардың өндірісі

12.2-кесте – δ_{ni} коэффициентінің мәндері

Белсенді өртке қарсы қорғаудың шешімдері (шаралары)											
Өрт сөндірудің автоматтық қондырғылары				Автоматты түрдегі өрт сигнализациясы			Өртті автоматты түрде емес сөндіру				
Автоматты түрде сумен өрт сөндіру	Тәуелсіз өртке қарсы сумен жабдықтау			Автоматтық индикация және өрт туралы сигнализация		Хабарламаны өрт бөлімшесіне автоматты түрде жеткізу	Объективтік өрт бөлімшесі	Объективті емес өрт бөлімшесі	Қол жеткізудің қауіпсіз жолдары	Өртті сөндіруге арналған құрылғылар	Түтін жоятын жүйелер
	0	1	2	Жылулық хабаршылар	Түтіндік хабаршылар						
δ_{n1}	δ_{n2}			δ_{n3}	δ_{n4}	δ_{n5}	δ_{n6}	δ_{n7}	δ_{n8}	δ_{n9}	δ_{n10}
0,61	1,0	0,87 немесе 0,7		0,87	0,73	0,87	0,61 немесе 0,78		0,9 немесе 1 немесе 1,5	1 немесе 1 5	1 немесе 1,5

12.1.4 Үнемі болуы керек: эвакуация жолдарын қамтамасыз ету, өртті сөндіруге арналған құралдар мен баспалдақ торларында түтінге қарсы қорғаудың құрылғыларының бар болуы сияқты өртке қарсы қорғаудың типтік шешімдері бар өрт секциялары (бөлімдері) үшін осы құралдың 12.2-кестесі бойынша δ_{ni} мәні 1-ге тең етіп қабылданады. Олар жоқ болған жағдайда, тиісті δ_{ni} мәндері 1,5 тең етіп қабылданады.

12.1.5 Егер өрт кезінде баспалдақ торларына артық қысымды жасау арқылы сыртқы ауаны беру қарастырылса (түтін шықпайтын баспалдақ торлары үшін), онда 12.2-кестесі бойынша δ_{n8} коэффициенті 0,9 деп қабылданады.

12.1.6 Осы бөлімнің ережелері өрт секциясындағы (бөліміндегі) өртке қарсы қорғаудың техникалық құралдары (өрт автоматикасының құрылғылары, өртке қарсы қорғау, адамдарға хабарлау және эвакуациялау жүйелері, өртке қарсы сумен жабдықтау) тиісті еуропалық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді деген болжамға негізделген. Еуропалық стандарттардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, немесе осы құралдың 12.2-кестесінде келтірілмеген өртке қарсы қорғаудың техникалық құралдарының өзге түрін қолдану кезінде, олардың тиімді жұмыстарын [6] сәйкес ықтимал бағалауды жүргізу керек.

12.2 Салыстырмалық өрт жүктемесін анықтау бойынша жалпы талаптар

12.2.1 Өрт жүктемесі өрт секциясында (бөлімінде) болатын барлық жанатын заттар мен материалдардан, сонымен қатар жанатын материалдардан жасалған құрылыс конструкцияларынан (соның ішінде қаптау мен әрлеуден де) тұруы керек.

12.2.2 Салыстырмалық өрт жүктемесі келесі жолдардың бірімен анықталады:

- өрт жүктемесі бойынша үй-жайларды жіктеуге сәйкес;
- осы құралдың 12.7-тармақшасында келтірілген есептік әдістерді қолдану арқылы әрбір өрт секциясына (бөлімшесіне) жеке түрде.

12.2.3 Өрт жүктемесі:

- жеке үй-жайда және ғимаратта жалпы болатын технологиялық процеске сәйкес анықталатын технологиялық өрт жүктемесінен;

- жанатын конструктивтік элементтерді, әрлеу мен қаптауды қосатын конструктивтік өрт жүктемесінен тұруы керек.

Әдетте, жіктеуде технологиялық өрт жүктемесі беріледі, қажеттілікке байланысты конструктивтік өрт жүктемесін осы құралдың 12.3-бөліміне сәйкес анықтайды.

12.3 Өрт жүктемесін анықтаудың тәртібі

12.3.1 Сипаттамалық өрт жүктемесі, МДж, мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{fi,k} = \sum M_{ki} \cdot H_{ui} \cdot \psi_i = \sum Q_{fi,k,i}, \quad (12.2)$$

мұнда $M_{k,i}$ – i жанатын материалдың массасы, кг;

H_{ui} – i материалдың өртенуінің астыңғы жылуы, МДж·кг⁻¹;

ψ_i – өрт жүктемесінің қорғалғандығының коэффициенті.

12.3.2 Сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,k}$, МДж·м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$q_{f,k} = Q_{fi,k}/A, \quad (12.3)$$

мұнда A – еденнің ауданы A_f немесе өрт секциясының ішкі бетінің ауданы A_r , сәйкесінше $q_{f,k}$ және $q_{t,k}$ деп айырады.

12.3.3 Құрылыс конструкциясының қызметі ішінде өзгермейді деп шамаланатын тұрақты өрт жүктемелері сараптамалық деректерді жинау жолымен анықталады.

12.3.4 Құрылыс конструкциясының қызметі ішінде өзгереді деп шамаланатын өзгермелі өрт жүктемелері қарастырылатын уақыт интервалының 80 % ішінде ұлғаймайтын мәндер арқылы ескерілуі керек.

12.4 Қорғалған өрт жүктемесі

12.4.1 Жоба бойынша өрттік әсер етуге шыдайтын ғимараттың бөліктерінде өрттік жүктеме ескерілмейді.

12.4.2 Ғимараттың өртке төзімділік бойынша ерекше талаптары жоқ, өрттік әсер етудің барлық ұзақтығының ішінде зақымдалмайтын, жанбайтын бөліктерінде өрт жүктемесі келесі жолмен ескеріледі:

– кішігірім өрттік жүктеме, қорғалған өрттік жүктеменің 10 % кем емес, $\psi_i = 1$ бірге ескеріледі;

– егер көрсетілген өрт жүктемесі, қорғалмағанды да қоса, өртенудің температурасынан жоғары қалған жүктемені қыздыруға жеткіліксіз болса, онда қалған қорғалған өрттік жүктеме $\psi_i = 0$ коэффициентімен бірге есептеледі;

– қалған жағдайларда ψ_i жеке түрде анықталады.

12.5 Өртенудің астыңғы жылуы

12.5.1 Құрылыс материалдары мен бұйымдарының өртенуінің астыңғы жылуы EN ISO 1716:2002 сәйкес тұрақты көлемнің калориметрикалық бомбада анықталады.

12.5.2 Материалдың ылғалдылығының есебі бар өртенудің астыңғы жылуы МДж · кг⁻¹ мына формула бойынша анықталады:

$$H_u = H_{u0} \cdot (1 - 0,01 \cdot u) - 0,025 \cdot u, \quad (12.4)$$

мұнда u – құрғақ салмаққа қатысты пайызбен айқындалған ылғалдылық;

H_{u0} – құрғақ материалдың өртенуінің астыңғы жылуы.

12.5.3 Кейбір қатты материалдардың, сұйықтықтар мен газдардың өртенуінің астыңғы жылуы 12.3-кестеде берілген.

12.3-кесте – Өрт жүктемесін есептеуге арналған жанатын материалдардың H_u өртенуінің астыңғы жылуы

Жанатын материалдың атауы	Өртенудің астыңғы жылуы H_u , МДж · кг ⁻¹
Қатты материалдар	
Ағаш	17,5
Басқа целлюлозалық материалдар:	20
киім	
тығын	
мақта	
қағаз, картон	
жібек	
сабан	
жүн	

12.3-кесте – Өрт жүктемесін есептеуге арналған жанатын материалдардың H_u өртенуінің астыңғы жылуы (жалғасы)

Жанатын материалдың атауы	Өртенудің астыңғы жылуы H_u , МДж · кг ⁻¹
Хош иісті заттар: бензол толуол	40
Көміртектер: антрацит ағаш көмір тас көмір	30
Шекті көміртектер: метан этан пропан бутан	50
Олефиндер (шексіз көміртектер): этилен пропилен бутен	45
Спирттер: метанол этанол	30
Отын: бензин, керосин дизельдік отын	45
Таза көміртектік пластмассалар: полиэтилен полистирол полипропилен	40
Басқа өнімдер	
ABS (пластик)	35
Полиэстер (пластик)	30
Полиизоцианат и полиуретан (пластик)	25
Поливинилхлорид, PVC (пластик)	20
Битум, асфальт	40
Былғары	20
Линолеум	20
Шиналық резіңке	30

ЕСКЕРТПЕ Кестеде келтірілген мәндер отынның энергетикалық мазмұнын анықтау үшін қолданыла алмайды.

12.6 Үй-жайларды өрт жүктемесі бойынша жіктеу

12.6.1 Үй-жайлардың (ғимараттардың) мақсатына байланысты салыстырмалық өрт жүктемесінің сипаттамалық мәндері $q_{f,k}$, МДж · м⁻² 12.4-кестеде берілген.

12.4-кесте – Өртүрлі мақсаттағы үй-жайларға арналған салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,k}$, МДж · м⁻²

Үй-жайдың (ғимараттың) мақсаты	Орташа мәні	80 % қамтамасыздық
Тұрғын үй-жайлар	780	948
Аурухана (бөлмелер)	230	280
Қонақ үй (бөлмелер)	310	377
Кітапхана	1500	1824
Кеңсе	420	511
Мектеп (сынып бөлмелері)	285	347
Сауда орталығы	600	730
Театр (кинотеатр)	300	365
Вокзал (жолаушыларға арналған кеңістік)	100	122

ЕСКЕРТПЕ Гумбельді бөлу 80% қамтамасыздық үшін шамаланған.

12.6.2 Салыстырмалық өрт жүктемесінің 12.4-кестеде келтірілген $q_{f,k}$ 12.1-кестеде келтірілген $\delta_{q2} = 1$ коэффициенті кезінде жарамды.

12.6.3 12.4-кестеде келтірілген өрт жүктемесі олардың қызметтік мақсаттарына сәйкес пайдалануға берілетін ғимараттар (үй-жайлар) үшін жарамды. 12.4-кестеде келтірілмеген үй-жайлар үшін өрт жүктемесі осы құралдың 12.3-бөліміне сәйкес анықталады.

12.6.4 Конструктивтік өрт жүктемесі (конструкцияның, әрлеудің және қаптаудың) 12.3-бөліміне сәйкес анықталады, және талап етілсе, сипаттамалық өрт жүктемесіне сомаланады.

12.7 Салыстырмалық өрт жүктемесін жеке бағалау

12.7.1 Белгіленген жіктеу жоқ болған жағдайда, салыстырмалық өрт жүктемесі жеке жоба үшін сараптамалық деректерді жинау жолымен жеке түрде анықталады.

ЕСКЕРТПЕ Өртүрлі қызметтік мақсаттағы үй-жайларға арналған салыстырмалық өрт жүктемесінің сипаттамалық мәндері пайдаланатын заттар мен материалдарға, сонымен қатар жүзеге асырылатын қызметтің жағдайларына байланысты осы құралдың анықтамалық А қосымшасында берілген.

12.7.2 Өрт жүктемелері мен олардың орналасуын анықтау кезінде үй-жайдың мақсаты, қолданылатын жабдық пен жиһаз, олардың уақыт ішінде ықтимал өзгерулері,

жағымсыз әсер етулер, сонымен қатар үй-жайдың мақсатының ықтимал өзгеруі ескерілуі керек.

12.7.3 Мүмкіндік болғанша, өрт жүктемелері туралы деректерді жинауды қолданыстағы салыстырмалық жобада жүргізген жөн, ол қолданыстағы жобамен айырмашылықтарды негіздеуге мүмкіндік береді.

12.8 Өртенудің сипаттамалары

12.8.1 Өртенудің сипаттамасы үй-жайдың мақсаты мен өрт жүктемесінің типіне байланысты ескерілуі керек.

12.8.2 Көбіне целлюлозадан тұратын материалдар үшін өртенудің толықтығының коэффициенті $m = 0,8$ болып белгіленеді.

12.9 Жылу ағысының қуаттылығы

12.9.1 Өрттің даму сатысындағы жылу ағысының қуаттылығы мына формула бойынша анықталады:

$$Q = 10^6 \cdot \left(\frac{t}{t_\alpha} \right)^2, \quad (12.5)$$

мұнда Q – жылу ағысының қуаттылығы, Вт;

t – уақыт, с;

t_α – жылу ағысының қуаттылығына қол жеткізуге қажетті уақыт 1 МВт, с.

12.9.2 Өртүрлі мақсаттағы үй-жайларға арналған параметр t_α мен максималдық жылу ағысының қуаттылығы RHR_f 12.5-кестеде берілген.

12.9.3 Өрттің дамуының жылдамдығының мәндері мен 12.5-кестеде келтірілген RHR_f $\delta_{q2} = 1$ кезінде жарамды (12.1-кесте).

12.9.4 Өрттің өте жылдам дамуы кезінде $t_\alpha = 75$ с.

12.9.5 Даму сатысы төмендегі формула бойынша анықталатын белгіленген жағдайға сәйкес келетін диаграммадағы көлбеу теліммен шектеледі:

$$Q = RHR_f \cdot A_{fi},$$

мұнда A_{fi} – өрт жүктемесін тегіс бөлу кезіндегі өрт секциясының (бөлімінің) ауданына сәйкес келетін өрттің максималдық ауданы, дегенмен локалдық өрт кезінде кем болуы мүмкін, м²;

RHR_f – өрт жүктемесімен реттелетін өртке арналған 1 м² ауданға келтірілген өрттің максималдық жылу ағысының қуаттылығы, кВт · м² (12.5-кестені қар.).

12.5-кесте – Өрттің мақсаттағы үй-жайларға арналған өрттің даму жылдамдығы және RHR_f

Максималдық жылу ағысының қуаттылығы RHR_f			
Үй-жайдың мақсаты	Өрттің даму жылдамдығы	t_a , с	RHR_f , кВт·м ⁻²
Тұрғын үй-жайлар	Орташа	300	250
Аурухана (бөлмелер)	Орташа	300	250
Қонақ үй (бөлмелер)	Орташа	300	250
Кітапхана	Жылдам	150	500
Кеңсе	Орташа	300	250
Мектеп (сынып бөлмелері)	Орташа	300	250
Сауда орталығы	Жылдам	150	250
Театр (кинотеатр)	Жылдам	150	500
Вокзал (жолаушыларға арналған кеңістік)	Баяу	600	250

ЕСКЕРТПЕ 12.5-кестеде берілген әртүрлі қызметтік мақсаттағы үй-жайлар үшін өрттің дамуының жылдамдығы туралы деректер осы құралдың 8.3-бөліміне толықтыру болып табылады және өрт жүктемесінің түріне байланысты өрттің дамуын сипаттайды.

12.9.6 Диаграммадағы көлбеу телім барлық өрт жүктемесінің 70 % жанған кезде басталатын сөну фазасымен шектеледі.

12.9.7 Сөну сатысы үшін өрт жүктемесінің 70 % өртену сәтінен оның толық жанып біткеніне дейінгі сызықтық тәуелділік.

12.9.8 Желдетумен реттелетін өрттер үшін көлбеу телімнің деңгейі қолда бар оттегінен шыға азайтылуы мүмкін. Бұл процесс бір аймақтық моделі бар компьютерлік бағдарламаны пайдалану арқылы автоматты түрде жүргізіледі немесе мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{\max} = 0,1 \cdot m \cdot H_u \cdot A_v \cdot \sqrt{h_{eq}}, \text{ МВт}, \quad (12.6)$$

мұнда A_v – ойықтың ауданы, м²;

h_{eq} – ойықтардың орташа биіктігі, м;

H_u – ағаштың өртенуінің астыңғы жылуы ($H_u = 17,5 \text{ МДж} \cdot \text{кг}^{-1}$);

m – өртенудің толықтығының коэффициенті, $m = 0,8$.

12.9.10 Егер желдетумен реттелетін өрттер үшін максималдық жылу ағысының қуаттылығы азайтылған болса, онда жылу ағысының қуаттылығының графигі өрт жүктемесі бөлетін ықтимал энергиямен сәйкесінше ұзартылады. Егер графигі ұзартылмаса, онда үй-жайдағы ортаның (газдардың) температурасының төмендеуіне себеп болған секциядан тыс бар өрт қабылданады.

1-мысал

Шығыс деректер:

Үй-жайда келесі жанатын заттар мен материалдар айналады:

- массасы 46 кг ABS пластигі;
- массасы 30 кг ашық поливинилхлорид (ПВХ) табактары;
- массасы 1130 кг ағаш;
- массасы 1340 кг қағаз.

Өндірістік үй-жайдың параметрлері:

- ауданы – 149,5 м²;
- биіктігі – 3,00 м,
- геометриялық көлемі – 448,5 м³.

Өндірістік үй-жай автоматты түрде сумен өрт сөндірушімен жабдықталған, ояту жүйесі ретінде түтіндік хабаршылары бар автоматты түрдегі өрт сигнализациясы пайдаланылады. Көрсетілген үй-жай орналасқан ғимаратта хабарды автоматты түрде өрт бөліміне беру қарастырылған. Объективтік өрт бөлімшесі мен түтін жоятын жүйелер қарастырылмаған. Үй-жайдан шығатын барлық шығыстар тікелей сыртқа шығады. Өндірістік үй-жайда өрт сөндірудің алғашқы құралдары (ұнтақты өрт сөндіргіштер мен өртке қарсы жабын) бар.

Талап етіледі: Қағаз өнімінің өндірі жүзеге асатын үй-жай үшін салыстырмалық өрт жүктемесінің шамасын анықтау

Есептеу

Салыстырмалық өрт жүктемесінің шамасын есептеу осы құралдың 12-бөліміне сәйкес жүзеге асады.

Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$, МДж · м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n,$$

мұнда m – өртенудің толықтығының коэффициенті;

δ_{q1} – үй-жайдың өлшеміне байланысты өрттің туу қаупінің есебінің коэффициенті;

δ_{q2} – ғимараттың мақсатына байланысты өрттің туу қаупінің есебінің коэффициенті байланысты өрттің туу қаупінің есебінің коэффициенті;

δ_n – өртті сөндіруге арналған арнайы шешімдердің (шаралардың) бар екендігін ескеретін коэффициент;

$q_{f,k}$ – еденнің ауданына келтірілген сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі, МДж·м⁻².

Үй-жайдағы өрт жүктемесі көбінесе целлюлозадан тұратын материалдармен ұсынылғандықтан, өртенудің толықтығының коэффициенті құралдың 12.8.2-тармағына сәйкес $m = 0,8$ тең етіп қабылданады.

Өрттің пайда болу қаупінің есебінің коэффициенті δ_{q1} үй-жайдың өлшемдеріне байланысты құралдың 12.1-кестесі бойынша қабылданады және $\delta_{q1} = 1,5$ тең. Өрттің пайда болу қаупін есептеудің коэффициенті ғимараттың мақсатына байланысты да құралдың 12.1-кестесі бойынша қабылданады және $\delta_{q2} = 1,00$ тең.

Өртті сөндіруге арналған арнайы шешімдердің (шаралардың) бар екендігін ескеретін коэффициент келесі формула бойынша анықталады:

$$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni} = \delta_{n1} \cdot \delta_{n2} \cdot \delta_{n4} \cdot \delta_{n5} \cdot \delta_{n7} \cdot \delta_{n8} \cdot \delta_{n9} \cdot \delta_{n10} = 0,61 \times 1,0 \times 0,73 \times 0,87 \times 0,78 \times 0,9 \times 1,0 \times 1,5 = 0,4079,$$

мұнда $\delta_{n1} = 0,61$ – үй-жайдың автоматты түрде өрт сөндірумен жабдықталуын ескеретін коэффициент;

$\delta_{n2} = 1,0$ – үй-жайда тәуелсіз өртке қарсы сумен жабдықтаудың жоқтығын ескеретін коэффициент;

$\delta_{n4} = 0,73$ – үй-жайдың түтіндік хабаршысы бар өрт сигнализациясының құрылғыларымен жабдықталғанын ескеретін коэффициент;

$\delta_{n5} = 0,87$ – үй-жайдың хабарды автоматты түрде өрт бөлімшесіне берумен жабдықталғанын ескеретін коэффициент;

$\delta_{n7} = 0,87$ – объектіде объективтік өрт бөлімшесінің жоқтығын ескеретін коэффициент;

$\delta_{n8} = 0,87$ – үй-жайда тікелей сыртқа апаратын эвакуациялық шығыстардың бар екендігін ескеретін коэффициент;

$\delta_{n9} = 0,87$ – үй-жайда өрт сөндіруге арналған құрылғының бар екендігін ескеретін коэффициент;

$\delta_{n10} = 0,87$ – үй-жайда түтін жоятын жүйенің жоқтығын ескеретін коэффициент.

Сипаттамалық өрт жүктемесі, МДж, құралдың (12.2) формуласы бойынша анықталады:

$$Q_{fi,k} = \sum M_{ki} \cdot H_{ui} \cdot \psi_i = \sum Q_{fi,k,i} = M_{ABS} \cdot H_{ABS} + M_{ПВХ} \cdot H_{ПВХ} + M_{древ} \cdot H_{древ} + M_{бум} \cdot H_{бум} =$$

$$= 46 \times 35,0 + 30 \times 30,0 + 1130 \times 17,5 + 1340 \times 20,0 = 49085 \text{ МДж},$$

мұнда $M_{k,i}$ – жанатын материалдың массасы, кг;

$M_{ABS} = 46$ кг – ABS пластиктің массасы;

$M_{ПВХ} = 30$ кг – поливинилхлорид табақтарының массасы;

$M_{древ} = 1130$ кг – ағаштың массасы;

$M_{бум} = 1340$ кг – қағаз бен оның негізіндегі өнімнің массасы;

H_{ui} – материалдың өртенуінің астыңғы жылуы, МДж·кг⁻¹ (12.3-кестеге сәйкес қабылданған);

$H_{ABS} = 35,0$ МДж·кг⁻¹ – ABS пластикінің өртенуінің астыңғы жылуы;

$H_{ПВХ} = 30,0$ МДж·кг⁻¹ – поливинилхлорид табақтарының өртенуінің астыңғы жылуы;

$H_{ағаш} = 17,5$ МДж·кг⁻¹ – ағаштың жануының астыңғы жылуы;

$H_{қағаз} = 20,0$ МДж·кг⁻¹ – қағаз бен оның негізіндегі өнімнің өртенуінің астыңғы жылуы;

$\psi_i = 1$ – өрт жүктемесінің қорғалғандығының коэффициенті.

Сипаттамалық салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,k}$, осы құралдың (12.3) формуласы бойынша анықталады:

$$q_{f,k} = Q_{fi,k}/A = 49085 / 149,5 = 328,3278 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2},$$

мұнда $A = 149,5 \text{ м}^2$ – өрт секциясының еденінің ауданы (шығыс деректеріне сәйкес қабылданады).

Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$, құралдың (12.1) формуласы бойынша анықталады және:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n = 328,3278 \times 0,8 \times 1,5 \times 1,0 \times 0,4079 = 160,7 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2} \text{ құрайды.}$$

Қорытынды: қағаз өнімінің өндірісі жүзеге асатын үй-жай үшін есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d} = 160,7 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}$ құрайды.

13 ӨРТТІҢ ЭКВИВАЛЕНТТІК ҰЗАҚТЫҒЫ

13.1.1 Құрылыс конструкцияларының өртке төзімділік шектерін анықтау кезінде нақты өрттердің стандарттық өрттің әсер етуінің салдары бойынша ұқсас параметрлерінің есебі нақты өрттің температуралық әсер етуін келтіру жолымен жүзеге асуы мүмкін. Әдетте, өрттің қуатталығы стационарлы емес қызу кезінде құрылыс конструкциясының температурасының максималдық мәні арқылы көрсетілсе, онда нақты өрт құрылыс конструкциясының температурасы нақты өрт кезіндегідей болатын стандарттық өртке келтірілуі мүмкін. Бұл өрттің кез-келген температуралық тәртібіндегі құрылыс конструкцияларының өртке төзімділігін бағалауға мүмкіндік береді және нәтижелерді стандарттық жалындық әсер етудің жағдайлары үшін өңделген өртке төзімділік бойынша мөлшерленетін нәтижелерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, егер өрттен қорғайтын болат арқалық нақты өрттің бойында максималдық 400°C температураға дейін болса, ал стандарттық өрттің жағдайында конструкцияның сол температурасына жету үшін 50 минут уақыт керек, онда нақты өрт 50 минут ұзақтықты стандарттық өртке эквивалентті деп қабылданады.

13.1.2 Жобалау мен құрылыстағы зерттеулер және инновациялар жөніндегі халықаралық кеңеспен өңделген әдіс нақты өрттің стандарттық өртке қуаттылығын келтіру үшін базалық болып табылады. Осы әдіс көптеген жобалаушыларға үйреншікті номиналдық температуралық тәртіптер мен өрттің нақты температуралық тәртібінің арасындағы компромистік шешім болып табылады. Әдіс нақты өрттің ауыртпалық дәрежесін қарастырылатын өрт секциясының стандарттық өрттік әсер етудің әсерінің эквиваленттік ұзақтығына жатқызады.

13.1.3 Эквиваленттік өрттің әдісі нақты өрттің қуатын [3] бойынша өрт секциясының физикалық сипаттамаларының және өрттің дамуы байланысты өрт жүктемесінің шамасы, қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігіне тәуелді коэффициент пен желдету жағдайын ескеретін коэффициент сияқты параметрлердің негізінде стандарттық өртке теңейді.

ЕСКЕРТПЕ Эквиваленттік өрттің әдісін болат бетон және ағаш конструкциялардың өртке төзімділігін бағалау үшін қолдануға жол берілмейді.

13.2 Стандарттың өрттің эквиваленттік ұзақтығы $t_{e,d}$ мына формула бойынша есептеледі:

$$t_{e,d} = (q_{f,d} \cdot k_b \cdot w_f) \cdot k_c \text{ немесе} \\ t_{e,d} = (q_{t,d} \cdot k_b \cdot w_t) \cdot k_c, \quad (13.1)$$

мұнда $q_{f,d}$ – есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, МДж·м⁻² (осы құралдың 12-бөліміне сәйкес анықталады);

$q_{t,d}$ – қоршау конструкциясының суммарлық ауданына жатқызылған есептік өрт жүктемесі A_t (ойықтарды қоса), МДж·м⁻²;

k_b – үй-жайдың қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігіне (жылу инерциясына) тәуелді коэффициент;

w_f, w_t – желдету жағдайын ескеретін коэффициенттер;

k_c – өртке төзімділік анықталып отырған конструкцияның материалына байланысты реттеуші коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ Егер салыстырмалық өрт жүктемесі өрттенудің арнайы сипаттамасының есебісіз берілсе (осы құралдың 12-бөлімін қар.), онда осы әдісті қолдану көбінесе целлюлозалық өрт жүктемесі бар өрт секцияларымен (бөлімдерімен) шектеледі.

13.3 Үй-жайдағы есептік өрт жүктемесі оны орналастыру ауданына түсетін салыстырмалық өрт жүктемесінің жаңғыруына тең:

$$q_{t,d} = q_{f,d} \cdot \frac{A_f}{A_t}, \quad (13.2)$$

мұнда A_f – үй-жай еденінің ауданы, м²;

A_t – қоршау конструкцияларының (қабырғалардың, ойықтарды қоса жабындар мен едендердің) суммарлық ауданы, м².

13.4 Коэффициент k_b коэффициенті қоршау конструкцияларының жылу сіңіргіштік қабілеттілігіне (жылу энергиясына) байланысты келесі жолмен анықталады:

- $b < 720$ үшін $k_b = 0,07$;
- $720 \leq b \leq 2500$ үшін $k_b = 0,055$;
- $b > 2500$ үшін $k_b = 0,04$,

мұнда $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$ – құрылыс конструкциясының жылулық инерциясы, Дж · м⁻²·с^{-1/2}·К⁻¹ (көп қабатты құрылыс конструкциялары үшін осы құралдың 8-бөлімінің ережелерінің есебімен).

ЕСКЕРТПЕ 1 Егер қоршау материалдарының жылу техникалық сипаттамаларын бөлшектеп бағалау жүргізілмесе, онда $k_b = 0,07$ мин · м² · МДж⁻¹ деп қабылдауға жол беріледі.

ЕСКЕРТПЕ 2 Заттар мен материалдардың жылу физикалық қасиеттері анықтамалық деректер бойынша анықталады. Кейбір заттар мен материалдардың жылу физикалық қасиеттері осы құралдың анықтамалық Б қосымшасында берілген.

13.5 Желдету жағдайларының коэффициенті w_f мына формула бойынша анықталады:

$$w_f = \left(\frac{6}{H} \right)^{0,3} \cdot \frac{0,62 + 90 \cdot (0,4 - A_v/A_f)^4}{1 + b_v \cdot A_h/A_f} \geq 0,5, \quad (13.2)$$

мұнда H – өрт бөлімінің (секциясының) биіктігі, м;

A_v – тік ойықтардың суммарлық ауданы, м²;

A_h – жабындағы көлбеу ойықтардың суммарлық ауданы, м²;

$$b_v = 12,5 \cdot \left[1 + 10 \cdot \frac{A_v}{A_f} - \left(\frac{A_v}{A_f} \right)^2 \right] \geq 10; \quad (13.3)$$

ЕСКЕРТПЕ 1 Келтірілген (13.2), (13.3) теңдеулері $0,025 \leq A_v/A_f \leq 0,25$ шарттарын орындаған кезде әділ болады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Жабында ойықтары жоқ кішігірім өрт бөлімдері ($A_f < 100$ м²) үшін w_f коэффициентін келесі формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$w_f = \frac{A_f}{A_t \cdot \sqrt{O}}, \quad (13.4)$$

мұнда O – осы құралдың 8-бөлімінің талаптарына сәйкес анықталатын ойықтылық коэффициенті.

13.6 Желдету жағдайын ескеретін w_t коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$w_t = w_f \cdot \frac{A_t}{A_f}. \quad (13.5)$$

13.7 Өртке төзімділік анықталатын конструкция материалына байланысты реттеуші коэффициент k_c келесі жолмен таңдалады:

- $k_c = 1$ – темір бетон немесе қорғалған болат конструкциялар үшін;
- $k_c = 13,7 \cdot O$ – қорғалмаған болат конструкциялар үшін.

13.8 Өрт қауіпсіздігінің шарттарын орындау үшін келесі теңдеудің орындалғандығы расталуы керек:

$$t_{e,d} < t_{fi,d}, \quad (13.6)$$

мұнда $t_{f,d}$ – құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың өртке қарсы бөлімдерінің талаптарына сәйкес анықталған өртке төзімділіктің есептік шегіне сәйкес келетін уақыт.

1-мысал:

Шығыс деректері

Үй-жайдың сипаттамасы: үй-жайдың өлшемі $A_f = 48 \text{ м}^2$ ($a \times b = 6 \times 8 \text{ м}$); үй-жайда әрқайсысы $A_{v,1} = 7,2 \text{ м}^2$ (ойықтың ені $3,6 \text{ м} \times 2 \text{ м}$ биіктігі) ауданмен ауа алмасу жүзеге асатын 2 терезелік ойық және и бір есіктік ойық $A_{v,2} = 2,4 \text{ м}^2$ (ойықтың ені $1,2 \text{ м} \times 2 \text{ м}$ биіктігі) бар; үй-жайдың биіктігі $H = 4 \text{ м}$. Үй-жай дұрыс геометриялық формалы. Үй-жайдағы есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d} = 490,6 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}$ (8-бөлім, 1-мысал);

Конструкция материалдарының жылу физикалық қасиеттері:

- арақабырғасы – қалыңдығы 220 мм көп қуыстық темір бетон тақтайшалар;
- еденнің жабыны – темір бетон тақтайшаның үстіндегі мәрмәрлі тақтайша;
- қабырғалары – қалыңдығы 120 мм кірпіш, қалыңдығы 15 мм гипстік сылақпен әрленген;

Материал	Жылу өткізгіштіктің коэффициенті λ , $\text{Вт} \cdot (\text{м} \cdot ^\circ\text{C})^{-1}$	Тығыздық ρ , $\text{кг} \cdot \text{м}^{-3}$	Салыстырмалы жылу сыйымдылық c , $\text{кДж} \cdot (\text{кг} \cdot ^\circ\text{C})^{-1}$
Бетон	1,40	2100	0,88
Мәрмәр	2,50	2600	0,80
Кірпіш	0,69	1600	0,84
Гипстік сылақ	0,48	1440	0,84

Талап етіледі: Өртке төзімді қоршау конструкциялары (арақабырға мен қабырғалары) бар әкімшілік үй-жайдағы болат арқалықтар үшін өртке төзімділік шегін есептеу.

Есептеу:

Қоршау конструкцияларының (қабырғалардың, жабындар мен едендердің, ойықтарды қоса) суммарлық ауданын анықтаймыз:

$$A_t = 2 \cdot [a \cdot b + (a + b) \cdot H] = 2 \times [6 \times 8 + (6 + 8) \times 4] = 208 \text{ м}^2.$$

(13.2) формула бойынша үй-жайдағы есептік өрт жүктемесінің шамасын табамыз:

$$q_{i,d} = q_{f,d} \cdot \frac{A_f}{A_i} = 490,6 \times \frac{48}{208} = 113,2 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2}.$$

Осы құралдың 13.4 п. бойынша құрылыс конструкцияларының жылулық инерциясын анықтаймыз:

Материал	Жылу өткізгіштіктің коэффициенті λ , Вт·(м·°C) ⁻¹	Тығыздық ρ , кг·м ⁻³	Салыстырмалы жылу сыйымдылық c , кДж·(кг·°C) ⁻¹	$b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$, Дж·м ⁻² ·с ^{-1/2} ·К ⁻¹
Бетон	1,40	2100	0,88	1608
Мәрмәр	2,50	2600	0,80	2280
Кірпіш	0,69	1600	0,84	963
Гипстік сылақ	0,48	1440	0,84	762

Еден мен қабырғалардың жабындары екі қабаттық конструкция болып табылатындықтан және қоршау конструкциялары әртүрлі материалдардан орындалғандықтан, осы құралдың 8-бөліміне сәйкес қоршау беттерінің материалының көп қабаттық құрылымын ескереміз:

еден: $b_1 = 2280 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$; $s_1 = 20 \text{ мм}$; $b_2 = 1608 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$; $s_2 = 220 \text{ мм}$; $b_1 > b_2$ сәйкесінше қыздыратын материалға арналған шекті қалыңдықты s_{lim} осы құралдың (8.4) формуласы бойынша есептеу керек:

$$h_{eq} = \frac{\sum_i A_{vi} \cdot h_{vi}}{\sum_i A_{vi}} = \frac{3,6 \times 2,0 \times 2,0 + 3,6 \times 2,0 \times 2,0 + 1,2 \times 2,0 \times 2,0}{3,6 \times 2,0 + 3,6 \times 2,0 + 1,2 \times 2,0} = 2,0 \text{ м}$$

$$O = \frac{A_v \cdot \sqrt{h_{eq}}}{A_i} = \frac{(3,6 \times 2,0 + 3,6 \times 2,0 + 1,2 \times 2,0) \times \sqrt{2}}{208} = 0,114$$

$$t_{\text{max}} = \max \{ (0,2 \cdot 10^{-3} \times 113,2 / 0,114); 20 \} = 20 \text{ мин},$$

$$s_{\text{lim}} = \sqrt{\frac{3600 \cdot t_{\text{max}} \cdot \lambda_1}{c_1 \cdot \rho_1}} = \sqrt{\frac{3600 \times 20 \times 2,5}{800 \times 2600}} = 0,294 \text{ м}.$$

Егер $s_1 = 0,02 \text{ м} < s_{\text{lim}} = 0,294 \text{ м}$ болса, онда

$$b = \frac{s_1}{s_{\text{lim}}} \cdot b_1 + \left(1 - \frac{s_1}{s_{\text{lim}}} \right) \cdot b_2 = \frac{0,02}{0,294} \times 2280 + \left(1 - \frac{0,02}{0,294} \right) \times 1608 = 1653 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1};$$

қабырғалар: $b_1 = 762 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$; $s_1 = 15 \text{ мм}$; $b_2 = 963 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$; $s_2 = 120 \text{ мм}$; себебі $b_1 < b_2$, то $b = b_1 = 762 \text{ Дж} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1/2} \cdot \text{К}^{-1}$.

Бұдан басқа, қабырғаларға, төбелер мен едендерге арналған коэффициенттердің $b = \sqrt{\rho \cdot c \cdot \lambda}$ айырмашылығын осы құралдың (8.5) формуласы бойынша ескеру керек:

$$b = \frac{\sum (b_j \cdot A_j)}{A_t - A_v} = \frac{1653 \times 48 + 762 \times [2 \times (6+8) \times 4 - 16,8] + 1608 \times 48}{208 - 16,8} = 1198 \text{ Вт} \cdot \text{м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1} \cdot \text{К}^{-1},$$

мұнда A_j – j қоршауының бетінің ауданы, ойықтардың есебісіз;

b_j – жабынның j бетінің жылу сіңіргіштік қабілеттілігі.

Үй-жайдың қоршау конструкциясының жылу сіңіргіштік қабілеттілігінің (жылу инерциясының) алынған мәндерінің есебімен осы құралдың 13.4 бойынша k_b коэффициентін анықтаймыз: $k_b = 0,055$, себебі $720 < b = 1198 < 2500$.

Үй-жайдың ауданы 100 м^2 аспағандықтан және жабындарда ойықтар жоқ болғандықтан, құралдың 13.4 формуласы бойынша w_f коэффициентін анықтаймыз:

$$w_f = \frac{A_f}{A_t \cdot \sqrt{O}} = \frac{48}{208 \times \sqrt{0,114}} = 0,683.$$

Түзетуші коэффициент k_c 13.7 т. сәйкес $k_c = 1$ тең (өрттен қорғауы бар болат арқалық).

Сөйтіп, стандартты өрттің эквиваленттік ұзақтығы:

$$t_{e,d} = (q_{f,d} \cdot k_b \cdot w_f) \cdot k_c = 490,6 \times 0,055 \times 0,683 \times 1,0 = 18,4 \text{ мин құрайды.}$$

(13.6) шарты бойынша өрт қауіпсіздігінің шарттарын қамтамасыз ету үшін 30 минуттан кем емес өртке төзімділік шегін қамтамасыз ету керек.


14 СӘУЛЕЛЕНДІРУДІҢ БҰРЫШТЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ

14.1 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін анықтаудың жалпы ережелері

14.1.1 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті Φ мына формула бойынша анықталады:

$$d\Phi_{d1-d2} = \frac{\cos\theta_1 \cdot \cos\theta_2}{\pi \cdot S_{1-2}^2} \cdot dA_2. \quad (14.1)$$

Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті берілген қабылдайтын бетке жететін берілген сәулелендіруші беттен шығарытн жалпы жылу ағысының үлесін көрсетеді. Оның мәні сәулелендіретін беттің өлшеміне, сәулелендіруші және қабылдаушы беттердің арасындағы қашықтыққа, олардың бір-біріне деген бағдарына байланысты (14.1-сурет).



14.1-сурет – Екі беттің арасындағы сәулелік жылу алмасу

14.1.2 Егер сәулелендіруші беттің бір қалыпты температурасы мен қаралық дәрежесі болса, онда Φ анықтамасы жеңілдетіледі: ішінен 2π бөлінген алаңшаның ерекше шексіз кіші беті бар сәулелендіруші бет көрінуі мүмкін кеңістіктік бұрыш.

14.1.3 Элементтің дөңес бетінің шексіз кіші алаңшасына жылулық сәулелену тек қана өрттің жағдайымен және өлшемшімен (жағдайдың әсер етуі) анықталады.

14.1.4 Элементтің ойыс бетінің шексіз кіші алаңшасына жылулық сәулелену өрттің жағдайымен және өлшемшімен (жағдайдың әсер етуі), сонымен қатар элементтің басқа бөліктерінен сәулеленумен (көлеңкелеу әсері) анықталады.

14.1.5 Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентінің жоғарғы шектері Φ 14.1-кестеде берілген.

14.1-кесте – Сәулелендірудің бұрыштық коэффициенттерінің шектері Φ

Бағдары		Локалдық өрт	Толық дамыған өрт
Жағдайдың әсер етуі		$\Phi \leq 1$	$\Phi = 1$
Көлеңкелеудің әсері	Дөңес	$\Phi = 1$	$\Phi = 1$
	Ойыс	$\Phi \leq 1$	$\Phi \leq 1$

14.2 Көлеңкелеудің әсері

14.2.1 Көлеңкелеудің әсерінің шамаларын анықтауға арналған ережелер құрылыс материалдарына қатысты Еурокодтардың бөлімдерінде көрсетіледі.

14.3 Сыртқы конструкциялар

14.3.1 Сыртқы конструкциялардағы температураларды есептеу кезінде барлық беттердің тік бұрышты формаға ие екендігі шамаланады. Бұл өрт секциясының


кабырғаларындағы терезелерге және басқа ойықтарға, сонымен осы құралдың 9-бөліміне сәйкес жалынның эквиваленттік тік бұрыштарына қатысты.

14.3.2 Берілген жағдай үшін сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін есептеуде, қыздырылатын конструкцияның көлденең қиысуында біріншіден тік бұрыштардың проекциясы сызылады (14.2-сурет). Бұл көлеңкелеу әсерінің есебі үшін керек. Φ коэффициентінің шамасы әрбір тік бұрыштың бетінің орташа P нүктесі үшін анықталады.

14.3.3 Әрбір қыздыратын беттің сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті қыздыратын беттің P нүктесінен көрінетін беттерді (14.3 және 14.4-суреттер) сәулелендіруші аймақтардың (әдетте төртеуінің) әрқайсысынан алынатын үлестің сомасы сияқты анықталады. Бұл аймақтар көлбеу сызықтардың қыздыратын бетке перпендикуляр сызықтармен қиысу орындарында болатын X нүктесіне қатысты анықталады. P нүктеден (14.4-сурет) көрінбейтін аймақтардан алынатын үлестер ескерілмейді.

14.3.4 Егер X нүктесі сәулелендіретін беттен тыс жатса, онда сәулелендірудің тиімді бұрыштық коэффициенті X -тен сәулеленетін беттің алыстатылған шетіне дейін соғылған екі тік бұрыштардың үлесін сомалаумен, және X -тен сәулеленетін беттің жақын жатқан шетіне дейін соғылған екі тік бұрыштардың үлесін есептеумен анықталынады.

14.3.5 Әрбір аймақтың үлесі төмендегідей анықталады:



14.2-сурет – Қабылдайтын беттердің проекциялары

а) қабылдаушы және сәулелендіретін беттер параллель:

$$\Phi = \frac{1}{2\pi} \cdot \left[\frac{a}{\sqrt{1+a^2}} \cdot \tan^{-1} \left(\frac{b}{\sqrt{1+a^2}} \right) + \frac{b}{\sqrt{1+b^2}} \cdot \tan^{-1} \left(\frac{a}{\sqrt{1+b^2}} \right) \right], \quad (14.2)$$

мұнда $a = h/s$;

$b = w/s$;

s – P нүктесінен X нүктесіне дейінгі қашықтық;

h – беттерді сәулелендіру аймақтарының биіктігі;


w – беттерді сәулелендіру аймақтарының ені.

б) қабылдаушы және сәулелендіретін беттер перпендикуляр:

$$\Phi = \frac{1}{2\pi} \cdot \left[\tan^{-1}(\dot{a}) - \frac{1}{\sqrt{1+b^2}} \cdot \tan^{-1}\left(\frac{a}{\sqrt{1+b^2}}\right) \right]; \quad (14.3)$$


в) қабылдаушы және сәулелендіретін беттер θ бұрышының астында орналасқан:

$$\begin{aligned} \Phi = \frac{1}{2\pi} \cdot \left[\tan^{-1}(\dot{a}) \cdot \frac{(1-b \cdot \cos\theta)}{\sqrt{1+b^2-2 \cdot b \cdot \cos\theta}} \cdot \tan^{-1}\left(\frac{\dot{a}}{\sqrt{1+b^2-2 \cdot b \cdot \cos\theta}}\right) + \right. \\ \left. + \frac{\dot{a} \cdot \cos\theta}{\sqrt{\dot{a}^2 + \sin^2\theta}} \cdot \left[\tan^{-1}\left(\frac{(b - \cos\theta)}{\sqrt{\dot{a}^2 + \sin^2\theta}}\right) + \tan^{-1}\left(\frac{\cos\theta}{\sqrt{\dot{a}^2 + \sin^2\theta}}\right) \right] \right]. \end{aligned} \quad (14.4)$$




a – сәулелендіретін бет; b – қабылдайтын бет

14.3-сурет – Қабылдайтын және сәулелендіретін беттер параллель



a – сәулелендіретін бет; b – қабылдайтын бет

14.4-сурет – Қабылдайтын және сәулелендіретін беттер перпендикуляр



1 – сәулелендіретін бет; 2 – қабылдайтын бет

14.5-сурет – Қабылдайтын және сәулелендіретін беттер θ бұрышында орналасқан

ЕСКЕРТПЕ Өрт қауіпсіздігінің тапсырмаларын орындау кезінде аумақтағы бөлек объектілердің арасында өрттің таралу мүмкіндігін бағалау жылу ағысының әрекеттегі мәндерінің сараптамасының және оларды сәулелендіретін беттің материалының жылу ағысының қауіпті тығыздығының сипаттамалық мәндерімен салыстыру негізінде жүзеге асады. Заттар мен материалдардың жылу ағысының қауіпті тығыздығының сипаттамалық мәндерін анықтамалық деректер немесе сынақтардың нәтижелері бойынша анықтауға жол беріледі. Кейбір заттар мен материалдардың жылу ағысының қауіпті тығыздығының сипаттамалық мәндері осы құралдың анықтамалық В қосымшасында берілген.

Есептеудің 1-кешендік мысалы

Тұрғын ғимараттың көп қызметтік мақсаттағы ғимараттағы есептік өрттен өртену мүмкіндіктерін анықтау

1. Ғимараттың сипаттамасы

Төрт қабаттық көп функционалды ғимарат, тас конструкцияларынан жасалған. Бірінші және екінші қабатта кафе, үстінде кофе залы орналасқан ішкі баспалдақпен байланысқан түстену залы орналасқан. Бірінші деңгейде жүк тиейтін және өндірістік үй-жайлар, екінші қабатта қызметкерлердің қызметтік үй-жайлары орналасқан. Түстену залы 20 орынға, ал кофе залы 26 орынға есептелінген. Үшінші қабатта диагностикалық орталығы орналастыру қарастырылған. Төртінші қабатта кеңселік үй-жайлар орналасқан.

Тұрғын ғимарат та төрт қабатты, тас конструкцияларынан жасалған. Ғимараттың шет жағында кеңселік үй-жайлар мен дүкендер орналасқан.

2.1 Салыстырмалық өрт жүктемесін анықтау

Есептік салыстырмалық өрт жүктемесі $q_{f,d}$, МДм·м⁻² мына формула бойынша анықталады:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n,$$

мұнда m – көбіне целлюлозадан тұратын, материалдарға арналған жанудың толықтығының коэффициенті, $m = 0,8$ белгіленеді;

δ_{q1} – үй-жайдың (өрт секциясының) өлшемдеріне байланысты өрттің пайда болу қаупін есептейтін коэффициент, 1,5 тең етіп қабылданады (құралдың 12.1-кестесі);

δ_{q2} – ғимараттың мақсатына байланысты өрттің пайда болу қаупін есептейтін коэффициент, 1,5 тең етіп қабылданады (құралдың 12.1-кестесі);

$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni}$ – өртті сөндіру үшін i арнайы шешімдердің (шаралардың) болуын ескеретін коэффициент;

$q_{f,k}$ – еден ауданына келтірілген сипаттамалық салыстырмалы өрт жүктемесі, 420 МДж·м⁻² тең етіп қабылданады (құралдың 12.4-кестесі).

Өрт сөндіру үшін i арнайы шешімдердің (шаралардың) болуын ескеретін коэффициент құралдың мына формуласымен (12.1-кесте) анықталады:

$$\delta_n = \prod_{i=1}^{10} \delta_{ni} = \delta_1 \cdot \delta_2 \cdot \delta_3 \cdot \delta_4 \cdot \delta_5 \cdot \delta_6 \cdot \delta_7 \cdot \delta_8 \cdot \delta_9 \cdot \delta_{10} = 1 \times 1 \times 1 \times 0,73 \times 1 \times 1 \times 0,78 \times 1 \times 1,5 \times 1,5 = 1,28.$$

Сөйтіп, салыстырмалық өрт жүктемесі:

$$q_{f,d} = q_{f,k} \cdot m \cdot \delta_{q1} \cdot \delta_{q2} \cdot \delta_n = 420 \times 0,8 \times 1,5 \times 1 \times 1,28 = 645,7 \text{ МДж} \cdot \text{м}^{-2}.$$

құрайды.

2.2 Жалынның параметрлерін есептеу

Өрт пен жалынның параметрлерін есептеу осы құралдың 9-бөліміне сәйкес орындалған және:

- ойықтардан шығатын жалынның өлшемдері мен температурасын;
- сәулелену параметрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

2.2.1 Есептеудің жалпы ережелері

Қарастырылып отырған өрт секциясында ойықтың саны бірден асатындығына байланысты, есептеуде ары қарай аудан бойынша келтірілген ойықтардың биіктігі h_{eq} , тік ойықтардың A_v суммарлық ауданы және барлық қабырғалардағы ойықтардың суммарлық ені ($w_i = \sum w_i$) пайдалынады.

Талап етілетін өртке төзімділікке (REI) сәйкес келмейтін сыртқы қабырғаның бөліктері жоқ, сондықтан сол арқылы жалын сыртқа шығатын ойық ретінде терезелер мен есіктер қарастырылады.

Сыртқы қабырғадағы ойықтардың суммарлық ауданы ойықтардың жалпы ауданына тең етіп қабылданған, себебі, олардың сомасы өрт секциясының сыртқы қабырғаларының ауданынан 50 % кіші.

Қарастырылатын үй-жайлардың қарама-қарсы жағында өртке ауаның қосымша ену мүмкіндігі болғандықтан есептеу мәжбүрлі желдетудің есебімен орындалады.

Есептеуде жалынның ойықтардан шығуының екі ықтимал жағдайы қарастырылады:

1. Жалынның ғимарат қасбетіне перпендикуляр шығу кезі (желдің жалынның геометриялық параметрлеріне әсер етуінің есебісіз);
2. Желдің әсер етуінің салдарынан жалынның ғимарат қасбетіне 45° ауытқумен шығуы кезі.

2.2.2 Мәжбүрлі желдетудің есебімен өрттің және жалынның есептік параметрлерін анықтау

Өрттің жылу ағысының қуаттылығы мына формула бойынша анықталады:

$$Q = \frac{A_f \cdot q_{f,d}}{\tau_F} = \frac{36,7 \times 645,7}{1200} = 19,75 \text{ кВт},$$

мұнда A_f – өрт секциясының еденінің ауданы, м^2 ;

$q_{f,d}$ – еденнің ауданына жатқызылған есептік салыстырмалық өрт жүктемесі, A_f , МДж· м^{-2} ;

τ_F – өрттің еркін дамуының ұзақтығы, 1200 с етіп қабылданады.

Барлық қабырғалардағы тік ойықтардың суммарлық ауданы төмендегіге тең:

$$A_v = \sum A_{v,i} = A_{\text{ок}} \cdot N_{\text{ок}} + A_{\text{дв}} \cdot N_{\text{дв}} = 1,844 \times 3 + 1,911 \times 3 = 11,265 \text{ м}^2,$$

мұнда $A_{v,i}$ – i ойықтың ауданы, м^2 ;

$N_{v,i}$ – ойықтың саны, дана.

Аудан бойынша келтірілген барлық қабырғалардағы ойықтардың биіктігі мына формула бойынша анықталады:

$$h_{eq} = \sum (A_{v,i} \cdot h_i) / A_v = (A_{\text{ок}} \cdot h_{\text{ок}} \cdot N_{\text{ок}} + A_{\text{дв}} \cdot h_{\text{дв}} \cdot N_{\text{дв}}) / A_v = (1,844 \times 1,74 \times 3 + 1,911 \times 2,1 \times 3) / 11,265 = 1,923 \text{ м},$$

мұнда h_i – i ойықтың биіктігі, м.

Желдің $u = 6 \text{ м} \cdot \text{с}^{-1}$, биіктігін қабылдай отырып, жалынның биіктігі (9.4-сурет) мына формула бойынша анықталады:

$$L_L \approx 0,628 \cdot Q / A_v^{1/2} - h_{eq} = 0,628 \times 19,75 / 11,265^{1/2} - 1,923 = 1,772 \text{ м.}$$

Жалынның тік проекциясы аудан бойынша келтірілген ойықтардың биіктігінің есебімен анықталады:

$$h_{пл} = h_{eq} + L_L = 1,923 + 1,772 = 3,695 \text{ м.}$$

Жалынның көлбеу проекциясы мына формула бойынша анықталады:

$$L_H = 1,33 \cdot (L_L + h_{eq}) / h_{eq}^{0,22} = 1,33 \times (1,772 + 1,923) / 1,923^{0,22} = 4,256 \text{ м.}$$

Жалынның ені мына формула бойынша анықталады:

$$w_f = w_t + 0,4 \cdot L_H = 4,09 + 0,4 \times 4,256 = 5,792 \text{ м,}$$

мұнда w_t – төмендегідей анықталатын барлық қабырғалардағы ойықтардың суммарлық ені:

$$w_t = \sum w_i = w_{ок} \cdot N_{ок} + w_{дв} \cdot N_{дв} = 1,06 \times 3 + 0,91 \times 1 = 4,09 \text{ м.}$$

Ось бойындағы жалынның ұзындығы мына формула бойынша анықталады:

$$L_f = (L_L^2 + L_H^2)^{1/2} = (1,772^2 + 4,256^2)^{1/2} = 4,610 \text{ м.}$$

Терезедегі жалынның температурасы мына формула бойынша анықталады:

$$T_w = 520 / (1 - 0,3325 L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q) + T_0 = 520 / (1 - 0,3325 \times 4,610 \times (11,265)^{1/2} / 19,75) + 308 = 1011 \text{ К.}$$

Төмендегі теңдеудің орындалуына тексеру жүргізіледі:

$$\begin{aligned} L_f \cdot (A_v)^{1/2} / Q &< 1; \\ 4,610 \times (11,265)^{1/2} / 19,75 &< 1; \\ 0,783 &< 1. \end{aligned}$$

Теңдеу орындалып жатқандықтан, ары қарай есептеу үшін терезедегі жалынның 1011 К тең температурасы қабылданады.

Ось бойындағы жалынның температурасы мына формула бойынша анықталады:

$$T_z = \left(1 - 0,3325 \cdot \frac{L_x \cdot \sqrt{A_v}}{Q} \right) \cdot (T_w - T_0) + T_0 = \left(1 - 0,3325 \times \frac{4,61 \times \sqrt{11,265}}{19,75} \right) \times (1011 - 308) + 308 = 828 \text{ Ê,}$$

мұнда L_x – терезеден есеп жүргізіліп отырған нүктеге дейінгі осьтік қашықтық (көрсетілген қашықтық ретінде L_f шамасы қабылданады, себебі жалын бетіндегі температураны анықтау керек), м.


2.3 Тұрғын ғимаратты көп қызметтік ғимараттың есептік өртінен сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін есептеу

2.3.1 Есептеудің жалпы ережелері


Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін есептеу кезінде барлық беттердің тік бұрышты формаға ие екендігі шамаланады. Көрсетілген жағдай өрт секциясының қабырғаларындағы терезелерге және басқа ойықтарға, сонымен қатар жалынның эквиваленттік тік бұрыштарына қатысты.

Имараттың қыздырылатын әрбір бетін сәулелендірудің бұрыштық коэффициенті қыздырылатын бетте P нүктесінен көрінетін бетті сәулелендіруші аймақтың әрқайсысынан алынатын үлестің сомасы сияқты анықталады. Бұл аймақтар көлбеу сызықтардың қыздыратын бетке перпендикуляр сызықтармен қиысу орындарында болатын X нүктесіне қатысты анықталады. Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін анықтау кезінде P нүктесінен көрінбейтін аймақтардан алынатын үлестер ескерілмейді.

Жалын мен шектес объектідегі дара алаңша арасындағы бұрыштық коэффициентті анықтау үшін келтірілген жалын ауданын төрт тік бұрышқа бөледі және әрбір тік бұрыш пен дара алаңша арасындағы сәулемен жылу алмастыру қарастырылады.



14.6-сурет – Ғимарат қасбетіндегі жалынның тік проекциясы



14.7-сурет – Ғимарат қасбетіндегі жалынның тік проекциясы



14.8-сурет – Ғимарат қасбетіндегі жалынның көлбеу проекциясы


2.3.2 Тұрғын ғимаратты көп қызметтік ғимараттың есептік өртінен сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін желдік әсер етудің есебісіз есептеу

2.3.2.1 Терезелік ойықты есептік өрттің жалынынан сәулелендірудің есептік коэффициентін есептеу

X нүктесі сәулеленетін беттен тыс жатқандықтан жалыннан болатын сәулелендірудің тиімді бұрыштық коэффициенті X -тен P -ге дейін соғылған төрт тік бұрыштардың үлестерін сомалаумен анықталынады (14.9-сурет).

Жалыннан терезелік ойық – 1-2-Х-4 (1) тік бұрышы

Жалынның 1-2-Х-4 тік бұрышынан терезелік ойықты сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін анықтаудың схемасы 14.29-суретте берілген.



14.9-сурет – Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентін анықтаудың схемасы

Сәулелендірудің бұрыштық коэффициентінің үлесі мына формула бойынша анықталады:

